KEGOC

KAZAKHSTAN
ELECTRICITY GRID
OPERATING COMPANY

KEGOC

БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ

2022

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2022

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының сөзі **003**
Басқарма төрағасының сөзі **004**
Даму тарихы – 25 жыл **006**
«KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы басты оқиғалары **009**

1 **Салаға шолу** **011**
Сала құрылымы 012
Электр энергиясының теңгерімі 014

2 **Компания туралы** **017**
Миссия және құндылықтар 018
Серіктестік 018
Бизнес-модель 019
Қуат 020
Компания құрылымы 020
Қызмет географиясы 021
Даму стратегиясы 022

3 **ҰЭТ-тың сенімділігі және оны дамыту** **023**
Өндірістік қызмет 024
Тұтынушылармен жұмыс 026
Инвестициялық қызмет 026
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар 028
Тораптың сенімділігі 028

4 **Тұрақты даму** **031**
Қоршаған орта 032
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат 033
Атмосфералық ауаға әсері 033
Қалдықтарды басқару 035
Су объектілеріне әсері 035
Биоалуанүрлілікке әсері 035
Энергия тиімділігі 036
Кадр саясаты 038
Персонал құрылымы 039
Қызметкерлерді жалдау саласындағы саясат 042
Ынталандыру жүйесі 042
Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау 043
Персоналды дамыту 044
Персоналды бағалау 044
Ұжымдық шарт және кәсіподақ қызметі 045
Еңбекті қорғау 046

5 **Корпоративтік басқару** **049**
Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп 053
Атқарушы орган 064
Менеджментті бағалау және сыйақы 068
Мүдделер қайшылығы 069
Корпоративтік этика 069
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 070
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі 071
Ішкі аудит қызметі 072

6 **Қаржылық тұрақтылық** **074**
Тарифтік саясат 075
Сатып алу тәжірибесі 075
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы 077

Қосымшалар **081**
1-қосымша. Есеп туралы 081
2-қосымша. Индикаторлар 086
3-қосымша. GRI мазмұн көрсеткіші 092
4-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептеме 096
5-қосымша. Қызметтің қаржылық нәтижесіне басшылықтың түсіндірмесі 136
6-қосымша. 2022 күнтізбелік жылғы парниктік газдардың шығарындыларын түгендеу жөніндегі есебін верификациялау бойынша куәландыру туралы қорытынды 155

Глоссарий **157**

Байланыс деректері **158**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

Құрметті акционерлер!

Компанияның мерейтойы атап өтілген 2022 жылы барлық белгіленген жоспарлар іске асырылды. Оларға өндірістік міндеттердің орындалуы, инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімінің сақталуы, қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мәселелері, қоршаған ортаға қамқорлық, сонымен қатар «KEGOC» АҚ персоналының әл-ауқатын арттыру жөніндегі іс-шаралар кіреді.

Өткен жылы қаржылық сипаттағы, ұйымдық құрылымды оңтайландыру, корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі нормативтік құжаттарды бекіту мәселелері – яғни ұжымды ынталандыруға және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған міндеттердің кең спектрі Директорлар кеңесінің басты назарында болды.

Компания Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр энергиясы мен қуатының 2035 жылға дейінгі болжамды теңгерімі негізінде Ұлттық электр торабын дамытудың болжамды моделін әзірлеуде. Ауқымды жаңғырту Smart Grid технологияларын енгізе отырып, жаңа қуатты, соның ішінде жаңартылатын, жасыл генерацияны енгізу процестерін синхрондауды қамтамасыз етеді. Ұлттық электр торабын дамыту және генерациялайтын қуаттарды салу бойынша шаралар кешені алдағы жылдарда электр энергиясы мен қуатының тапшылығы проблемаларын шешуге және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«KEGOC» АҚ қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша көршілес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара серіктестік қатынастарды тиімді құра отырып, халықаралық ынтымақтастыққа қатысады – бұл сонымен қатар Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін маңызды болып табылады.

Күн тәртібінде тұрақты даму мәселелері тұр. Компания энергетикалық ауысуға және ЖЭТ-тің энергетикалық жүйеге бірігуіне, ESG қағидаттарын іске асыруға, цифрлы технологияларды бұдан әрі ендіруге және т.б. байланысты мәселелерді қамтитын 2022-2031 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын қабылдады.

Қауіпсіз өндіріс мәдениетін дамытудағы үлкен қадам бұл 2022 жылғы күз айында, KEGOC қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі бірінші форумында жасалды. Компания Vision Zero - нөлдік жарақаттанудың халықаралық форумына қосылды, ал «KEGOC» АҚ өндірістік филиалдарының басшылары Health & Safety саласындағы жеке міндеттемелеріне қол қойды. Соған сай компанияның кез келген қызметкері қауіпсіз емес еңбек жағдайын анықтаған жағдайда жұмыстың орындалуын тоқтата тұруға құқығы бар.

«KEGOC» АҚ серіктестері мен өз персоналы алдында ғана емес, сонымен қатар акционерлер алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді. Компания өз дивидендтік саясатын ұстанып, акционерлерге 30,2 млрд теңгеден астам жалпы сомасына, соның ішінде 2021 жыл қорытындысы бойынша 13,2 млрд теңге және 2022 жылғы бірінші жарты жылдық қорытындысы бойынша 17,0 млрд теңге сомасына екі рет дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. IPO-ға шыққан сәтінен бастап Компания шамамен 205 млрд теңге жалпы сомасына дивиденд төледі.

IPO-ға шыққан сәтінен бастап Компания шамамен 205 млрд теңге жалпы сомасына дивиденд төледі

205 млрд теңге

Нәтижесінде «KEGOC» АҚ-ның инвестициялық тартымдылығы жылдан жылға арта түсуде. Бұл туралы халықаралық агенттіктер берген рейтингтер бойынша пайымдауға болады – нақты 2022 жылдың соңғы күндері Moody's агенттігі «KEGOC» АҚ-ның рейтингін «Тұрақты» болжаммен «Baa2» деңгейінде растады.

Жағдайды пайдалана отырып, жеке өз атымнан және Директорлар кеңесінің мүшелері атынан барлығыңызға «KEGOC» АҚ-мен ынтымақтаса жұмыс істегендеріңіз үшін алғыс білдіргім келеді.

ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ, ҮЛКЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МОЛ ТӘЖІРИБЕ, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БАСҚАРУ ӘДІСІН МЕҢГЕРУ ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ КОМПАНИЯ ҰЖЫМЫНА БАРЛЫҚ БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАРҒА ТАБЫСТЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ДЕП СЕНЕМІН.

БЕРДІҒҰЛОВ ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

2-22

2022 жылы компанияның таза пайдасы 26,7 млрд теңгені құрады

26,7 млрд теңгені

Құрметті әріптестер, акционерлер, серіктестер, инвесторлар мен стейкхолдерлер!

2022 жыл «KEGOC» АҚ үшін мерейтой жылы болды – бізге 25 жыл толды. Бұл жылдар ішінде біз Ұлттық электр торабын жаңғырту, жаңа электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу жобаларын табысты іске асыру және тұрақты жұмыс істеу үшін қуатты іргетас құрдық. Біздің 25 жыл бойы бірлескен күш-жігеріміздің арқасында «KEGOC» АҚ қазіргі уақытта тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін озық стандарттарға сай келетін, ең заманауи энергетикалық жабдықты пайдаланатын тиімді компания болып табылады.

«KEGOC» АҚ өзінің экономикаға, экология мен қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді және ұзақмерзімді құнын өсіруге талпына отырып, БҰҰ ТДМ мен ESG қағидаттарын ұстанумен ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. 2021 жылғы желтоқсан айында Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ-ның жаңартылған 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. Даму стратегиясы Компанияны ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға бағытталған, энергетикалық ауысуға және ЖЭК-тің энергетикалық жүйеге бірігуіне байланысты ғаламдық трендтердің әсерін, Қазақстандағы орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындауы бойынша мәселелерді шешу қажеттілігін есепке алады. Бұл стратегиялық құжат сонымен қатар қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мен цифрлы технологияларды, ҒЗТКЖ ендіру қажеттілігін, ESG қағидаттарын ұстануды есепке алады, экономиканы карбонсыздандыруға және еліміздегі экономикалық қарқынды қамтамасыз етуге байланысты процестерді қамтиды.

Сонымен 2022 жылы еліміз үшін әлеуметтік маңызы бар желілік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру жалғастырылды. Біз «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау. Электр желілік объектілерді салу» жобасын аяқтадық, бұл жоба аясында 220 кВ «Орталық» қосалқы станциясы пайдалануға берілді. Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жайкүй бойынша «KEGOC» АҚ балансында кернеуі 35-1150 кВ, трансформаторларының белгіленген қуаты 38 992,9 МВА болатын 82 қосалқы электр станциясы бар.

Ақтөбе, Батыс және Сарыбай жүйеаралық тораптары филиалдарында 220-500 кВ әуелік электр жеткізу желілерін (ӘЖ) реконструкциялау жалғасты. Іске асырылатын жобалар қатарында 2023 жылы аяқталатын «Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Батыс аймағының электр торабын күшейту. Электр желілік объектілерді салу» жобасы тұр.

Компанияның барлық жобалары бюджеттік қаржыландырусыз өз жеке және қарыз қаражаты есебінен іске асырылуда. 2022 жылы қосымша қаржыландыру көзі ретінде «KEGOC» АҚ алғаш рет «жасыл» облигациялар шығарды. Бүкіл әлемдегі инвесторлар ESG бұл инвестициялық шешімдерді қабылдаған кездегі маңызды фактор болып табылады деп есептейді және бұл Қазақстанда ESG жобаларын дамытуға бағытталған экономиканың нақты секторының отандық эмитенттері санын арттыру үшін себеп болады деп күтеміз.

Шетелдік инвесторлардың мүдделілігі Компанияның қаржы институттары алдындағы міндеттерін уақтылы орындауымен нығаяды. Мысалы, есептік жылы «KEGOC» АҚ Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінен алған 46,3 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын 13 жылға ерте мерзімінен бұрын толығымен өтеді.

Көршілес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастық табысты жүзеге асты. Энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаңартылатын энергия саласындағы ынтымақтастық, сонымен қатар елдерді өнеркәсіптік кооперациялау мәселелері 2022 жылғы шілде айында Астана қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр Энергетикалық Кеңесінің 60-отырысында талқыланды.

Қызметкерлердің жоғары біліктілігі мен тәжірибесі – біздің Компанияның бұдан

МОЛДАБАЕВ ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

әрі табысты дамуының, күрделі техникалық және технологиялық міндеттерді шешудің кепілі болып табылады. Дәл сол себепті де 2022 жылы қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясатқа басты назар аударылды. Есептік кезеңде персоналдың қызметақылары мен тарифтік мөлшерлемелері көтерілді, тоқсандық сыйақы мөлшері көбейтілді, соның нәтижесінде жылдық жиынтық кіріс жұмысшы персоналда 28%-48%-ға, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен мамандарда 15%-36%-ға және орта буын басшыларында 10%-15%-ға өсті.

2022 жылы Тұрғын үйді жеңілдікті несиемен алу бағдарламасы іске қосылды, бұл бағдарламаның мақсаты банктік қарызды жеңілдікті пайыздық мөлшерлеме бойынша беру арқылы біліктілігі жоғары кадрларды жұмыста қалдыру және тарту болып табылады.

Іске асырылған және жоспарланған іс-шаралар қызметкерлерді ынталандыруға қосымша импульс беріп, олардың әл-ауқатын арттыруға, сонымен қатар Компаниядағы корпоративтік мәдениет пен әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап тұруға мүмкіндік береді деп сенемін.

2022 жылы компанияның таза пайдасы 26,7 млрд теңгені құрады. Электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға артып, 58,6 млрд кВт·сағ құрады. Қызмет көлемі техникалық диспетчерлендіру бойынша 104,3 млрд кВт·сағ және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша 203,1 млрд кВт·сағ құрады.

2022 жылдың соңында Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде энергияны тұтынудың айтарлықтай артқанына назар аударғым келеді. 2022 жылғы 7 желтоқсанда қазақстандық энергия жүйесі тарихында алғаш рет 16 459 МВт көлемінде тарихи максимум тіркелді, бұл ретте еліміздің электр станцияларының жиынтық генерациясы тек 15 203 МВт құраған болатын. Осындай жоғары жүктемелер кезінде «KEGOC» АҚ пайдаланатын Қазақстанның Ұлттық электр торабы штаттық режимде сенімді жұмыс істеді.

Компанияның акциялары 2022 жылы геосаяси шиеленіске және оның әлемдік қор нарығына тигізген әсеріне қарамастан, Қазақстан қор биржасында өз тұрақтылығын сақтады.

ЖАЛПЫ «KEGOC» АҚ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРҒА ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ БАҒЫТ АЛЫП КЕЛЕДІ. КОМАНДАНЫҢ БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ АРҚАСЫНДА БІЗ БОЛАШАҚҚА СЕНІМДІ ТҮРДЕ ҚАРАП, КҮРДЕЛІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ ДАЙЫН БОЛАТЫНЫМЫЗҒА ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛЫ «KEGOC» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЛАСЫНДА ӨЗІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМЫН РАСТАЙТЫНЫНА СЕНІМДІМІН.

ДАМУ ТАРИХЫ – 25 ЖЫЛ

1997...2022

1997 »

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы құрылды.

1998 »

ТМД қатысушы мемлекеттерінің энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету туралы шартқа қол қойылды.

1999 »

«ҰЭТ-ты жаңғырту, I кезең» жобасын қаржыландыру үшін ХҚДБ мен ЕҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

2000 »

Алғаш рет Ресей – Қазақстан – Орталық Азия қатарлас жұмысының электр схемасы құрылды.

2002 »

500 кВ Ж-1103 «Қостанай-Челябинская» ӘЖ жұмысқа қосылды.

2003 »

1150 кВ Ж-1104 «Екібастұз-Алтай» ӘЖ жұмысқа қосылды.

2004 »

«KEGOC» АҚ дәрежесін, құқықтары мен міндеттерін белгілейтін «Электр энергетикасы туралы» Заң қабылданды.

2005 »

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасы аясында ХҚДБ, ЕҚДБ мен ҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасы аясында ЕҚДБ мен ҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

Орталық кеңсе республикамыздың елордасы Астана қаласына көшірілді.

Компанияға Қазақстанның Біртұтас энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы функциясы жүктелді.

25 жыл KEGOC

ДАМУ ТАРИХЫ – 25 ЖЫЛ

1997...2022

2006 »

500 кВ «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өніраралық электр жеткізу желісінің құрылысы басталды. Жоба «Батыс транзит» АҚ мемлекеттік-жеке серіктестік қағидаттары негізінде іске асырылды, концессионердің акциялары пакетінің 20%-ын «KEGOC» АҚ иеленеді.

ҰДО филиалын еліміздің елордасы Астана қаласына көшіру аяқталды. Жаңа диспетчерлік бақылау қалқаны шетелдік қонақтарға, ТМД Электр энергетикалық кеңесі отырысының қатысушыларына таныстырылды.

ҰЭТ-ты жаңғырту жобасының іске асырылуына сәйкес SCADA/EMS жүйесі пайдалануға берілді.

«ҰЭТ-ты жаңғырту, I кезең» жобасы аясында аналогтық байланыс жүйелерінен цифрлы байланыс жүйелеріне (АТС, РРЖ, ЖЖ байланыс) ауысу жүзеге асырылды.

2007 »

«ҰЭТ-ты жаңғырту, I кезең» жобасының негізгі компоненттері аяқталды.

.2008 »

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы имитациялық режимде жұмыс істей бастады.

«ҰЭТ-ты жаңғырту, II кезең» жобасын қаржыландыру үшін ЕҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

500 кВ «ОҚМАЭС – Шу» ӘЖ пайдалануға берілді.

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының 1-кезеңі сәтті аяқталды.

Өлке қосалқы станциясында 500 кВ «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» ӘЖ кернеуге қосылды.

2009 »

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасы шеңберінде алғаш рет ТОБЖ ендірілді.

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының үшінші кезеңі 500 кВ «Ағадыр-ОҚМАЭС» ӘЖ пайдалануға беру сәтті жүзеге асырылды.

«Мойнақ ГЭС қуатын беру» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

«ҰЭТ-ты жаңғырту» жобасы шеңберінде релелік қорғау мен қосалқы станцияларды автоматтандырудың соңғы компоненті аяқталды.

.2010 »

«Кернеуі 500, 220кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-іне жалғанатын 500/220 кВ Алма ҚС-ны салу» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

«ҰЭТ-ты жаңғырту, I кезең» жобасы аясында қойылған РҚА (Релелік қорғау және автоматика) және МжәнеБЖ (Мониторингтеу және басқару жүйесі) жаңа микропроцессорлық жабдығын іске қосу аяқталды. «KEGOC» АҚ-ның 67 қосалқы станциясында РҚА және МжәнеБЖ жабдықтары жаңғыртылды.

2011 »

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні реконструкциялау» жобасы аясында ЕҚДБ-мен кредиттік келісімге қол қойылды.

500 кВ ОБТҚ қосалқы станциясында жаңа автотрансформаторды орнату бойынша жұмыс аяқталды: Астана қаласының қуат резерві 25%-ға – 500 МВА дейін артты.

.2012 »

Мемлекет басшысы KEGOC компаниясы бастама көтерген нарық қуатын құруды көздейтін Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Ж-2383 МГЭС-Робот жұмысқа қосылды.

500 кВ Алма ҚС жұмысқа қосылды.

500 кВ Ж-5353 «Алматы-Алма» ӘЖ жұмысқа қосылды.

25 жыл KEGOC

ДАМУ ТАРИХЫ – 25 ЖЫЛ

1997...2022

2013 »

500 кВ «ОҚМАЭС-Алма» ӘЖ құрылысы мерзімінен бұрын аяқталды.

«Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ-сін салу» ірі ауқымды жобасы іске асырыла бастады.

«Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары алғаш рет KASE-де орналастырылды. «KEGOC» АҚ орналастырылған жай акцияларының саны – 25 999 999 дана.

.2014 »

«Кернеуі 500, 220кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-іне жалғанатын 500 кВ Алма ҚС-ны салу» жобасы аяқталды.

2016 »

500 кВ «Семей» ҚС жұмысқа қосылды.

500 кВ Ж-5384 «Өскемен – Семей» ӘЖ жұмысқа қосылды.

500кВ Ж-5370 «Екібастұз – Семей» ӘЖ жұмысқа қосылды.

«500 кВ Екібастұз - Шүлбі ГЭС (Семей) - Өскемен ӘЖ-ні салу» жобасы бойынша объектілер пайдалануға берілді.

.2017 »

ЕҚДБ-дан «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыру үшін 151,9 млн АҚШ доллары мөлшерінде тартылған қарыз мерзімінен бұрын өтелді.

ЕҚДБ-дан «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» инвестициялық жобасын іске асыру үшін 2008 жылы тартылған қарыз бойынша 23,8 млн еуро мөлшерінде 2018 жылғы екі жарты жылдық төлем мерзімінен бұрын өтелді.

2018 »

Жоғары вольттік 500 кВ «Шүлбі ГЭС (Семей) - Ақтоғай - Талдықорған - Алма» ӘЖ-лері Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген жалпы ұлттық телекөпір барысында іске қосылды.

.2019 »

«Павлодар энергия торабының Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен байланысын күшейту» жобасын іске асыру аяқталды.

«ҰЭТ-ты жаңғырту, II кезең» жобасы шеңберінде Түлкібас-тартым ҚС мен Бурное-тартым ҚС арасында 220 кВ ӘЖ-ні салу аяқталды.

2021 »

Еншілес ұйым - «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС «KEGOC» АҚ-ға тиесілі 100% қатысу үлесін мемлекеттің меншігіне өтеусіз беру жолымен иеліктен шығарылды.

.2022 »

Түркістан қаласы маңында 220 кВ «Орталық» қосалқы станциясы салынып, пайдалануға берілді.

Алғашқы «жасыл» облигациялар шығарылды және KASE-де орналастырылды.

«KEGOC» АҚ-НЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

01 қаңтар

«KEGOC» АҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ны реформалау мәселелері бойынша берген тапсырмаларын орындау мақсатындағы іс-шаралар жоспарын» тәжірибеде іске асыруға кірісті.

02 1 ақпан

KEGOC» АҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ны реформалау мәселелері бойынша берген тапсырмаларын орындау мақсатындағы іс-шаралар жоспарын» тәжірибеде іске асыру аясында 1 ақпаннан бастап персоналдың қызметақылары мен тарифтік мөлшерлемелері көтерілді. Сонымен қатар тоқсандық сыйақы мөлшері де артты, осының арқасында 2022 жылы жиынтық жылдық кіріс жұмысшы персонал үшін 28%-48%-ға, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен мамандар үшін 15%-36%-ға және орта буынды басшылар үшін 10%-15%-ға артты.

03 15 наурыз

«KEGOC» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) өткізген жылсайынғы конкурстың жүлдегері атанды, өзі және қызметі туралы ақпаратты ашу бөлігінде бағалы қағаздар нарығында жақсы іскери мінез-құлық үлгісін көрсеткен Компания ретінде марапаттау дипломын алды. Сонымен қатар Компанияның Жылдық есебі 94 қазақстандық және шетелдік компаниялар есебі арасында PwC Kazakhstan жасаған Ақпаратты ашу рейтингінде 4-орын алып, «ESG-ақпаратты ашудың үздік тәжірибесі» дипломымен марапатталды.

04 27 сәуір

«KEGOC» АҚ-да жария тыңдалым өткізілді, онда бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және 2021 жыл қорытындысы бойынша тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізілуі туралы есеп берілді.

05 26 мамыр

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда KEGOC-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді, соған сәйкес Компанияның шоғырландырылған таза кірісі 52,6 млрд теңгені құрады.

2021 жылғы екінші жарты жылдық үшін 13,2 млрд теңге мөлшеріндегі соманы дивиденд төлеуге жұмсау туралы шешім қабылданды, бұл бір жай акцияға есептегенде 50,85 (елу) теңге 85 тиынды құрайды.

06 7 маусым

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесі «KEGOC» АҚ қызметі туралы ақпаратты тыңдады. Кездесуге қатысушылар өткен жылғы нәтижелермен, стратегиялық көрсеткіштердің орындалуымен, инвестициялық жобалардың іске асырылуымен танысты. Қоғамдық кеңестің мүшелеріне сонымен қатар «Энерготехкәсіподақ» салалық кәсіби одағының қызметі, комплаенс функциялары мен басқа да бағыттар туралы ақпарат берілді.

07 17 маусым

«KEGOC» АҚ аралас (онлайн-офлайн) форматта Эмитент күнін өткізді, оның барысында инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен БАҚ өкілдері компания қызметінің нәтижелерімен, стратегиялық көрсеткіштердің орындалуымен, 2021 жылғы инвестициялық жобалардың іске асырылуымен танысты.

08 20 маусым

«KEGOC» АҚ 2021 жылдың қорытындысы бойынша 13,2 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

09 11 шілде

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) KEGOC акционерлік қоғамының құрылғанына 25 жыл толды.

10 18 шілде

«KEGOC» АҚ-ның құрылғанына 25 жыл толуын мерекелеу аясында қызметкерлердің балалары арасында энергетиктер жұмысы тақырыбына сурет салудан конкурс өткізілді. Шығармашылық конкурсқа шамамен 200 сурет қаралды.

11 28 шілде

«KEGOC» АҚ-да жария тыңдаулар өткізілді, бұл тыңдауларда 2022 жылғы 1-жарты жылдық қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы есеп берілді.

12 29 шілде

Жаңа 220 кВ «Орталық» қосалқы станциясы жұмысқа қосылды. Қосалқы станция «KEGOC» АҚ-ның «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау. Электр желілік объектілерді салу» жобасы аясында салынды.

13 Қыркүйек

S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының егемен рейтингінің болжамы оба-рабар өзгергеннен кейін «тұрақтыдан» «теріске» жасалған болжамды қайта қарай отырып, «KEGOC» АҚ рейтингін «BB+» деңгейінде растады.

14 10-11 қыркүйек

«KEGOC» АҚ қызметкерлері үшін «Энерготехкәсіподақ» салалық бірлестігі Қатаркөл кентіндегі «Оқу орталығы» кешенінің базасында («Энергоинформ» АҚ басқаруындағы) «Отбасылық демалыс» атты көшпелі іс-шара өткізді. Іс-шара Қазақстанда 11 қыркүйекте атап өтілетін Отбасы күні мерекесімен сәйкес келді.

15 **13 қыркүйек**

«KEGOC» АҚ алғаш рет «жасыл» облигацияларын шығарды. Орналастырудан түскен қаражат жаңартылатын энергия көздерін энергия балансына барынша тарту, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті желілік инфрақұрылымды салуға, сонымен қатар электр энергиясын жеткізу тиімділігінің артуына байланысты компания жобаларын іске асыруға бағытталатын болады.

Шығарылым көлемі бір данасы үшін 1 000 теңге номиналды құнымен, қамтамасыз етусіз 35 млн купондық облигациялар есебінен 35 млрд теңгені құрады.

16 **23 қыркүйек**

«KEGOC» АҚ қызметкерлері «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК ұйымдастырған «Донор күні» акциясына қатысты.

17 **24-25 қыркүйек**

«KEGOC» АҚ спортшылары «Самұрық-Қазына» АҚ VII Спартакиадасында - ерлер арасындағы және әйелдер арасындағы тоғыз құмалақ бойынша, шағын футбол, волейбол, арқан тарту бойынша және «Үздік қақпашы» арнайы номинациясында жүлделі орындарға ие болды.

18 **Сентябрь**

«KEGOC» АҚ Халықаралық Қайта құру және Даму банкі алдындағы 46,3 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі қарыз бойынша міндеттемесін мерзімінен бұрын толық өтеді. 71,4 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі кредит бойынша қаражат 2010 жылы «Кернеуі 500, 220кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-ына жалғанатын 500 кВ Алма ҚС-ны салу» инвестициялық жобасын іске асыру үшін 2035 жылы төленіп бітетіндей 25 жылдық мерзімге тартылды.

19 **13 қазан**

ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті «KEGOC» АҚ-ға 2022-2023 жж. күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындығы паспортын берді.

20 **21 қазан**

«KEGOC» АҚ-да қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі алғашқы форум өткізілді. Іс-шараға Энергетика министрлігінің өкілдері, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның, оның құрылымына кіретін компаниялардың, «KEGOC» АҚ басшылары мен HSE (Health Safety Environment) саласындағы сарапшылары, сонымен қатар ТМД елдері компанияларының өкілдері қатысты.

21 **27 қазан**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда «KEGOC» АҚ 2022 жылғы жарты жылдық қаржылық есептілігі бекітілді, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды және «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері бекітілді.

Бекітілген қаржылық есептілікке сәйкес Компанияның 2022 жылғы 1-жарты жылдықтағы шоғырландырылған таза кірісі 14 млрд теңгені құрады. Төленетін дивидендтердің жалпы сомасы 17 млрд теңгені құрайды, соның ішінде 3 млрд теңге – бұл өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасының бөлігі.

Осылайша, «KEGOC» АҚ таза пайданың 120%-ын төлеуге жіберді, бұл бір жай акцияға есептегенде 65,44 теңгені құрайды.

22 **3-4 қараша**

«KEGOC» АҚ өндірістік филиалдарындағы перспективалы жастар өкілдерінің компания басшылығымен кездесуі өткізілді.

23 **қараша**

«KEGOC» АҚ қызметкерлері Екібастұз қаласындағы төтенше жағдайды жою бойынша авариялық-қалпына келтіру жұмыстарына қатысты.

24 **30 қараша**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Жарғысы бекітілді.

Негізгі құжаттағы өзгерістер Акционерлердің жалпы жиналысы өкілеттігінің кеңеюіне, сонымен қатар Директорлар кеңесі мен Компания Басқармасының жұмысын ұйымдастыруға қатысты кейбір мәселелерге байланысты.

25 **1 желтоқсан**

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Қаныш Молдабаев Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) басқарушы директоры Нандит Паршадпен келіссөз өткізді. Кездесу Токио (Жапония) қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Монголия, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің қатысуымен өткізілген Орталық Азия инвестициялық форумы аясында болды.

26 **21 желтоқсан**

«KEGOC» АҚ «жасыл» облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (KASE) сауда алаңында 16,1 млрд теңге жалпы көлемінде 3%-дық маржамен сәтті орналастырылды.

27 **22 желтоқсан**

«KEGOC» АҚ-да жетекші энергетикалық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен ҚР Энергетика министрлігінің көшпелі отырысы өткізілді. Кеңесте Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) 2022 жылғы жұмысының қорытындысы шығарылды.

Кеңесте нарықтың ойыншылары бірқатар өзекті мәселелерді, жинақталған проблемаларды талқылады.

28 **23 желтоқсан**

Moody's рейтингтік агенттігі кредиттік қорытындыны жариялады және «KEGOC» АҚ рейтингін «Тұрақты» болжаммен «Baa2» деңгейінде расталды.

Энергетика – экономиканың негізі

1 САЛАҒА ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ КЕЛЕСІ СЕКТОРЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

- ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ
- ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ
- ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ
- ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ
- ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА ҚЫЗМЕТ

207 эл. станциясы

Қазақстанда электр энергиясын өндіреді

Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 24 523,7 МВт; иелік қуаты 19 006,4 МВт құрады.

17 ЖЭК объектісі

жиықтық қуаты 561,7 МВт 2022 жылы пайдалануға берілді

2022 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергетика объектілері өндірген электр энергиясының көлемі 5,0 млрд кВт·сағ құрады.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және белгілейді. Электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган бұл Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады. Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті мемлекеттік монополия саласына жататын қызметті (соның ішінде табиғи монополия субъектісі ретінде «KEGOC» АҚ қызметін) бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасына мынадай секторлар кіреді:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электр энергетикасы саласындағы басқа да қызметтер.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ СЕКТОРЫ

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 207 электр станциясы жүзеге асырады. Қазақстанның электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 24 523,7 МВт; иелік қуаты 19 006,4 МВт құрайды *(ЖЭК-тің иелік қуаты (КЭС, ЖелЭС, шағын ГЭС) электр қуатының болжамды теңгерімін жасау әдістемесіне сәйкес көрсетілген: су ағыны бойынша жұмыс істейтін бөгетсіз гидроэлектр станциялары – 30%; жел электр станциялары – 20%; күн электр станциялары - иелік қуаттан 0%).*

Сала құрылымы

Қазақстан Республикасының БЭЖ-і электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығын білдіреді.

Электр станциялары	Белгіленген қуаты, МВт
Жылу электр станциялары барлығы:	**19 461,2**
бу турбиналық	**17 401,5**
■ көміртозаңды	13 375,0
■ газбен және мазутпен	4 026,5
газтурбиналық	**2 059,7**
Жел электр станциялары	**1 107,8**
Күн электр станциялары	**1 146,2**
Гидроэлектр станциялары,	**2 807,5**
соның ішінде шағын	272,7
Биогазды қондырғылар	**1,1**
Жиыны	**24 523,7**

Аймақтар бөлігінде электр станцияларының белгіленген қуаты

МВт



Солтүстік аймақ	16 458,8	■
Оңтүстік аймақ	4 503,4	■
Батыс аймақ	3 561,5	■

Батыс аймақ

МВт



ЖЭС	1 457,0	■
ГТЭС	1 234,3	■
ЖелЭС	9,9	■

Солтүстік аймақ

МВт



ЖЭС	12 013,9	■	ГЭС	1 032,5	■
ГТЭС	492,0	■	БГҚ	0,7	■
ЖелЭС	119,7	■			

Оңтүстік аймақ

МВт



ЖЭС	2 058,3	■	ГЭС	508,2	■
ГТЭС	38,0	■			
ЖелЭС	41,9	■			

2022 жылы белгіленген қуаты төмендегідей 566,5 МВт жаңа генерациялайтын қуат ендірілді:

Ақмола облысы:	**150 МВт**
■ «Borey Energo» ЖШС Борей-1 ЖелЭС	50 МВт
■ «Borey Energo» ЖШС Борей-2 ЖелЭС	50 МВт
■ «Energo Trust» ЖШС EnergoTrust ЖелЭС	50 МВт
Ақтөбе облысы:	**-2 МВт**
■ Башенкөл ГПЭС ГПС-№1 мен ГПС-№ 2 демонтаждалды	-2 МВт
Алматы облысы:	**110 МВт**
■ «Энергия Семиречья» ЖШС Шелек-1 ЖелЭС	60 МВт
■ «Жеруек Энерго» ЖШС Шелек-2 ЖелЭС	50 МВт
Жетісу облысы:	**4,95 МВт**
■ «АлматыЭнергоПроджект» ЖШС Үштөбе ЖелЭС	4,95 МВт
Абай облысы	**174,8 МВт**
■ 100МВт «Абай-1» ЖелЭС	100 МВт
■ «Чарск Ветер» ЖШС Чарск Ветер ЖелЭС	24,8 МВт
■ «Абай-2» ЖелЭС	50 МВт
Жамбыл облысы:	**63,28 МВт**
■ «AEC Asa» ЖШС Айша КЭС	50 МВт
■ «Гидроэнергетическая компания» ЖШС Мерке ГЭС-1	-0,312 МВт
■ «Жамбыл ГЭС» ЖШС Қарақыстақ ГЭС	0,1 МВт
■ «ВЭС Шенгельды» ЖШС	4,5 МВт
■ «ВЭС Шенгельды-2» ЖШС	4,5 МВт
■ «ВЭС Новотэкс» ЖШС	4,5 МВт
Қарағанды облысы	**50 МВт**
■ «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС Балқаш КЭС	50 МВт
Қостанай облысы	**7,0 МВт**
■ ҚЖЭК МКК ЖЭО Қостанай ЖЭО-2	7 МВт
Түркістан облысы	**8,45 МВт**
■ «Инженерная Арена» ЖШС Мақпал КЭС	4,95 МВт
■ «Cascade NRG» ЖШС Отырар КЭС	2,0 МВт
■ Шағын ГЭС «Ынтымақ СТК»	1,5 МВт

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ СЕКТОРЫ

Қазақстан Республикасының электр тораптары өз алдына қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және олардың арасын қосып тұратын, электр энергиясын жеткізуге және (немесе) таратуға арналған кернеуі 0,4–1150 кВ-тық электр жеткізу желілерінің жиынтығын білдіреді. Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде жүйе құрайтын торап рөлін Қазақстан Республикасының өңірлері мен шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электрлік байланысты, сонымен қатар электр станцияларының электр энергиясын беруін және оны көтерме сауда тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз ететін ҰЭТ атқарады. ҰЭТ құрамына кіретін кернеуі 220 кВ және одан жоғары қосалқы станциялар, тарату құрылғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері және электр станцияларынан электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын электр жеткізу желілері «KEGOC» АҚ теңгерімінде тұр. 2-6

Өңірлік деңгейдегі электр тораптары өңірлердің ішіндегі электрлік байланысты, сонымен қатар бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз етеді және өңірлік электр желілік компаниялардың балансында және пайдалануында тұр.

Энергия беруші ұйымдар шарттар негізінде өзінің немесе пайдаланатын (жалға алу, лизинг, сенімгерлікпен басқару және пайдаланудың басқа түрлері) электр тораптары арқылы электр энергиясын көтерме және бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтайтын ұйымдарға жеткізуді жүзеге асырады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ СЕКТОРЫ

Қазақстан Республикасы электр энергиясының нарығын электрмен жабдықтау секторы электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтан сатып алуды және оны бұдан әрі соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асыратын электрмен жабдықтайтын ұйымдардан тұрады. ЭЖҰ бөлігі электр энергиясын «кепілдікті жеткізушілер» функциясын атқарады.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері мыналар болып табылады:

- электр энергиясының көтерме сауда нарығына кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
- энергия беруші ұйымдар;
- энергиямен жабдықтау мақсатында кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
- функцияларын «KEGOC» АҚ атқаратын жүйелік оператор;
- функцияларын «КОРЭМ» АҚ атқаратын электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының операторы;
- ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-ін орталықтан диспетчерлік басқаруды **«KEGOC» АҚ «Жүйелік опертордың ұлттық диспетчерлік орталығы – ЖО ҰДО» филиалы** жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде орталықтан жедел-диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 аумақтық диспетчерлік орталықты (АДО) ЖО ҰДО-ға тікелей жедел бағындыру схемасы бойынша ұйымдастырылған.

Электр энергиясының теңгерімі

Электр энергиясын өндіру динамикасы

млрд кВт·сағ



2018	2019	2020	2021	2022
106,8	106,0	108,1	114,5	112,86

2022 жылы Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру

112 865,9 млн кВт·сағ

құрады, соның ішінде:



ЖЭС	78,5%	ГЭС	8,1%
ГТЭС	9,7%	КЭС, БГҚ	1,6%
ЖелЭС	2,1%		

Жыл бойынша жалпы алғанда 2021 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 1 582,0 млн кВт·сағ-қа немесе 1,4%-ға азайды.

Бұл ретте:

- өндіру мынадай ірі электр станцияларында артты:

Электр станциялары	Электр энергиясын өндірудің арту көлемі	
	млн кВт·сағ	%
«Жамбыл ГРЭС-і» АҚ	1 508,2	70,5
Екібастұз ГРЭС-1	259,6	1,1
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2	69,1	2,8
«3-Энергоорталық» АҚ (ШЖЭО-3)	14,0	1,7

- өндіру мынадай ірі электр станцияларында азайды:

Электр станциялары	Электр энергиясын өндірудің азаю көлемі	
	млн кВт·сағ	%
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС ППЖЭО-2	-1 097,7	40,6
«ЕЭК» АҚ	-588,4	3,9
МАЭС «Топар» ЖЭО	-546,1	12,8
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	-430,9	6,7
ЖЭО-2 АО «Арселор Миттал Теміртау» АҚ	-399,9	18,5
Балхаш ЖЭО «Казахмыс Энерджи» ЖШС	-202,7	19,0
Жезқазған ЖЭО «Казахмыс Энерджи» ЖШС	-80,2	6,4
ЖЭО-3 «Павлодарэнерго» АҚ	-56,7	1,9
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-1	-25,0	5,8
АЗФ ЭС «Казхром» ТҰК (ГТУ)	-18,1	2,2
ЖЭО-1 «Алюминий Казахстана» АҚ	-15,5	0,8
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-3	-14,2	1,3

ЖЭС-те электр энергиясын өндіру 2 540,8 млн кВт·сағ (2,8%) төмендеді. ГТЭС-те электр энергиясын өндіру 238,7 млн кВт·сағ (2,2%) және ЖЭК (ГЭС, КЭС, БГУ) 719,9 млн кВт·сағ (21,2%) өсті.

Бүгінгі таңда ЖЭК секторы Қазақстандағы электр энергиясын өндірудегі серпінді дамып келе жатқан сектор болып табылады, Қазақстан Республикасында ЖЭК-ті дамыту бағдарламаларын іске асыру бойынша іс-шаралар кешенінің арқасында ЖЭК объектілерінен электр энергиясын өндіру жыл сайын артып келеді.

Төмен көміртекті дамудың халықаралық тенденцияларына сүйене отырып, Қазақстан 2013 жылғы мамыр айында еліміздің «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын қабылдап, ауқымды мақсатты бекітті - 2050 жылға қарай жалпы энергия балансындағы баламалы және жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 50%-ды құрауы тиіс.

Осылайша, «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сай электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК-тің үлесі 2020 жылға қарай 3%-ды, 2025 жылға қарай 6%-ды, 2030 жылға қарай 10%-ды және 2050 жылы 50%-ды (баламалы + ЖЭК) құрауы тиіс.

2022 жылдың қорытындысы бойынша (ЖО ҰДО деректері бойынша) Қазақстанда белгіленген жиынтық қуаты **2 527,7 МВт** болатын 133 ЖЭК объектісі жұмыс істеді:

- қуаты **1 107,8 МВт** болатын 42 жел электр станциясы;
- қуаты **1 146,2 МВт** болатын 41 күн электр станциясы;
- қуаты **272,7 МВт** болатын 49 гидро электр станциясы;
- қуаты **1,1 МВт** болатын 1 биоэлектр станциясы.

2022 жылы жиынтық қуаты 561,7 МВт болатын 17 объект іске қосылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергетика объектілерінде өндірілген электр энергиясының көлемі (ЖО ҰДО деректері бойынша) 5,0 млрд кВт·сағ құрады (ЖЭС – 2 361,8 млн кВт·сағ; КЭС – 1 754,7 млн кВт·сағ; КЭС – 900,9 млн кВт; БиоЭС – 0,4 млн кВт·сағ) немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 4,4%-ын құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 20,5%-ға өсті.

2022 жылы ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі туралы ақпарат

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2022 жылы
Белгіленген қуат, соның ішінде:	**МВт**	**2 527,7**
■ жел электр станциялары	МВт	1 107,8
■ шағын ГЭС	МВт	272,6
■ күн электр станциялары	МВт	1 146,2
■ биоэлектр станциялары	МВт	1,1
Электр энергиясын өндіру, соның ішінде:	**млн кВт·сағ**	**5 017,8**
■ жел электр станциялары	млн кВт·сағ	2 361,8
■ шағын ГЭС	млн кВт·сағ	900,9
■ күн электр станциялары	млн кВт·сағ	1 754,7
■ биоэлектр станциялары	млн кВт·сағ	0,4
Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК өндіретін электр энергиясының үлесі	**%**	**4,4**

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндірудің артуы - 20,5%

Қазақстанның электр энергиясын тұтынуы 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 945,7 млн кВт·сағ (0,8%) азайып, 112 944,6 млн кВт·сағ құрады. Қазақстанның Солтүстік аймағы бойынша электр энергиясын тұтыну 1 229,4 млн кВт·сағ (1,7%) және Батыс аймағы бойынша 8,5 млн кВт·сағ (0,1%) төмендеді, электр энергиясын тұтыну Оңтүстік аймақта 292,2 млн кВт·сағ (1,1%) артты.

Тұтынудың артуы:

Тұтынушылар	Электр энергиясын тұтынудың өсу көлемі	
	млн кВт·сағ	%
«Kazakhmys Smelting» ЖШС	118,0	11,1
«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС	46,5	3,6
«ТНК Казхром» АҚ (Ақтөбе ФЗ)	13,5	0,4
«ӨТМК» АҚ	12,9	1,9
«Қазақстан алюминийі» АҚ	12,2	1,3

2021 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну төмендеді:

Тұтынушылар	Электр энергиясын тұтынудың төмендеу көлемі	
	млн кВт·сағ	%
«Соколов-Сарыбай ТӨБ» АҚ	-264,8	16,3
«Каз. электролиз зауыты» АҚ	-222,3	5,9
«Арселор Миттал Теміртау» АҚ	-100,1	2,7
«Қазцинк» ЖШС	-125,0	4,5
«Қазфосфат»	-18,9	0,9
«АНПЗ» ЖШС	-16,0	2,1
«Қазхром» ТҰК" АҚ (Ақтөбе ФЗ)	-15,4	0,3

Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну құрылымы

млн кВт·сағ



Солтүстік аймақ	**72 624,5**
Оңтүстік аймақ	**25 780,4**
Батыс аймақ	**14 539,7**

2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың Ақмола облысында 380,5 млн кВт·сағ (3,7%), Алматы облысында 434,5 млн кВт·сағ (3,9%) және Түркістан облысында 249,4 млн кВт·сағ (4,3%) айтарлықтай өскені байқалды.

Электр энергиясын тұтыну динамикасы

млн кВт·сағ

■ 2021
■ 2022

2022 жылы электр энергиясын тұтыну өндірістен 78,7 млн кВт·сағ артты.

Ресеймен электр энергиясы ағынының сальдо-ағыны

млн кВт·сағ

■ Электр энергиясының экспорты
■ Электр энергиясының импорты
Электр энергиясының сальдо-ағыны

Электр энергиясын өндіру-тұтыну динамикасы

млрд кВт·сағ



Өндіру
Тұтыну

Есептік кезеңде Ресеймен электр энергиясының сальдо-ағыны 470,9 млн кВт·сағ құрады (2021 ж. - 461,7 млн кВт·сағ). Бұл ретте Ресейге электр энергиясының экспорты 1 459,0 млн кВт·сағ (2021 жылы – 1 326,6 млн кВт·сағ),

Ресейден электр энергиясының импорты – 1 929,9 млн кВт·сағ (2021 жылы – 1 788,3 млн кВт·сағ). Экспорт пен импорт Ресей Федерациясымен теңгерімдеуші электр энергиясы көлемін ескере отырып, беріледі.

«KEGOC» АҚ-ның саладағы рөлі

млрд кВт·сағ



■ ҚР-да электр энергиясын өндіру
«KEGOC» АҚ диспетчерлендіру
■ ҚР-да электр энергиясын тұтыну
«KEGOC» АҚ желілері арқылы жеткізу

Орталық Азиямен сальдо-ағын – 392,2 млн кВт·сағ. Бұл ретте ОА-ға (Қырғызстан) экспорт 696,6 млн кВт·сағ (2021 жылы – 1 324,5 млн кВт·сағ) құрады. ОА-дан (Қырғызстан) электр энергиясының импорты 304,4 млн кВт·сағ (2021 жылы – 305,2 млн кВт·сағ) құрады.

Құрылуы мен дамуына
25 жыл

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«KEGOC» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАБЫН БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІРТҰТАС ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫ ДӘРЕЖЕСІ БЕРІЛГЕН.

387 ӘЖ
әуелік электр жеткізу желісі

Габариті 0,4-1150 кВ - 26 977,215 км (тізбектер бойынша).

82 ҚС
қосалқы электр станциясы

Кернеуі 35-1150 кВ трансформаторларының белгіленген қуаты 39 055,9 МВА.

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы «Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын басқаратын және Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы мәртебесі берілген Компания болып табылады. «KEGOC» АҚ бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні - 1997 жылғы 11 шілде.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. 2-1

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ акцияларының 100%-ы мемлекет меншігінде болды. 2006 жылы акциялардың мемлекеттік пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ орналастырылатын акцияларын төлеуге берілді. 2008 жылы «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру арқылы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамының құқық иеленушісі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және бағыныстағы ұйымдарының акциялары пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы аясында Қазақстан қор биржасында Компанияның жарияланған 25 999 999 жай акциясы жазылым жүргізу жолымен орналастырылды.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополия саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. 2-6

Миссия және құндылықтар

Компанияның пайымы - «Энергетикалық ауысу жағдайында болашақтың энергетикалық жүйесі мен нарықты өзгертуге үлес қосып, инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйесін дамытуға үлес қосатын электр энергетикасы саласындағы көшбасшы».

Компанияның миссиясы - Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігі мен озық дамуын қамтамасыз ету.

Даму стратегиясы Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, энергетикалық ауысумен және ЖЭК энергетикалық жүйеге бірігуімен байланысты жаһандық трендтердің әсерін ескереді, экономиканы карбонсыздандыруға байланысты процестерді және елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз етуді, Қазақстанда орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындау мәселелерін шешу қажеттілігін, заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, ҒЗТКЖ-ны енгізуді, ESG қағидаттарына берілгендікті көздейді.

Серіктестік 2-28

«KEGOC» АҚ маңызды салалық және басқа да ұйымдар мен қауымдастықтардың мүшесі және қатысушысы болып табылады, оның ішінде:

- **«Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі («КЕА» ЗТБ, www.kea.kz),** негізгі міндеттері мыналар болып табылады: қызметі электр энергетикасы саласына тікелей немесе басқаша байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету; электр энергетикалық салаға қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу; саланың мүдделері Үкіметтің, сот және өзге де органдардың шешімдеріне тәуелді мәселелерде оның мүшелерінің ұстанымдарын қолдау және қорғау
- **«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалдар бірлестігі («KazEnergy» ЗТБ www.kazenergy.com),** негізгі мақсаты: мемлекеттік органдарда Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру; жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат алаңын құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын дамыту мен қолдау; «KazEnergy» ЗТБ, оның мүшелері мен жалпы алғанда саланың оң имиджін өңірлік және ғаламдық деңгейде тарату; қазақстандық қоғамдастықтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру;
- **«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы («Атамекен» ҰКП, www.atameken.kz),** оның негізгі міндеті бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау, бизнес жұмыстарының заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлерді кеңінен қамтуды және тартуды қамтамасыз ету болып табылады.
- **Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы www.ark.org.kz –** кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сонымен қатар мемлекеттік органдарда, өкімет құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша жалпы мүдделерді білдіру және қорғау үшін бастапқыда ерікті түрде заңды тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Бұл ұйымға кіру Компанияға «KEGOC» АҚ мүдделерінде монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуге бастама жасауға және оны ілгерілетуге мүмкіндік береді. Қауымдастықтың жұмыс нәтижелері бұл нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оларды әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ шекаралас елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға көмектесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына тұрақты түрде қатысып отырады:

- ТМД Электр энергетикалық кеңесі;
- Кернеуі жоғары үлкен электр жүйелері бойынша халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE);
- экономикалық одақ (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес;
- EUROELECTRIC электр энергетикалық өнеркәсібінің еуропалық одағы. 2004 жыл-дан бастап Компания электр энергетикасы мен энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша сарапшылар деңгейінде EUROELECTRIC-пен ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесі (ОА ҮЭК).

Бизнес-модель

2-6

МИССИЯ

Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін қамтамасыз ету және озық дамыту

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Шынайылық пен әділдік
- Уақыт талабы мен тұрақты даму
- Ауызбіршілік пен жауапкершілік
- Құрмет, дәстүр мен біліктілік

Біздің активтер:
- Трансформаторларының белгіленген қуаты **39 055,9 МВА** болатын **82 ҚС**
- **26 977,215 км** ӘЖ
- **9 ЖЭТ** филиалы және ЖО ҰДО филиалы
- **4 376 адам**
- **Қазіргі заманғы технологиялар**

Сенімділік көрсеткіштері:
- GA **99,999%**
- AIT **6,607 мин**
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі – **86%**

Біздің қызмет:
- Электр энергиясын жеткізу – **58,57 млрд кВт·сағ**
- Желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру – **104,26 млрд кВт·сағ**
- Өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру – **203,12 млрд кВт·сағ**

Біздің нәтижелеріміз:
- Таза пайда – **26,7 млрд теңге**
- 1 акцияға дивидендтер төленді 2021 жылға – **50,85 теңге**
- 2022 жылғы 1-жарты жылдыққа – **65,44 теңге**

ПАЙЫМЫ

Энергетикалық ауысу жағдайындағы нарықты және болашақ энергия жүйесін өзгертуге себеп болатын, инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикасы жүйесін дамытуға үлес қосатын электр энергетикасы саласындағы көшбасшы

Қуат

2022 жылдың соңында габариті 0,4–1150 кВ, жалпы ұзындығы 26 977,215 км (тізбектер бойынша) болатын 387 әуелік электр жеткізу желісі (ӘЖ) және трансформаторларының белгіленген қуаты 39 055,9 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ-тық 81 қосалқы электр станциясы (ҚС) бар Ұлттық электр торабы (ҮЭТ) Компанияның негізгі активі болып табылады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. 2-6

«KEGOC» АҚ ӘЖ ұзындығы

31.12.2022 ж. жай-күй бойынша, км



EU4

«KEGOC» АҚ ҚС қуаты және саны

31.12.2022 ж. жай-күй бойынша



35 кВ – **2 дана**	**23,2 МВА**
220 кВ – **57 дана**	**12 201,1 МВА**
500 кВ – **20 дана**	**17 447,5 МВА**
1150 кВ – **3 дана**	**9 384,1 МВА**

EU1

Компания құрылымы

Компания құрылымына 9 «Жүйеаралық электр торапта-ры» (ЖЭТ) филиалы және «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалы кіреді.

«KEGOC» АҚ еншілес ұйым - «Энергоинформ» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады.

«Энергоинформ» АҚ миссиясы – ең үздік әлемдік тәжіри-белер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, ҚР БЭЖ ақпараттық-техлекоммуникациялық кешенін тиімді дамыту және оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Негізгі қызметі - «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекомму-никациялық кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, СБС, ККЖ, АТС, ТОБЖ, ӨКЖ қызмет көрсету және корпоративтік сервистер.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ «Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру үшін 2005 жылы құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның акционері (акцияларының 20%-ы) бо-лып табылады. 2-6

Қызмет географиясы

2-6, EU1, EU4

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ



26 977,215 км

әуелік электр жеткізу желілері

82 ҚС

трансформаторларының белгіленген қуаты 39 055,9 МВА

Даму стратегиясы

«KEGOC» АҚ қызметінің Қазақстанның бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар және кең ауқымдағы мүдделі тараптардың мүдделерін қамтиды, Компания оны ұзақ мерзімді стратегиясын құрып, шешімдер қабылдаған кезде есепке алады. Біз қоғам мүдделеріне ықыласпен қарауға және Қазақстан ҰЭТ-тың озық дамуын қамтамасыз етуге, адамдардың әл-ауқатын және лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, экологияға қамқорлық жасауға басты назар аударамыз. Бұл «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясында көрсетілген. 2-12

Қазақстан БЭЖ-дің жүйелік операторы дәрежесі «KEGOC» АҚ-ның басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз ету, энергия жүйесіндегі теңгерімді сақтау, жүйелік қызмет көрсету және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҰЭТ-ы арқылы электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету, оған техникалық қызмет көрсету және пайдалануға дайындығын қолдау жөніндегі функцияларын белгілейді.

Табысты дамудың маңызды факторлары мыналар болып табылады:

- Компания қызметінің тиімділігін арттыру және активтер мен инвестициялық жобаларды басқаруға портфелдік тәсілдерді ендіру;
- электр энергетикасы саласын дамытуға (энергетикалық ауысу және экономиканы карбонсыздандыру, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, бизнесті цифрландыру, процестерді автоматтандыру, кпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б.) айтарлықтай әсер ететін электр энергетикасында болып жатқан өзгерістердің әсерін есепке алу;
- сонымен қатар адамдардың түсінігін өзгерту.

Энергетикалық ауысуға, әсіресе карбонсыздандыруға, геосаяси тұрақсыздық пен еліміздегі микроэкономикалық ортаның өзгеруіне байланысты ғаламдық трендтердің әсері салдарынан Компанияның Даму стратегиясын жаңарту қажеттілігі туындады. Бұл ретте Компания «KEGOC» АҚ қаржылық тұрақтылығын нығайту, жобалар портфелі мен бастамаларды белгілеу, тиімді жобаларға инвестиция салу, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету арқылы Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру мақсатына қол жеткізу бойынша жұмыстарды жалғастырады. 2-22, 2-23,2-24

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясында үш стратегиялық мақсат белгіленген:

1-мақсат.

Энергетикалық ауысу жағдайында Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету (ҰЭТ-тың сенімділігі және дамыту), бұл мақсатқа қол жеткізу келесі міндеттерді іске асырумен қамтамасыз етіледі:

1. Қазақстан БЭЖ-дің Жүйелік операторы функцияларын орындау;
2. ҚР ҰЭТ-ты озық дамыту, ЖЭК-ті 15% деңгейінде тиімді біріктіру;
3. қазіргі заманғы инновациялық және цифрлы технологияларды, Smart Grid ендіру.

2-мақсат.

ESG қағидаттарына (тұрақты даму) сәйкес:

1. көміртек ізін азайту;
2. адами капиталды дамыту;
3. корпоративтік басқаруды жетілдіру және «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін салынған капиталдың тиімділігін арттыру және
4. кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру арқылы тұрақты дамытуды қамтамасыз ету. 2-22

3-мақсат.

Таза активтердің құнын (қаржылық тұрақтылық):

1. қаржылық тұрақтылықты нығайту және
2. бизнестің жаңа түрлерін дамыту, сонымен қатар
3. халықаралық ынтымақтастық арқылы арттыру.

Қазақстан энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігі мен озық дамуын қамтамасыз ету

3 ҰЭТ-ТЫҢ СЕНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ

ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖАЛПЫ АЛҒАНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ОЗЫҚ ДАМЫТУ ҚАЖЕТ. КОМПАНИЯ ҰЭТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН, СЕНІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА АУҚЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА.

0,06 SAIDI

System Average Interruption Duration Index

Ажыратылудың орташа ұзақтығы – жылына минутпен есептегенде жүйедегі бір ажыратылудың орташа ұзақтығын сипаттайды.

0,04 SAIFI

System Average Interruption Frequency Index

Жүйедегі зақымдардың пайда болуының орташа жиілігі – тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілістерінің орташа жиілігін сипаттайды

Өндірістік қызмет

«KEGOC» АҚ қызметін тұтынушылар бұл заңды тұлғалар: энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады. 2-6

Жүйелік қызметтердің көлемін жоспарлау кезінде мыналар ескеріледі: елдегі ағымдағы экономикалық жағдай; тұтынуды арттыру/төмендету бойынша жүйелік қызметтерді тұтынушылардың өңірлік генерациялары мен жоспарларын дамыту; көршілес мемлекеттерге электр энергиясын экспорттауға, тасымалдауға себебін тигізетін жөндеу жұмыстарын оңтайландыру бөлігінде схемалық-режимдік сипаттағы мүмкіндіктер; Орталық Азия елдері арасындағы сыртқы сауда тауар алмасуы шеңберінде электр энергиясын қабылдауды және қайтаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Осы іс-шаралардың барлығы жоспарланғаннан көрсетілетін жүйелік қызметтер көлемдерінің төмендеу тәуекелін азайтуға ықпал етеді.

2022 жылы жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтініштеріне сәйкес көтерме нарық субъектілеріне жүйелік қызметтер толық көлемде көрсетілді. Тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сату-сатып алу бойынша 2021 жылдан ауысқан және 2022 жылы жасалған шарттар мен келісімдердің жалпы саны кестеде көрсетілген:

Шарттар	Саны
ҮЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша	465
электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша	178
электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша	475
резервтік электр қуатын жеткізу және беру бойынша	1
шығындарды өтеу үшін және шаруашылық қажеттіліктерге электр энергиясын сатып алу бойынша	8
қуатты реттеу қызметтерін сатып алу бойынша	7
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресейден электр энергиясын сатып алуға	1
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресейге электр энергиясын сатуға	1
«Россети» ӨАҚ үшін электр энергиясын тасымалдау (транзит) бойынша қызмет көрсету	1
«НЭС Узбекистана» АҚ үшін қуатты (жиілігі) реттеу бойынша қызмет көрсету	1
«Батыс транзит» АҚ-дан ысыраптарға электр энергиясын жеткізу бойынша қызметті сатып алуға	1
жоспардан тыс электр энергиясын сатып алуға	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Қыргызстана» ААҚ-дан)	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («НЭС Қыргызстана» ААҚ үшін)	1
Барлығы	**1 142**

Шарттарды санаттары бойынша бөлу

%

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар	460	40,3%
Энергия өндіруші ұйымдар	336	29,4%
Энергия жеткізуші ұйымдар	104	9,1%
Тікелей тұтынушылар	235	20,6%
Шетелдік контрагенттер	7	0,6%

EU3, 2-6

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ

2-6

«KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу

млрд кВт·сағ



2022 жылы Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу қызметінің нақты көлемі 58,57 кВт·сағ құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 3,9 кВт·сағ жоғары немесе 7,2%-ды құрады. Артудың негізгі себептері:

- Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу көлемінің 2021 жылмен салыстырғанда 2,446 млрд кВт·сағ немесе 5%-ға өсуі;
- электр энергиясының мемлекетаралық транзиті көлемінің (РФ-ҚР-РФ) 2,096 млрд кВт·сағ немесе 53%-ға өсуі.

2022 жылы «KEGOC» АҚ мен «Россети» ЖАҚ арасындағы шарт бойынша Ресей – Қазақстан – Ресей бағыты бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын тасымалдау (транзит) жүзеге асырылды. Осы транзит бойынша көрсетілген қызмет көлемі 6 053,5 млн кВт·сағ құрады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕНДІРУ

Техникалық диспетчерлендіру

млрд кВт·сағ



2022 жылы электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 104,26 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 779 млн кВт·сағ немесе 0,7%-ға төмен, бұл Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ МЕН ТҰТЫНУДЫ ТЕҢГЕРІМДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру

млрд кВт·сағ



2022 жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтің нақты көлемі 203, 12 млрд кВт·сағ құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2,03 млрд кВт·сағ немесе 1%-ға төмен, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың төмендеуімен негізделеді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТЫП АЛУ-САТУ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «KEGOC» АҚ қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша көршілес мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау бойынша Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің Жүйелік операторы функциясын орындайды.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде тәулік бойы электр энергиясын тұтыну біркелкі емес: түнде тұтыну төмендейді, жұмыс күнінің басында ол артады және кешкі сағаттарда ең жоғары (максималды) шамаға жетеді. Бұл ретте генерациялаушы қуаттардың негізгі үлесін өз технологиясы бойынша базалық режимде жұмыс істейтін (олар жүктемені тез өзгерте алмайтын) жылу электр станциялары құрайтын Қазақстан Республикасы БЭЖ-і ауыспалы тұтыну графигін өз электр станцияларымен толығымен қамти алмайды. Осының салдарынан Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру мен тұтыну арасында теңгерімсіздік туындайды. Қазақстан Республикасы БЭЖ-де маневрлі генерациялаушы қуаттардың тапшылығы жағдайы жұмыс істеп тұрған электр станциялары жабдықтарының авариялық тоқтатылуымен және генерацияның тұрақсыздығымен сипатталатын жаңартылатын энергия объектілерін іске қосудың жоғары қарқынымен де күрделенуде. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы БЭЖ-де жиілікті қолдау және туындайтын теңгерімсіздіктерді жабу сонымен қатар Ресей Федерациясы БЭЖ-мен қатарлас жұмыс шеңберінде өзара іс-қимыл арқылы қамтамасыз етіледі.

2009 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы Тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімге сәйкес «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ЖАҚ арасында Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-інің шекарасында электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында жыл сайынғы негізде электр энергиясын сатып алу-сату шарты жасалады. Осы Келісімге сәйкес ауытқуларды сатып алу-сатудың қаржылық нәтижесі бұл Ресей Федерациясы энергетикалық жүйесінің Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің ауытқуларын физикалық реттеу үшін әділ төлем болып табылады.

2022 жылы «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының Қазақстан БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-і шекарасындағы жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу 28 394,5 млн теңге (20 ,05 теңге/кВт·сағ) сомасына 1 416,2 млн кВт·сағ құрады.

«KEGOC» АҚ-ның Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-і шекарасында электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын 10 457,9 млн теңге (7,38 теңге/кВт·сағ) сомасына 1 416,2 млн кВт·сағ (7,38 теңге/кВт·сағ) көлемінде сатуды жүзеге асырды.

Тұтынушылармен жұмыс

«KEGOC» АҚ көрсетілетін қызметтерінің сапасын жақсарту үшін «Жүйелік қызмет көрсетуді және тұтынушылардан түскен шағымдарды басқару» ішкі стандарты әзірленді. Осы стандартқа сай кем дегенде жарты жылда бір рет жүйелік қызметтердің барлық тұтынушыларына сауалнама жіберіледі. Сауалнамаға Компания персоналының жұмыс деңгейін, ұсынылатын іскери және техникалық ақпараттың дұрыстығын, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігін, жүйелік қызметтердің сапасын, жедел-диспетчерлік басқару бөлігінде АДО жұмысының сапасын бағалау және «KEGOC» АҚ көрсетілетін қызметтерінің сапасы бойынша ұсыныстар беру туралы өтініш кіреді. Келіп түсетін жауаптар көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында талданады. 2-24, 2-26

2022 жылы тұтынушылардың қанағаттану дәрежесінің орташа жылдық бағасы бес балдық шкала бойынша 4,72 балды құрады. Жақсартуды талап ететін өлшемдер бойынша тиісті шаралар қолданылады. 2-25

Компанияға қызметтерді ұсынуға қатысты заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған айыппұлдар 2022 жылы болған жоқ. 2-27

Инвестициялық қызмет

Еліміздің экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жалпы алғанда электр энергетикалық саланы, соның ішінде электр желілік инфрақұрылымды озық дамыту қажет.

Компания тиімділікті арттыру, ҮЭТ жұмысының сенімділігі мен желінің өткізу қабілетін арттыру мақсатында ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыруда. Бұл жобалар жаңартылатын энергетиканы (генерациясының тұрақсыздығымен ерекшеленетін КЭС мен ЖелЭС) дамыту, ЖЭК ірі объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз етуге арналған тиісті электр желілік құрылысты дамыту үшін жағдай жасауды есепке ала отырып, іске асырылуда.

2022 жылы Компания келесі ірі инвестициялық жобалар мен іс-шараларды іске асырды:

«KEGOC» АҚ Ақтөбе ЖЭТ, Батыс ЖЭТ және Сарыбай ЖЭТ филиалдарының 220-500 кВ әуе желілерін реконструкциялау, 1-кезең.

Жобаның мақсаты

24 ӘЖ-ні жаңғырту және реконструкциялау бойынша ауқымды жоба.

Қаржыландыру көзі

Жобаны қаржыландыру: «KEGOC» АҚ «жасыл» облигацияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастыру арқылы тартылған меншікті қаражат және қарыз қаражаты.

Жобаның іске асырылу сатысы

- 2022 жылы 24 электр беру желісінің 20-сында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді, 18 ӘЖ бойынша жұмыстар аяқталды, оның ішінде 16 ӘЖ пайдалануға берілді.
- Жобаны іске асыра бастағаннан бері 2029 км ӘЖ-нің 1 749 км, оның ішінде 2022 жылы 442,3 км ӘЖЖ реконструкцияланды.

2022 жылы күрделі қаржы салымдарын игеру

11,1 млрд теңгені құрады

Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін нығайту.

Жобаның мақсаты

Қазақстанның Батыс аймағының тұтынушыларын республиканың батыс облыстары арасындағы 220 кВ электр желілерін күшейту арқылы электрмен жабдықтау сенімділігін және өткізу қабілетін арттыру.

Қаржыландыру көзі

Жобаны қаржыландыру: «KEGOC» АҚ «жасыл» облигацияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастыру арқылы тартылған меншікті қаражат және қарыз қаражаты.

Жобаның іске асырылу сатысы

2022 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді:

- Жоба басталғалы бері 4 182 тіректің 2 898-і (69%) орнатылды, соның ішінде 2022 жылы 1 760 (42%) тірек;
- жоба басталғалы бері 779,7 км сымның 297,8 км (38%) сымы, соның ішінде 2022 жылы 244,4 км монтаждалды;
- 220 кВ «Уральская», «Правобережная», «Индер», «Құлсары», «Теңіз» ҚС-да және 220 кВ «Қарабатан» ТП-да құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді.

2022 жылы күрделі қаржы салымдарын игеру

19,2 млрд теңге

Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын нығайту.

Жобаның мақсаты

Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарына және Түркістан қаласын дамыту бойынша бірінші кезектегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі жол картасына сәйкес кернеуі 110 кВ және одан төмен жергілікті таратушы электр торабын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Қаржыландыру көзі

Жобаны қаржыландыру: Компанияның өз қаражаты.

Жобаның іске асырылу сатысы

- 2022 жылы Компания құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары толық көлемде орындалды. Түркістан қаласының маңында 220 кВ «Орталық» жаңа қосалқы станциясы салынды, оған кернеуі 110 кВ және одан төмен жергілікті таратушы электр торабы қосылады.
- **2022 жылғы 28 қазанда объект пайдалануға берілді.**

2022 жылы күрделі қаржы салымдарын игеру

2,0 млрд теңгені құрады

Инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру кезінде «KEGOC» АҚ Қазақстан БЭЖ электр энергиясы мен қуатының болжамды балансын әзірлеуге және жыл сайын жаңартуға негізделген сценарийлік тәсілді пайдаланады. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі, атап айтқанда ТЖ қауіпінің туындауына әкелетін табиғи факторлар (су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі, эпидемиялар) есепке алынады. Желінің сенімділігін қамтамасыз ету, сонымен қатар өндірістік активтердің істен шығуының негізгі тәуекелін азайту үшін Компания жақын арадағы перспективаға ҰЭТ-ты дамытуға бағытталған келесі инвестициялық жобаларды іске асыруды жоспарлауда:

1 Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту.

Жоба Оңтүстік аймақтағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету және Оңтүстік аймақтың облыстары арасындағы электрлік байланысты нығайту үшін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр энергетикалық жүйесін нығайтуды көздейді. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу нәтижелері бойынша екі 500 кВ «Шу – Жамбыл», «Жамбыл – Шымкент» ӘЖ-ні салуды, сондай-ақ Алматы энергия торабының 220 кВ желілерін нығайтуды көздейтін нұсқа мақұлданды.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2027 жыл.

2 «Батыс Қазақстанның энергетикалық жүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру».

Жоба Қазақстанның Батыс аймақтарының энергетикалық қауіпсіздігі мен энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, Батыс аймақтағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін Қазақстанның Батыс аймағын БЭЖ-дің негізгі бөлігімен біріктіруді көздейді.

Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. ЭЖЖ-ні салудың негізгі нұсқасы генерациялаушы қуаттарды дамыту жоспарлары мен тұтынушылардың перспективалық инвестициялық жобаларын ескере отырып, ТЭН әзірлеу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

Жобаның шамамен іске асыру мерзімі – 2028 жыл. Жобаның параметрлері мен іске асыру мерзімі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу қорытындылары бойынша анықталады.

3 «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялау, II кезең.

Жобаның мақсаты нормативтік қызмет ету мерзіміне жеткен қолданыстағы электр жеткізу желілерін, сондай-ақ жақын арадағы жылдары қызмет ету мерзімі нормативке жететін ӘЖ-ні реконструкциялау арқылы Қазақстан ҰЭТ жұмысының сенімділігін арттыру болып табылады.

Реконструкциялау объектілері бұл – «Ақмола ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ» филиалдарының балансында тұрған жалпы ұзындығы 4 236 км 220-500 кВ-тық 48 ӘЖ. ТЭН әзірленуде.

4 «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялау, III кезең.

ҰЭТ-ты реконструкциялау қажеттілігі келесі себептерге байланысты:

- бірқатар 220-500 кВ ӘЖ нормативтік қызмет ету мерзіміне жетуі және асып кетуі;
- тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, электр энергиясының транзиті, электр станцияларының қуатын беру.

Реконструкциялау объектілері бұл – «Алматы ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдарының балансында тұрған жалпы ұзындығы 4 332 км 220-500 кВ-тық 44 ӘЖ. ТЭН әзірленуде. 201-2

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, Smart Grid ендіру.

Жаһандық тенденцияға сай электр энергетикасын технологиялық дамыту саласында жұмыс жалғасады, оның негізі базасында «Smart Grid» деп аталатын жаңа буын электр тораптарын құруға болатын желі объектілерін интеллектуалды басқарудың әртүрлі элементтерін (өлшеу, бақылау және басқару жүйелері) енгізу болып табылады.

2022 жылы Компания Қазақстан ҰЭТ-да синхрофазорлық технологиялар (WAMS) негізіндегі мониторинг жүйесін кеңейту үшін диспетчерлік бақылау және деректерді жинау жүйесін (SCADA/EMS) және қосалқы станцияларды бақылау және басқару жүйелерін (SMMS) жаңарту бойынша жұмысты бастады.

Диспетчерлік бақылау және деректерді жинау жүйесін (SCADA/EMS) жаңғырту бойынша Компания бағалау мен негіздеуді ескере отырып, жобаны іске асыру үшін мердігерлік ұйымды тартады.

Компаниядағы ҒЗТКЖ басқару жөніндегі қызмет «KEGOC» АҚ тапсырысы бойынша орындалатын ҒЗТКЖ-ны ұйымдастыруға, жоспарлауға, есепке алуға, орындалуын бақылауға және қабылдауға бірыңғай талаптарды белгілейтін тиісті ішкі құжаттармен реттеледі. ҒЗТКЖ міндеттерін анықтаудан бастап Компанияның тәжірибелік қызметінде әзірлеу нәтижелерін пайдаланудың нақты әсерін бағалауға және есепке алуға дейінгі бүкіл өмірлік циклді қамтитын процесс ретінде қарастырылады.

«Қазақстан БЭЖ 500-220 кВ электр желілерінің жүйе аралық электр тораптарының статикалық және динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұлттық маңызы бар электр станцияларының генераторларының АРВ теңшелімінің тиімділігін зерттеу» ҒЗТКЖ және Қазақстан БЭЖ-дегі реактивтік қуатты өтеу үшін FACTS құрылғыларын таңдау бойынша техникалық-экономикалық зерттеу» бойынша жұмыстар аяқталды.

Компания «ЖЭК-тің жақын қысқаша тұйықталу кезінде орын алатын өтпелі процестерге әсерін зерттеу бойынша ҒЗЖ» іске асыруға кірісті.

Тораптың сенімділігі

Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасы үлкен маңызға ие, себебі еліміздің металлургия және мұнай-газ өндіру сияқты негізгі салалары жоғары энергия сыйымдылығымен сипатталады. Тиісінше, Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру сапасы тұтынушыларды сенімді және сапалы энергиямен қамтамасыз етуге байланысты.

2022 жылы Компанияда II дәрежелі ақаулар болып табылатын 53 технологиялық бұзылыс тіркеліп, тексерілді, оның ішінде: желілерде 41 технологиялық бұзылыс, қосалқы станцияларда 12 технологиялық бұзылыс орын алды. 1-дәрежелі авариялар мен ақаулар болған жоқ. Көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 28,4%-ға жақсарды.

Жіктеу белгілері бойынша технологиялық бұзылыстарды бөлу

%



Құрылымдау және жасау ақаулары	6%
Жобалау ақаулары	2%
Монтаждау және салу ақаулары	13%
Табиғи құбылыстардың әсері	49%
Бөгде тараптар мен ұйымдардың әсері	21%
Жіктелмеген себептер	9%

Халықаралық тәжірибеде желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

SAIDI

(System Average Interruption Duration Index – орташа үзіліс ұзақтығы) – жүйеде бір жылда бір үзілістің орташа ұзақтығын минуттармен сипаттайды.

EU29

SAIFI

(System Average Interruption Frequency Index – жүйедегі зақымданулардың пайда болуының орташа жиілігі) – тұтынушыларды электрмен жабдықтаудағы үзілістердің орташа жиілігін сипаттайды.



EU28

Табиғат құбылыстарының әсерінен 26 технологиялық бұзылыс орын алды (жалпы көрсеткіштен 49%).

Климаттың өзгеруі біздің объектілеріміз үшін қауіп төндіретін ауыр және экстремалды, соның ішінде қатты жел мен жаңбыр, бұршақ, дауыл, циклондар, құрғақшылық сияқты ауа райы оқиғалары, сонымен бірге өрт пен су тасқынының туындау қауіптері туындатады. Экстремалды ауа райы жағдайлары және ауа температурасының өзгеруі жүйеге жүктеме түсіріп, тиімділікті төмендетіп, тұтынушыларға қызмет көрсетудегі ықтимал бұзылыстарға әкелуі мүмкін.

Күшті жел, найзағайдың екпіні, әуелік электр жеткізу желілерінің сымдары мен найзағайдан қорғайтын арқансымдарда мұзды қабаттардың пайда болуы және төгілуі негізгі қолайсыз метеорологиялық факторлар болып табылады. Компания «KEGOC» АҚ тап болуы мүмкін ықтимал сценарийлерді, соның ішінде ауа райы жағдайларының құбылмалылығын, сондай-ақ төтенше ауа райы оқиғаларының ауырлығы мен жиілігін арттыруды талдайтын климатқа сезімтал тәуекелдер тізілімін әзірледі. Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер өзгерістерді басқару үшін пайдаланылатын Компанияның 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімінде көрсетілген.

Осылайша, өндірістік активтердің істен шығу қаупі табиғи құбылыстардың әсері сияқты климаттық факторлар нәтижесінде туындауы мүмкін. Осы тәуекелді азайту үшін Компания келесі іс-шараларды қабылдайды:

- персоналды авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу дағдыларына үйрету;
- авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге автокөліктер мен арнайы техниканың дайындығын қамтамасыз ету;
- филиалдарды авариялық қормен қамтамасыз ету;
- ҚС жабдықтарын сақтандыру;
- авариялық жаттығуларды өткізу;
- Компанияның өндірістік активтеріне табиғат құбылыстардың әсерін азайту үшін инновацияларды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Климаттың өзгеруі, атап айтқанда табиғи факторлар (су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі, эпидемиялар) төтенше жағдайлардың туындау қаупін тудырады. Осы тәуекелді азайту үшін Компания бекітілген тақырыптарға сай жыл сайынғы Кестеге сәйкес авариялық жаттығулар өткізеді; табиғи апаттардың (су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі) зардаптарын жою бойынша іс-шаралар жүргізілетін жыл сайынғы «Көктем», «Қыс», «Жер» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысады, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын сатып алады.

Сонымен қатар, 2022 жылы өндірістік активтердің істен шығуының негізгі тәуекелін төмендету мақсатында желінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Компания келесіні жүзеге асырды:

- күштік электр жабдықтарының жоғары вольтты ендірмелерін ауыстыру;
- сараптау ұйымдарын тарта отырып, ҚС мен электр жеткізу желілері жабдықтарының жай-күйіне техникалық сараптама жүргізу;
- активтерді жаңғырту және қайта құру;
- электр желілеріндегі технологиялық бұзылыстарды және т.б. талдау.

201-2

Үздіксіз өндірістік қызмет бойынша бизнес-процесс үшін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету шеңберінде кең ауқымды ТЖ жою үшін Компания қызметіне тән авариялардың жою жоспарлары (АЖЖ) және ТЖ жою жөніндегі іс-шаралар жоспары (ТЖЖІЖ) әзірленді.

АЖЖ авариялық жағдай туындаған кезде іс-қимылдар объектісін, көлемін және орындау реттілігін, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету және жүзеге асыру жауапкершілігін белгілейді. АЖЖ тестілеу тұрақты өртке қарсы және авариялық жаттығулар түрінде жүзеге асырылады.

ТЖЖТЖ-да жұмыстың орындалу мерзімі мен уақытын көрсете отырып, ТЖ туындау қауіпі кезінде және ТЖ салдарын жою кезінде жүргізілетін іс-шаралар көрсетіледі. Компания объектілерінде жиі кездесетін ТЖ көптаралған түрі өртке қарсы іс-шаралардың сақтамалмауы, штаттан тыс жағдайлардың туындауы нәтижесінде болатын өрт болуы мүмкін. Сондай-ақ ТЖ жоспарында адамдардың өліміне, елеулі мүліктік залалға әкеп соқтыратын немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтыратын террористік актілер туындаған кездегі іс-шаралар қамтылған. ТЖ туындағанда және оны жою кезінде Компания қызметкерлерін уақтылы хабардар ету үшін ТЖ жою жоспарының бөлігі болып табылатын Байланыс және хабарлау жоспарлары, Өрт сөндіру жоспары қолданысқа енгізіледі.

Ықтимал ТЖ жою бойынша іс-қимылдарға дайындықты тексеру үшін Компания жыл сайынғы республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысады, жер сілкінісі қаупі жоғары аймақтарда (Оңтүстік, Шығыс, Батыс) объектілік оқу-жаттығулеп мен сейсмикалық оқу-жаттығулар өткізеді. Бұл оқу-жаттығуларда жоспарларды әзірлеудің толықтығы, азаматтық қорғаныс құрамаларының үйлесімділігі, ЖЭС-та авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын күштер мен құралдардың әрекетін тексереді. 2-25

Төмендегі қызеттің негізгі көрсеткіштері 1-стратегиялық мақсатқа қол жеткізу индикаторлары ретінде айқындалады: Grid Availability (GA немесе электрторабының қолжетімділігі, есептік жыл үшін %-бен өлшенеді) және AIT (Average Interruption Time – орташа үзіліс уақыты, минутпен).

Компания есептік 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның стратегиялық ҚНК-сына қол жеткізді және жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті:

1-Мақсатты іске асыру индикаторлары

ҚНК атауы	2018 факт	2019 факт	2020 факт	2021 факт	2022 жоспар	2022 факт
GA, %	индикаторлар 2021 жылғы желтоқсанда анықталды				99,99874	99,99987
AIT, мин.					6,607	0,682

Кәсібилік, қауіпсіздік пен құндылықтар

4

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«KEGOC» АҚ ӨЗІНІҢ ЭКОНОМИКАҒА, ЭКОЛОГИЯ МЕН ҚОҒАМҒА ӘСЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ТҮСІНЕДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНДЫ ӨСІРУГЕ ТАЛПЫНА ОТЫРЫП, БҰҰ ТДМ МЕН ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ҚОЛДАУМЕН ӨЗІНІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

0,45 LTIFR

Еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтатын жарақаттану жиілігі коэффициенті

2022 жылы «KEGOC» АҚ алғаш рет қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөнінде форум өткізді

86 %

Әлеуметтік тұрақтылық индексі (SRS)

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде жарияланған және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қорғайды және құрметтейді, барлық қызметкерлерге тең дәрежеде еңбек жағдайын жасау тәжірибесін жалғастырады.

Қоршаған орта

КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

7 КЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ
12 ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ
13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

7,05 %

ОЭР тұтынуды азайту

«KEGOC» АҚ алғашқы «жасыл» облигацияларды шығарды. 2022 жылғы желтоқсанда «KEGOC» АҚ жалпы көлемі 16,1 млрд теңгені құрайтын «жасыл» облигациялары KASE сауда алаңында 3% маржамен сәтті орналастырылды.

3,28 %

Бензин мен дизель отынды тұтынуды азайту

«KEGOC» АҚ 2060 жылға дейін көміртегі іздерін азайту бағдарламасын әзірледі

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Негізгі құжаттар
■ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы
■ Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық
■ Экологиялық саясат
■ Сапа, экология, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау саласындағы мақсаттар
■ Экологиялық аспектілердің тізілімі
■ Экологиялық менеджмент жүйесін жоспарлауды басқару стандарты
■ Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі %



Экология мәселесі	28,0%
Басқа да мәселелер	72,0%

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті %



Экология мәселесі	50,0%
Басқа да мәселелер	50,0%

«KEGOC» АҚ Басқармасы %



Еңбекті қорғау, экология мәселелері	17,6%
Басқа да мәселелер	82,4%

2-12, 2-13

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау қызметін күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау болып табылады.

«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ-ты дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергия үнемдеу және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану болып табылады. «KEGOC» АҚ басшылығы Экологиялық саясатқа сәйкес қабылданған тұрақты түрде жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерді іске асыру, сонымен қатар қолданыстағы заңнамалық және «KEGOC» АҚ өзінің экологиялық аспектілері бөлігінде қатысы бар басқа да талаптарға сәйкестігі үшін жауапкершілікті алады. Компанияның әрбір қызметкері, сонымен қатар Компания мүддесінде жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері «KEGOC» АҚ-ның Экологиялық саясатымен таныстырылады. 2-23, 2-24

Компанияда «KEGOC» АҚ Біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін экологиялық менеджмент жүйесі ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталған және енгізілген. Оны енгізу мен жұмыс істеудің негізгі мақсаты Компанияның өндірістік және экономикалық қызметінің экологиялық аспектілеріне әсерін күшейтуге мүмкіндік беретін басқарудың жаңа әдістерін қолдану болып табылады. Экологиялық аспектілерді басқару «KEGOC» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің элементі болып табылады.

Жүйені тиімді басқару мақсатында «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылға арналған экологиялық аспектілерінің тізілімдері әзірленді. Аспектілерді анықтау кезінде Компания қызметінің экологиялық әсерінің барлық компоненттері (энергия үнемдеу, су, топырақ, шығарындылар, қалдықтар) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2022 жылға арналған Экологиялық бағдарламасында белгіленген. 2022 жылы «құрамында полихорланған дифенилдер (ПХД) болуы ықтимал қалдықтар», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» маңызды экологиялық аспект болып анықталды. «Құрамында полихорланған дифенилдер (ПХД) болуы ықтимал қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес полихорланған дифенил қауіпті зат болып табылатындығына байланысты. «Трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуымен байланысты.

2022 жылы «KEGOC» АҚ-ға қатысты қаржылық және қаржылық емес санкциялар, сонымен қатар экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған айыппұлдар болған жоқ. 2-27

Компанияға қоршаған ортаға әсеріне байланысты өтініштер түскен жоқ.

Атмосфералық ауаға әсері

Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі енгізілгеннен бастап ЖЭТ филиалдарының негізгі бөлігі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органның шешімімен III және IV санаттағы объектілер үшін эмиссиялар нормативтері белгіленбейтін IV санаттағы объектілер ретінде айқындалды.

Алайда, филиалдарды мониторингтеу мақсатында экологиялық бақылаудың ішкі бағдарламасы әзірленді. Оған сәйкес 2022 жылы ЖЭТ филиалдарында стационарлық көздердің шығарындылары бойынша тоқсан сайын есеп қалыптастырылды. Ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу жабдықтың әр бірлігінің жұмыс уақыты мен материалдардың шығынын ескере отырып, есептеу әдісімен жүргізілді.

II санаты бар филиалдарда экологиялық мониторингті мамандандырылған ұйымдар есептеу арқылы немесе зертханалық өлшемдермен жүргізеді.

2022 жылы стационарлық көздерден ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының көлемі 9,209 т (белгіленген норматив – 11,63 т) құрады. Осылайша, стационарлық көздерден ластаушы заттардың жалпы шығарындылары (нормативтерге қатысты) 20%-ға төмендеді. 305-7

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жылжымалы көздерден шығарындылар есептелмейді, есептілікте пайдаланылған отынның мөлшері көрсетіледі. Автокөліктің атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдардың уыттылығы мен түтініне тексеру жүргізілді.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды. 305-6, EU5

ЖЭК-ті дамыту, Қазақстанның энергетикалық жүйесіне интеграциялау есебінен экономиканы карбонсыздандыруды қамтамасыз ету «KEGOC» АҚ негізгі қызметтің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері және электр желілік компания және жүйелік оператор ретіндегі қоршаған ортаға неғұрлым елеулі оң әсері болып табылады.

2022 жылы өтпелі климаттық тәуекелді төмендету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қабылданған төмен көміртекті даму тұжырымдамасын және «KEGOC» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған бекітілген даму стратегиясын ескере отырып, Компания «KEGOC» АҚ-ның 2031 жылға дейінгі төмен көмірсутекті даму бағдарламасын және «KEGOC» АҚ-ның 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы пайымын әзірледі.

Қор компаниялары тобында көміртегі ізін 2031 жылға қарай 10%-ға дейін төмендету бойынша қабылданған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын ескере отырып, «KEGOC» АҚ парниктік газдар шығарындыларын азайтуға өз үлесін қосуда. Төмен көміртекті күн тәртібінің интеграциясы компанияға ЖЭК қосылуын қамтамасыз ететін электр желілік компания және жүйелік оператор ретінде үлес қосып қана қоймай, «KEGOC» АҚ-ның инвестициялық тартымдылығын, энергетикалық ауысу жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен қатар Компанияның климаттық амбицияларын мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеудің мақсаты көміртегі ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелеу болып табылады, соның ішінде:

1. жүзеге асырылатын өндірістік қызметті ескере отырып, көміртегі ізін азайтудың қолда бар әлеуеті мен мүмкіндіктерін талдау және бағалау;
2. карбонсыздандыру саласындағы негізгі бағыттарды және көміртегі ізін азайту жөніндегі шараларды айқындау;
3. 2060 жылға дейін CO_2 шығарындыларының трендтерін арттыру;
4. Компания персоналының, оның ішінде көміртегі ізін азайту саласында болып жатқан әлемдік трендтер туралы хабардарлығын арттыру.

Бағдарламаны әзірлеу шеңберінде ағымдағы ахуалды талдау жүзеге асырылды және CO_2 (Scope 1 және 2) тікелей және жанама шығарындыларының негізгі көздері мен көрсеткіштері айқындалды. Компанияның өз қызметін жүзеге асыру кезінде көміртегі ізін төмендету үшін іс-шаралар және «KEGOC» АҚ көміртегі ізін төмендету мониторингі үшін негізгі индикаторлар айқындалды.

«KEGOC» АҚ-да парниктік газдардың тікелей шығарындыларының (Scope 1) негізгі көздері:

- **мобильді көздер -** өндірістік қызметтің негізгі түрлерін, оның ішінде пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары;
- **стационарлық көздер -** байланыс құралдарының авариялық жағдайларында, сонымен қатар пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын стационарлық және тасымалданатын электр станциялары мен электр энергиясының генераторлары.
- «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының қосалқы станцияларының қажетті жабдығы болып табылатын **элегазды ажыратқыштар.**

Жанама шығарындылар көздеріне (Scope 2) мыналар жатады:

- Компания сатып алатын, технологиялық мақсаттарға пайдаланылатын электр энергиясын, оның ішінде Қазақстан Республикасының ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу кезінде оның технологиялық шығынын өтеу үшін электр энергиясын (жеткізу кезіндегі шығынды), сонымен қатар ғимараттарды, үй-жайларды, аумақтарды жылыту, жарықтандыру қажеттіліктеріне және т.б. өндірген кезде пайда болатын шығарындылар;
- өндірістік және өндірістік емес үй-жайларды жылыту қажеттіліктері үшін пайдаланылатын компания сатып алатын жылу энергиясын өндіру кезінде пайда болатын шығарындылар.

Жүйелік оператор және электр желісінің операторы ретінде Компанияның өзінің жаңартылатын генерациясын дамыту және ЖЭК құрылысы жөніндегі жобаларды іске асыру жөніндегі міндеттерді қоюға құқығы жоқ, өйткені бұл Қазақстан Республикасы БЭЖ жүйелік операторының функцияларын іске асыру тұрғысынан мүдделердің ықтимал қайшылығын туындатады.

Компания «жасыл» электр энергиясын сатып алуды өзінің көміртегі ізін азайту бағдарламасын іске асырудың негізгі шарасы ретінде көреді:

1. қолданыстағы заңнамаға сәйкес ЖЭК жобаларын іске асыруды қолдаудың елдік схемасы *(бүгінгі күні шамамен 4% деңгейінде)* және / немесе
2. қолданыстағы және перспективалы ЖЭК объектілеріндегі екіжақты келісімшарттар.

Бағдарламаның тағы бір маңызды бағыты энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі тиісті әлеуетті іс-шаралармен ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қажетті іс-шараларды іске асыру болады. Осылайша, Бағдарламаны іске асырудың негізгі механизмдері қазіргі уақытта да, болашақта да жүзеге асырылатын энергетикалық аудиттерді жүргізу, энергия тиімділігін арттыру іс-шараларын әзірлеу, сонымен қатар энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыру бағдарламаларын іске асыру болады.

Сонымен қатар, Компанияның ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағытындағы ең жақсы нәтижелеріне ұтымгерлік ұсыныстар енгізу үшін компания қызметкерлерін ынталандыру құралдарымен энергия тиімділігін арттыру саясатын енгізу, ҒЗТКЖ арқылы жаңа технологияларды енгізу, пилоттық жобалар мен сынақтарды іске асыру жатады.

Бағдарламада 2031 жылға дейін төмен көміртекті дамуға қол жеткізу индикаторлары тіркелген:

- **Scope 1 бойынша (тікелей шығарындылар) –** 2030 жылға қарай шығарындылар деңгейін 2%-ға төмендетуге қол жеткізу үшін іштен жану қозғалтқыштары бар жеңіл автокөлікті төмен көміртекті отынмен (электромобильдер, LPG) ұқсас көлік түрлеріне біртіндеп ауыстыру арқылы;
- **Scope 2 бойынша (жанама шығарындылар) –** ЖЭК-тен «жасыл» электр энергиясын сатып алу үлесін біртіндеп ұлғайту және оған 2031 жылға қарай 20% деңгейінде қол жеткізу арқылы. 201-2, 2-24

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес «Экономиканың реттелетін секторларында парниктік газдардың квоталанатын шығарындыларының көлемі жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатын қондырғы квоталанатын қондырғы болып танылады». «KEGOC» АҚ квоталанатын субъект болып табылмайды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның «Климаттың өзгеруі туралы» негіздемелік конвенциясының, Киото хаттамасының, Париж келісімінің талаптарына сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті әзірледі және верификациялады. Деректер операциялық тәсілді қолдана отырып, жалпы корпоративтік деңгейде шоғырландырылған. Есептеу шекараларына CO_2, CH_4, N_2O, SF_6 парниктік газдары кірді. Scope 1 тікелей шығарындыларының есептеулерінен деректердің жеткіліксіздігіне және олардың айтарлықтай көлемінің болмауына байланысты ауаны баптау жүйелерінен парниктік газдар шығарындылары алынып тасталды. Scope 3 парниктік газдар шығарындылары деректердің жеткіліксіздігіне байланысты есепке енгізілмеген. 305-3

2022 жыл базалық болып таңдалды, өйткені GHG Protocol әдістемесі бойынша парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті «KEGOC» АҚ алғаш рет әзірледі. Егер жаңа санат қосылса немесе дәлірек әдістемеге көшу жүзеге асырылса, базалық жыл қайта есептеледі. 305-5

Шығарындылар коэффициенттері электр энергетикасы саласындағы кәсіпорындарға арналған КӨҰАТ (IPSS (Intergovernmental panel on climate change) парниктік газдарды ұлттық түгендеу нұсқауларына сәйкес есептелген, климаттың өзгеру коэффициенттері БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі жұмыс тобы отырысының он тоғызыншы сессиясының баяндамасы бойынша қабылданған.

Шығарындылар	Барлығы	CO_2	CH_4	N_2O	SF_6
	т CO_2 экв	т	т CO_2 экв	т CO_2 экв	т CO_2 экв
Scope 1	8 887	8 721	40	126	0
Scope 2	2 632 728	2 632 72	-	-	0

305-1, 305-2

Компания электр энергиясын ҚР ҰЭТ арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының технологиялық шығынын өтеу үшін сатып алатын электр энергиясын өндіру кезінде пайда болатын шығарындылар Scope 2 жанама шығарындыларындағы ең үлкен үлесін (жеткізу кезіндегі шығындар) құрайды. Технологиялық шығынның шамасы транзиттік электр жектізу желілерінің ұзындығына байланысты және көрші мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты және импорты), климаттық жағдайларына байланысты және Компания оның алдын ала алмайды.

2022 жылғы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу жөніндегі есепті (Scope 1, Scope 2) валидация және верификация жөніндегі орган ҚР СТ ISO 14064-3-2019 талаптарына сәйкес WRI/WBCSD GRI 305 Emissions 2016, CDP Climate Change 2021 Reporting Guidance парниктік газдар бойынша хаттамаға (GHG Protocol) сәйкестігін маңыздылық деңгейі 2% болатын қисынды сенімділік деңгейі негізінде верификациялады. 2-23

Компания элегазды жабдықтар болып табылатын элегазды ажыратқыштарды (SF6) пайдаланады. Жүргізілген жаңғырту шеңберінде қосалқы станцияларда жоғары сапасы, сенімділігі және экологиялылығымен сипатталатын ABB, Siemens, GE фирмаларының кернеуі 110-500 кВ заманауи элегаздық ажыратқыштар орнатылды. Элегазды ажыратқыштарды пайдалануды оқытылған

персонал қатаң нұсқаулықтар мен регламенттерге сәйкес жүргізеді, элегазды пайдалануды бақылау және мониторингілеу жүргізіледі, 2016-2022 жылдары ағып кету жылына орта есеппен 0,03% құрады, 2022 жылы ағып кету болған жоқ.

Бүгінгі таңда кернеуі 220-500 кВ вакуумдық ажыратқыштар шығарылмайды және кернеудің бұл класында элегазды ажыратқыштарға балама жоқ. 110 кВ вакуумдық ажыратқыштарды қолдану әлемде кең таралмаған, сондықтан қазіргі уақытта бұл ажыратқыштар Компанияда қолданылмайды.

Қосалқы станцияларда реконструкциялау кезінде элегазды пайдалануды азайту үшін кернеуі 6-10-35 кВ экологиялық қауіпсіз вакуумдық ажыратқыштар қолданылады.

Парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенті (жалпы Scope 1 Scope 2) жетізілген электр энергиясының МВт·сағатына 0,045 тонна CO_2-ні құрайды. 305-4

2022 жылы экологияны жақсартуға және көміртегі ізін азайту саласындағы әлемдік трендерді қолдауға үлес қосу мақсатында Компания қызметкерлері Астана қаласында, Қазақстан Республикасының Алматы, Батыс және Солтүстік өңірлерінде 570-ке жуық ағаш және бұта көшеттерін отырғызды.

Қалдықтарды басқару

Өндіріс қалдықтары ҚС жабдықтарын пайдалану, жөндеу және жаңарту кезінде пайда болады. «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару ұйым стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Стандартқа сәйкес барлық қалдықтар қауіпті және қауіпті емес болып бөлінеді.

«KEGOC» АҚ бөлімшелеріндегі қалдықтардың көлемі

Көрсеткіш, тонна	2022 жыл
Қауіпті қалдықтар	11,312
Қауіпті емес қалдықтар	2 624,673
Барлығы	**2 635,985**

Қалдықтардың тізбесі және олардың қауіптілік деңгейі қажеттілігіне қарай жаңартылады.

ЖЭТ филиалдары жыл сайын қалдықтардың шыққан жері бойынша пайда болу процестерінің сипаттамасын, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу қағидаларын, оларды бақылау әдістерін, осы қалдықтардың қоршаған ортаға әсер ету түрлерін, қалдықтарды өндірушілер туралы мәліметтерді қамтитын әрбір түр үшін қалдықтардың паспорттарын әзірлейді немесе түзетеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ЖЭТ филиалдарында оларды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған орындар анықталды, қалдықтарды экспликациясы бар объектілердің аумағында орналастырудың карта-схемалары әзірленді, кейіннен кәдеге жарату үшін уақтылы шығару қамтамасыз етілді.

2022 жылы «Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, құрамында тұрақты органикалық ластағыштармен және қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) сәйкес «KEGOC» АҚ ҚС жабдықтарында ПХД анықтау бойынша жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары құрамында ПХД бар жабдықтарды есепке алу тізілімдерін жаңартты, тізілімдер белгіленген мерзімде аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарына тапсырылды.

2022 жылы «Ақмола ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ» филиалдарының маймен толтырылған жабдықтарында ПХД-ның болуына зерттханалық талдаулар жоспарланып, жүргізілді. Олардың қорытындысы бойынша ПХД табылған жоқ.

Кәдеге жаратуға берілген қалдықтардың жалпы көлемі - 2 635,985 тонна, оның ішінде қауіпті қалдықтар - 11,312 т. Бұл қалдықтардың жалпы көлемінің 0,5%-ын құрайды. Сонымен қатар 2022 жылы шарттық негізде қалпына келтіру және одан әрі пайдалану үшін келесі көлемдер берілді:

- **қара металл сынықтары –** 1 131,16 тонна;
- **түсті металл сынықтары –** 37,697 тонна;
- **пайдаланылған сым –** 2 413,088 тонна.

2022 жылы қалдықтарды азайтуға үлес қосу үшін Компания қызметкерлері «мұқтаждарға көмек» қайырымдылық қоры» қоғамдық қорымен бірлесіп, одан әрі қайта өңдеу және қайта пайдалану үшін макулатура жинау (960 кг жиналды) акциясына қатысты. Түскен қаражат Астана қаласындағы балалар үйінің қажеттіліктеріне жолданды.

Су объектілеріне әсері

Су Компанияның технологиялық процесінде пайдаланылмайды. «KEGOC» АҚ-да суды тұтыну көлемі шамалы және Компания қызметі су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Су тұтыну және су тарту ЖЭТ филиалдары мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Су объектілеріне және рельефке қалдықтар төгілмейді. «KEGOC» АҚ 7 филиалының объектілері артезиандық сумен жабдықталған. Ұңғымалар алынған рұқсаттарға сәйкес пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың су жинағыш жер асты суларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Май толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформатор майы, сонымен қатар шаруашылық қажеттіліктер үшін суды пайдалану нәтижесінде пайда болатын ағынды сулар Компания объектілеріндегі су объектілері мен топырақтың ластануының ықтимал көзі болып табылады. «KEGOC» АҚ жабдығын таңдау кезінде оның экологиялық таза болуы басым критерийлердің бірі болып табылады. Май ажыратқыштарды элегазды және вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру жоспарлы түрде жүргізіледі. Бұл ЖЭТ филиалдарының ҚС-да пайдаланылатын трансформаторлық майының көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, жер асты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайды. Маймен толтырылған жабдық май қабылдағыш құрылғылармен немесе паллеттермен жабдықталған. Бұл майдың топыраққа түсуін болдырмайды. Май қабылдағыштардың үйіндісі үнемі тексеріліп тұрады.

Биоалуантүрлілікке әсері

«KEGOC» АҚ электр желілік компания және жүйелік оператор ретінде жануарлар мен өсімдіктер әлеміне айтарлықтай әсер етпейді.

Жобаларды, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде Компания қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау мәселелеріне кешенді ықпал етеді.

Электр желілік объектілерді жобалау сатысында экологиялық тәуекелдерді басқару үшін ӘЖ трассалары мен ҚС

алаңдарының елді мекендердің жерлері мен аумақтары, соның ішінде ауылдарды, кенттерді, қалаларды перспективалық дамытуға, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін, табиғи қорықтарды, орман шаруашылықтарын, су қорғау аймақтарын, суармалы егістіктерді, ерекше қорғалатын аумақтарды, мәдени мұра объектілерін және тарихи ескерткіштерді дамытуға көзделген жерлер арқылы өтуіне жол берілмейді. ӘЖ трассалары негізінен дала және шөлейт жерлер арқылы өтеді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының қағидаттарына, атап айтқанда экологиялық ақпаратқа қол жеткізу қағидатына және қоғамдық қатысу қағидатына сәйкес жүзеге асырады. Кез келген құрылыс және реконструкция жобаларын қарау кезеңінен өту кезінде қоғамдық тыңдаулар немесе қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жобаларын талқылау міндетті кезең болып табылады. 2-26

ҚОӘБ өту кезінде көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлердің барлық процестері ескеріледі. Оған атмосфералық ауаға, су айдындары мен жер асты суларына әсер ету, жер бедері, биоалуантүрлілікті, жануарлар дүниесін сақтау кіреді. Жобалардың тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау тұрақты негізде және жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қамтитын PESTEL-талдауы қолданылады. Қоршаған ортаға, оның ішінде биоалуантүрлілікке әсерін бағалаудың нәтижелері ескеріледі және қоршаған ортаға ең аз зиян келтіретін нұсқа қабылданады.

«KEGOC» АҚ-ның биоалуантүрлілікке оң әсері электр жеткізу желілерінің бөлігі жолақтарында, сонымен қатар қосалқы станциялардың айналасындағы санитарлық аймақтарда дәстүрлі мекендеу орындарын сақтауға жәрдемдесу болып табылады.

Әлемдік зерттеулердің нәтижелері бойынша кернеуі 0,4–10 кВ электр жеткізу желілері жерге тұйықталған траверс немесе тіректің басқа жерге тұйықталған бөліктері мен кернеудегі сымдар арасындағы қашықтықтың қысқа болуына байланысты құстарға қауіп төндіреді. Ұшу немесе жақын ұшу кезінде құстар жерге тұйықталған траверске және ток өткізгіш сымға бір уақытта тиген кезде олар үшін өлімге әкелетін қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін.

«KEGOC» АҚ-ға тиесілі әуе желілерінің 99,4%-ы кернеуі 110 кВ және одан жоғары жоғары вольтты желілерді құрайды. Тіректердің жерге тұйықталған бөліктері мен ӘЖ-нің ток өткізгіш бөліктері арасындағы ең аз қашықтық кемінде 1,5 метрді құрайды. Демек, құстардың қанаттарының кеңдігі «сым – желінің жерге тұйықталған бөлігі» тізбегін тұйықтауға мүмкіндік бермейді және бұл сызықтар құстар мен жарғанаттар үшін электр тоғының соғу қаупін тудырмайды. Соған қарамастан, «KEGOC» АҚ траверстердің құстардың қонуы ықтммал жерлеріне 7 мыңнан астам арнайы құс қорғау құрылғыларын орнатты. Олар құстардың желі элементтеріне отыруына жол бермейді.

Компания биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы даму нарығын үнемі зерттейді, ұқсас компаниялардың тәжірибесімен танысады және табиғатты қорғау ұйымдарымен байланыста болады. Осылайша, 7 желтоқсанда төтенше жағдайдағы экожүйелерді сақтау үшін Ынтымақтастық қорының (Critical Ecosystem Partnership Fund, CEPF), the Altai Project халықаралық ұйымының және Ресейдің қауырсынды жыртқыштарды зерттеу және қорғау желісінің (RRRCN) қолдауымен «Биоалуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» қоғамдық қоры (BRCC Research&Conservation) ұйымдастырған «Құстар және энергетика: тұрақты дамуды іздеу» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысты.

Энергия тиімділігі

«KEGOC» АҚ-ның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі міндеттері тұтынылатын отын-энергетикалық ресурстардың көлемін азайту, оның ішінде «KEGOC» АҚ объектілерінің өз қажеттіліктеріне энергия ресурстарының шығынын азайту есебінен, оны ҰЭТ арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының технологиялық шығыстарын азайту, энергия шығындарын бақылау механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясын және басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандыру, осы есептеу құралдарының негізінде ақпарат жинау процесін ұйымдастыру болып табылады.

2022 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну, ГДж[1]

Электр энергиясы	**10 169 639,51**
Жылу энергиясы	**84 842,87**
Жанармай	**120 145,7**
соның ішінде:	
■ мотор бензині	40 918,42
■ дизель отыны	75 481,13
■ табиғи газ	3 237,41
■ сұйытылған газ	508,78
Барлығы	**10 374 628,12**

2022 жылы отын-энергетикалық ресурстарын тұтыну 2021 жылмен салыстырғанда желіге босату көлемінің азаюына, тиісінше электр энергиясының ысыраптары көлемінің азаюына байланысты 788 170,43 ГДж-ға азайды. 302-1, 302-4, 302-5

2022 жылы меншікті энергия тұтыну жеткізілген электр энергиясының 1 мың кВт * сағ үшін 0,18 ГДж құрады. 302-3

Энергия тұтынуды азайту тұрғысынан алғанда ең үлкен нәтиже электр желілері арқылы жеткізу бойынша электр энергиясының технологиялық шығынын азайту шаралары болып табылады.

Қазақстанның электр энергетикалық жүйесі негізінен солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ұзартылған (шамамен 1 000 км) транзиттік электр жеткізу желілерінің болуымен сипатталады (Қазақстанның Солтүстік – Оңтүстік транзиттерінің негізгі бағыттары, Павлодар облысы – Ақтөбе облысы) – бұл елдің үлкен аумағымен байланысты және электр энергиясының технологиялық шығындарының (техникалық ысыраптардың) деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. «KEGOC» АҚ желісіндегі техникалық ысыраптар көрші мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты және импорты) және климаттық жағдайларға да байланысты.

[1] Джоульге қайта есептеу кезінде халықаралық бірліктер жүйесі қолданылды, ӘҚ.

2022 жылғы «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясы ысырабының құрылымы

%

ҚС ЖҚ	3%
Желілердегі жүктеме шығыны	63%
ТӘЖ	20%
Трансформаторлардағы жүктеме шығыны	1%
Трансформаторлардағы бос жүріс	4%
Реакторлар	9%

«KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы техникалық шығындары 2,796 млрд кВт·сағ немесе электр энергиясын желіге босатудың 4,9%-ын құрады. EU12

Бұл ретте электр энергиясының техникалық ысыраптары электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізу кезінде орын алатын сымдар мен электр жабдықтарындағы физикалық процестерге байланысты электр энергиясының ысыраптары екенін есте ұстаған жөн, тиісінше электр желілеріндегі электр энергиясының ысыраптарын азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің негізгі мақсаты электр энергиясының техникалық ысыраптарының нақты мәнін олардың оңтайлы деңгейіне жеткізу болып табылады.

Климаттың өзгеруі электр энергиясын жеткізу кезінде артық шығындар тәуекеліне әкелуі мүмкін. Сондықтан Компания осы тәуекелді азайту, сонымен қатар электр энергиясының ысырабын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезінде климаттық факторларға талдау және «KEGOC» АҚ желісіндегі электр энергиясының нақты ысыраптарына талдау жүргізеді.

Электр энергиясының шығынын азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде 2022 жылы электр энергиясының шығынын төмендету 3,932 млн кВт·сағ құрады.

Іс-шара	Іс-шаралардың әсері	
	млн кВт·сағ	ГДж
Шағын жүктеме режимінде желілерді ажырату	0,260	936
Шағын жүктеме режимінде күштік трансформаторларды ажырату	3,672	13 219
Барлығы «KEGOC» АҚ	**3,932**	**14 155**

302-4, 302-5

Кадр саясаты

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

4 САПАЛЫ БІЛІМ

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

86 %

әлеуметтік тұрақтылық индексі (SRS)

8,13 %

Кадрлардың тұрақтамауы

«KEGOC» АҚ-ның 25 жылдығын мерекелеу қарсаңында сіңірген еңбегі үшін 1 047 қызметкер наградалармен және мерейтойлық медальдармен наградталды, барлық қызметкерлерге біржолғы сыйлықақы төленді.

Қызметкерлердің жалақысы көтерілді

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Негізгі құжаттар
2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы
Мінез-құлық кодексі (Іскери этика)
Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылық
«KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты
Персоналды оқыту және дамыту стандарты
Персоналды іздеу және іріктеу қағидалары
Қызметкерлердің қызметін бағалау қағидалары
Таланттарды басқару қағидалары
Персоналға еңбекақы мен сыйақы төлеу қағидалары
Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары
Қызметкерлердің сіңірген еңбектерін ынталандыру және тану қағидалары

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі %



Кадр саясаты мәселелері	22,0%
Басқа да мәселелер	78,0%

«KEGOC» АҚ Басқармасы %



Кадр саясаты мәселелері	19,8%
Басқа да мәселелер	80,2%

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет %



Кадр саясаты мәселелері	100%

2-12, 2-13

«KEGOC» АҚ-ның кадрлық әлеуеті Компания дамуының табысын айқындайтын аса маңызды стратегиялық фактор болып табылады. «KEGOC» АҚ адами ресурстар менеджменті Корпоративтік басқару кодексінің, мінез-құлық (іскерлік этика) кодексінің, біріктірілген менеджмент жүйесінің, Кадрлық саясатының, «KEGOC» АҚ персоналын ынталандыру саласындағы ішкі құжаттардың қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде жарияланған және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қорғайды және құрметтейді және жынысына, тіліне, нәсіліне, дінге көзқарасына, жыныстық бағдарына немесе гендерлік бірегейлігіне байланысты құдалаудың немесе кемсітудің кез келген нысандарын қоспағанда, барлық қызметкерлерге тең еңбек жағдайларын жасау практикасын жалғастырады. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалардың еңбегін мен мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды. 2-23, 406-1

«KEGOC» АҚ Кадрлық саясаты жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және меритократияға бағдарланған тиімді корпоративтік мәдениет арқылы «KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін аса маңызды зияткерлік және кәсіби ресурс ретінде кадрлық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған.

Кадрлық саясат «Самұрық-Қазына» АҚ және «KEGOC» АҚ Даму стратегиялары, Кадрлық саясатының тұжырымдамасы, Топтың адами ресурстарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарты, Топтың еңбек ресурсталарын жоспарлау жөніндегі корпоративтік стандарты, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін адами ресурстарды басқару жөніндегі референстік модель негізінде әзірленді.

Кадрлық саясат «KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды қолдауға бағытталған адами ресурстарды басқару саласындағы стратегиялық құжат болып табылады.

«KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруға арналған Кадрлық саясаттың мақсаттары:

- меритократия қағидаттарын ұстануды қамтамасыз ету, соның ішінде іздеу және іріктеу, оқыту және дамыту, қызметкерлердің қызметін бағалау және сыйақыны басқару;
- нысаналы корпоративтік мәдениетті дамыту;
- таланттарды басқару және мансаптық жоспарлау жүйесін жетілдіру;
- Компанияның табысты қызметіне ықпал ететін әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу;
- сабақтастық және білім беру саясатын сақтау;
- мамандарды цифрлық технологияларды қолдануға үйрету.

«KEGOC» АҚ Кадрлық саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі өндірістік персонал қызметкерлері арасында айқындалатын әлеуметтік тұрақтылық деңгейі болып табылады. 2022 жылы SRS индексі 86%-ды құрады. Бұл жалпы алғанда қолайлы әлеуметтік жағдай мен Компанияда жүргізіліп жатқан табысты әлеуметтік саясатты көрсетеді.

Көрсеткіштің атауы	2018	2019	2020	2021	2022
SRS индексі	85	90	91	85	86

Персонал құрылымы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Компания қызметкерлерінің тізімдік саны (ЕҰ есепке алғанда) 4 376 адамды құрады.

Қызметкерлер саны



Өңірлер бойынша қызметкерлердің құрылымы

	%
Ақмола ЖЭТ	13%
Ақтөбе ЖЭТ	6%
Алматы ЖЭТ	11%
Шығыс ЖЭТ	7%
Батыс ЖЭТ	5%
Сарыбай ЖЭТ	9%
Солтүстік ЖЭТ	9%
Орталық ЖЭТ	9%
Оңтүстік ЖЭТ	10%
ЖО ҰДО	2%
Атқарушы компания	8%
«Энергоинформ» АҚ	11%

Жасы бойынша қызметкерлердің құрылымы %



30-ға дейін	17%	51-60	25%
31-40	31%	61-ден үлкен	4%
41-50	23%		

Қызметкерлердің жұмыс өтілі бойынша құрылымы %



< 1 жас	6%	10-15 жас	17%
1-3 жас	9%	15-20 жас	15%
3-5 жас	9%	> 20 жас	25%
5-10 жас	19%		

Қызметкерлердің ұлты бойынша құрылымы %



Қазақтар	73%	Украиндар	3%	Корейлер	1%
Орыстар	18%	Белорустар	1%	Татарлар	1%
Немістер	1%	Өзбектер	1%	Басқалары	1%

Қызметкерлердің жұмыспен қамту түрі бойынша құрылымы %



Тұрақты	98%
Уақытша	2%

Гендерлік сипаты бойынша қызметкерлердің құрылымы %



Ерлер	77%
Әйелдер	23%

Санаттар бойынша қызметкерлердің құрылымы %



Басшылар	14%
Мамандар	47%
Жұмысшылар	39%

Қызметкерлердің білімі бойынша құрылымы %



Жоғары	70%
Орта-арнайы	21%
Орта	9%

Көрсеткіш		Барлығы	Үлесі, %	ӘП	ӨП	Басшылар	Басшылықтағы үлесі, %
Тізім бойынша саны		**4 376**	**100**	**535**	**3 841**	**619**	**100,0**
Жынысы	ерлер	3 367	76,9	166	3 201	552	89,2
	әйелдер	1 009	23,1	369	640	67	10,8
Ұлттық белгілері бойынша топтар	қазақтар	3 179	72,6	463	2 716	451	72,9
	орыстар	802	18,3	46	756	110	17,8
	украиндар	123	2,8	4	119	19	3,1
	татарлар	62	1,4	5	57	12	1,9
	немістер	57	1,3	4	53	7	1,1
	басқалары	153	3,5	13	140	20	3,2
Жас топтары	< 30 жас	730	16,7	53	677	49	7,9
	30-50 жас	2 319	53,0	376	1 943	355	57,4
	> 50 жас	1 327	30,3	106	1 221	215	34,7

Жергілікті тұрғындардан (Қазақстан Республикасының азаматтары) жалданған жоғары дәрежелі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері) жалпы үлесі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 90,9%-ды құрайды.

Кадрлардың тұрақтамауы

%



Белгіленген шекті мән

401-1

2022 жылы персоналдың динамикасы

адам

Компаниядан кеткендер

Компанияға қабылданғандар

2022 жылы Компаниядан кеткен қызметкерлердің «KEGOC»АҚ-да жұмыс істеу ұзақтығы



Компанияда жұмыс істеген орташа ұзақтық, жыл

Саны, адам

EU14

2022 жылы «KEGOC»АҚ-да кадрлардың тұрақтамауының қорытынды мәні белгіленген «10%-дан жоғары емес» шекті мәні кезінде 8,13%-ды құрады. Бұл ретте ерлер арасында кадрлардың тұрақтамауы 7,35%-ды, әйелдер арасында 3,23%-ды құрады. 2022 жылы Компаниядан кеткен ерлердің орташа жұмыс өтілі 13,5 жылды (451 адам), әйелдердің - 14,2 жылды (124 адам) құрады. **401-1, EU14**

Кадрлардың тұрақтамауы тәуекелін басқару мақсатында Компанияда мынадай алдын алу іс-шаралары жүргізіледі:

- әлеуметтік қолдау көрсету, еңбегін көтермелеу және тану, таланттарды басқару, оқыту және дамыту рәсімдері;
- орташа нарықтық жалақының мониторингі, еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру;
- әлеуметтік рейтингтерді анықтау бойынша сауалнама жүргізу.

Қызметкерлерді жалдау саласындағы саясат

Іздеу және іріктеу біліктілік деңгейіне, кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін ең лайықты кандидаттарды тағайындауға бағытталған. Кандидаттарды таңдау меритократия, ашықтық және объективтілік қағидаттарын сақтай отырып, конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Тең жағдайларда сабақтастық және таланттарды басқару бағдарламаларын іске асыру мақсатында ішкі кандидаттарға басымдық беріледі.

«KEGOC» АҚ барлық үміткерлерге олардың ұлттық және нәсілдік ерекшеліктеріне, жынысына, жасына, отбасылық және әлеуметтік жағдайына немесе басқа да ерекше қасиеттеріне қарамастан тең мүмкіндіктер береді.

Ынталандыру жүйесі

Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйақы беру жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

2022 жылғы 1 ақпаннан бастап әлеуметтік әділеттілік абсолютті мәнде жалақыға әсерді ескере отырып, жалақы көтерілді. Осылайша, барлық жұмысшы персоналдың жалақысы 45 000 теңгеге немесе орта есеппен 25%-ға өсті. Инженерлік-техникалық қызметкерлер мен мамандардың жалақысы да 45 000 теңгеге немесе орта есеппен 18%-ға көтерілді. Ал орта буын басшыларының жалақысы 30 000 теңгеге немесе орта есеппен 4%-ға өсті.

2022 жылғы 1 шілдеден бастап жекелеген санаттағы өндірістік персоналдың жалақысы 6 және 3%-ға өсті.

2022 жылы сыйлықақы бюджетте жоспарланған қаражат негізінде жүзеге асырылды, сонымен қатар қызметкерлер Компанияның мерейтойы мен Республика күніне арналған сыйлықақылармен қосымша көтермеленді.

«KEGOC» АҚ-да еңбекақы төлеу жүйесі

	Материалдық сыйақы		Материалдық емес сыйақы
Негізгі бөлім	**Ауыспалы бөлігі**	**Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау**	-
(жалақы, қосымша ақы және үстеме ақы)	*(қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақылар, біржолғы сыйлықақылар, басшы және басқарушы қызметкерлердің сыйақысы)*		

Компанияда ерлер мен әйелдердің еңбегі үшін тең сыйақы, сонымен қатар еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан «KEGOC» АҚ филиалдарында ерлер мен әйелдерге еңбекақы төлеуді айқындау кезінде бірыңғай тәсіл көзделген. «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің қызметақысы 2022 жылы Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақыдан асты.

«KEGOC» АҚ қызметкерлерінің бастапқы деңгейіндегі стандартты жалақысының Қазақстан Республикасында 2022 жылға белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы

2022 жылы Қазақстан Республикасында ең төменгі жалақы мөлшері, теңге	2022 жылы «KEGOC» АҚ-дағы* ең төменгі жалақы мөлшері, теңге	Ауытқу, %
60 000*	130 000**	152,5%

** «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 77-VII Заңына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген ең төменгі жалақы мөлшері.*
*** жалақының ең төменгі деңгейі ретінде «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымы күзетшісінің қызметақысы түсіндіріледі.*

2022 жылы Қазақстан Республикасының өнеркәсібіндегі жалақының орташа мөлшері, теңге	2022 жылы «KEGOC» АҚ-дағы* жалақының орташа деңгейі, теңге	Ауытқу, %
416 225*	401 121**	- 3,6%

** «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы» АҚпаратына сәйкес.*
*** «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы орташа айлық жалақысы*

Қызметкерлерді ынталандыру жүйесін дамыту және қызметкердің Компанияны дамытуға қосқан үлесін бағалау мақсатында 2022 жылы «KEGOC» АҚ-ның 25 жылдығына, сонымен қатар мемлекеттік және кәсіби мерекелерге орай 1 047 қызметкер мемлекеттік, салалық наградалармен және мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

Компанияның қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жөніндегі қызметі мынадай ішкі құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты;
- Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары;
- Қызметкерлердің еңбегін көтермелеу және тану туралы қағидалар.

Жоғарыда аталған саясаттар Компанияның барлық қызметкерлеріне, соның ішінде уақытша қабылданған қызметкерлерге және толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтіндерге қолданылады. 2-24, 401-2

Көрсетілген құжаттарға сәйкес «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлерін көрсету көзделеді:

1. материалдық көмек;
2. өтемақы төлемдері;
3. тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау, бейілділікті арттыру мақсатында Компания қызметкерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде, мерейтойға, баланың туылуына, қызметкердің, қызметкердің отбасы мүшелерінің және «KEGOC» АҚ-да есепте тұрған зейнеткердің қайтыс болуына байланысты, мүгедектік тобына және жасына қарамастан, жұмыскер мен мүгедек балаларды, балалық шақтағы мүгедектерді медициналық емдеуге ақы төлеу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетеді

Сонымен қатар «KEGOC» АҚ жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалысқа ақы төлейді.

2022 жылы Компания келесі жағдайларда жалақысын сақтай отырып, әлеуметтік демалыстар бере бастады: некені тіркеу, баланың тууы, жақын туыстарын жерлеу, мерейтойға байланысты (50, 60 жас); 6 жастан 9 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған әйелдерге, жалғызбасты әкелер мен қамқоршыларға - оқу жылының басталуының бірінші күні, мектеп бітіруші оқушылардың ата-аналарына - мектеп «соңғы қоңырау» өткізген күні - 1 (бір) күн. Сонымен қатар, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар ата-аналарға профилактикалық егулер жүргізу үшін орташа жалақысы сақтала отырып, демалыс күндері беріледі. 401-2

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Компания бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша қызметкерге: ата-анасының таңдауы бойынша - анасына немесе баланың әкесіне; бала тәрбиелеп отырған бір ата-анаға; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысына немесе қамқоршысына; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерге жалақысы сақталмайтын демалыс береді. Қызметкер бала үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалысты толығымен немесе бөліп ала алады. Демалыс уақытында қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Бала үш жасқа толғанға дейін демалыс аяқталғанға дейін жұмысқа шыққан жағдайда қызметкер жұмыс берушіге жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын өзінің ниеті туралы ескертеді. Сонымен, 2022 жылы мұндай демалыс Компанияның 73 қызметкеріне (1 ер адам және 72 әйел) берілді. 2022 жылы бала күтімі бойынша демалыстан 29 әйел оралды. 401-3

2022 жылы Компания 127,7 млн теңге сомасына тұрғын үйге ақы төлеу бойынша шығыстарды ішінара өтеу арқылы 117 қызметкерге тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдем көрсетті. Сонымен қатар, 2022 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының шешімімен Компания үшін талап етілетін жоғары білікті кадрларды ұстап қалу және тарту мақсатында қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға бағытталған «KEGOC» АҚ жеңілдетілген кредиттеу бағдарламасы бекітілді. Бүгінгі таңда «KEGOC» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі комиссия «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің жеңілдетілген ипотекалық қарыз алуға 157 өтінімін қарады, оның ішінде 45 қызметкер қажетті құжаттарды жинау, тиісті тұрғын үй іздеу және ипотекалық қарыздарды ресімдеу бойынша жұмыс жүргізуде. Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, мақұлданбаған жұмыскерлердің өтінімдерін комиссия қаржы ресурстарының босатылуына қарай қарайтын болады. 401-2

Зейнеткерлік жастағы қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққан кезде өтемақы төленеді, сонымен қатар жыл сайын «Энергетик күні» кәсіби мерекесіне Компанияның есебінде тұрған зейнеткерлерге, ҰОС ардагерлеріне және оларға теңестірілген адамдарға Жеңіс күніне біржолғы материалдық көмек көрсетіледі.

Осылайша, 2022 жылы Компания қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға бағытталған қаражат көлемі 332,7 млн теңгеден асты. 401-2

Персоналды дамыту

«KEGOC» АҚ қызметкерлерді оқыту мен дамыту процесіне үлкен мән береді және келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- оқытудың тиімділігі және нәтижелілікке бағдарлану, Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешу;
- оқыту мен дамытудың озық сипаты - Компанияның стратегиялық даму мақсаттарын қолдау;
- орындылығы- оқыту бағдарламаларын таңдау қызметкерлердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді;
- даму жүйесінің тұтастығы, оқытудың үздіксіздігі және жүйелілігі.

«KEGOC» АҚ-да процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін персоналды оқытудың келесі негізгі түрлері пайдаланылады:

- өз бетімен білім алу (өздігінен білім алу);
- өндірісте ұйымдастырылған оқыту (өндірістік-техникалық оқу);
- мамандандырылған оқу орындарының біліктілігін арттыру курстарында өндірістен үзіп қысқа мерзімді оқыту.

Персоналды оқыту қазіргі заманғы оқыту әдістерінің барлық спектрін пайдалана отырып жүргізіледі: бизнес-практикумдар, семинарлар, тренингтер, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау бағдарламалары, форумдар, конференциялар.

Есептік жылы 2 385 қызметкер оқудан өтті. Бұл қызметкерлердің тізімдік санының 54,5%-ын құрайды. «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылы оқуға жұмсаған нақты шығындары 182,5 млн теңгені немесе жоспардың 54,5%-ын құрады. Бұл 2021 жылғы орындаудан 43,4%-ға жоғары.

Оқу сағаттарының жалпы саны 110 534,0 сағатты құрады, оның ішінде: ерлер үшін – 96 938,5 сағат, әйелдер үшін – 13 595,5 сағат; ӘБП қызметкерлері үшін-14 890 сағат, ӨП қызметкерлері үшін – 95 644 сағат.

1 қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны 27,6 сағатты құрады, соның ішінде: ӘБП қызметкерлері үшін – 27,1 сағат, ӨП қызметкерлері үшін – 27,6 сағат.

Бір ер қызметкерге орташа оқу сағаты – 27,7 сағат, әйел қызметкерге - 26,9 сағат. 404-1

Өндірістік персоналдың жас кадрларының кәсіби білім деңгейін, іскерліктері мен дағдыларын арттыру, олардың кәсіби қалыптасуына көмек көрсету, өндірістік персоналдың тәжірибелі қызметкерлерінің құзыреттерін сақтау, корпоративтік мәдениетке бейімделу, дәстүрлер мен мінез-құлық қағидаларын меңгеру үшін «KEGOC» АҚ-да тәлімгерлік жүйесі енгізіліп, жұмыс істейді. Компанияда жыл сайын «Жылдың үздік тәлімгері» байқауы өткізіледі. 404-2

«KEGOC» АҚ таланттар пулын қалыптастыру бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда: 219 адамнан тұратын функционалдық пул және ізбасарлардың менеджмент-пулы бекітілді.

Персоналды бағалау

Жұмыс нәтижелеріне қойылатын талаптарды анықтау, алынған нәтижелерге қол жеткізуді бағалау және қызметкерлерге сындарлы кері байланыс беру арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында персоналдың қызметін бағалау жүргізіледі.

Қызметкердің қызметін бағалау меритократия қағидаттарына негізделген, тұрақты негізде (тоқсандық, жылдық) жүзеге асырылады және ҚНК/мақсаттар мен құзыреттер (кәсібилік пен әлеует) бойынша бағалауды қамтиды.

Қызметті бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерді ынталандыру (материалдық және материалдық емес), оқыту және дамыту, мансаптық өсу құралдарын қолдану туралы шешімдер қабылдануы мүмкін.

2022 жылы Компания қызметкерлерінің қызметін 2021 жылдың қорытындысы бойынша кешенді бағалаудан өткен «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің саны Компания персоналының тізімдік санының 1 987 немесе 50,9%-ын құрады. Оның ішінде: 1 313 ер адам және 674 әйел;

392 ӘБП қызметкері және 1 595 ӨП қызметкері. 404-3

Бағалаудан өткен қызметкерлердің гендерлік құрылымы %



Ерлер	65,9%
Әйелдер	34,1%

Бағалаудан өткен қызметкерлердің санаттары бойынша құрылымы %



ӘБП	25,5%
ӨП	74,5%

Ұжымдық шарт және кәсіподақ қызметі

«KEGOC» АҚ бірлестік бостандығын қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттар жасасу құқығын таниды.

Компанияның барлық қызметкерлерінің ұсыныстарын ескере отырып әзірленген және «KEGOC» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында 2021-2025 жылдарға жасалған ұжымдық шарт оған қосылу рәсімдерін, еңбек тәртібін, оның ішінде әлеуметтік демалыстар кезінде демалу уақытын, еңбекақы төлеуді, еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуді, әлеуметтік кепілдіктер беруді және қызметкерлерді қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту, медициналық сақтандыру және қызметкерлердің мәдени-бұқаралық бос уақытын дамыту жөніндегі шараларды нақтылайды. Оған қызметкерлерді Компания қаражаты есебінен арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бөлігінде жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, онда Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды, Компанияда есепте тұрған ардагер энергетиктерді әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер көрсетілген.

Ұжымдық шарт өзінің қолданысын жұмыспен қамту түріне қарамастан «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне (100%) таратады. 2-30, 403-4

Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес жұмыс беруші еңбеккерді еңбек жағдайларының өзгергені туралы кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Компанияның ұжымдық шартында қызметкерлердің санының немесе штатының қысқаруына байланысты еңбек шарттарын бұзу кезінде қызметкерлерді хабардар етудің ең аз мерзімі көзделген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды. 2-23

Энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы 2003 жылғы 27 наурызда «KEGOC» ААҚ қызметкерлерінің кәсіподақ конференциясында құрылды. Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманың сақталуын, кепілдіктер мен өтемақылардың, жеңілдіктердің сақталуы мен іске асырылуын бақылауға арналған.

Бүгінгі таңда «Энерготехкәсіподақ» ҚБ құрылымында 10 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар. «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы мүшелерінің жалпы саны 3 600-ден астам адам, яғни Компания қызметкерлерінің 90%-дан астамын құрайды.

Кәсіподақ комитетінің құрамында тұрақты жұмыс істейтін 6 комиссия құрылды:

- мәдени-бұқаралық жұмыс жөніндегі комиссия;
- спорттық жұмыс жөніндегі комиссия;
- сауықтыру және санаторий-курорттық жұмыс жөніндегі комиссия;
- жастармен жұмыс жөніндегі комиссия;
- ардагерлермен жұмыс жөніндегі комиссия;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі комиссия.

Сонымен қатар, Компанияда кәсіподақ пен жұмыс беруші тепе-тең негізде құрған 5 бірлескен комиссия жұмыс істейді:

- Ұжымдық келіссөздер жөніндегі комиссия;
- келісім комиссиясы;
- өндірістік кеңес;
- марапаттар жөніндегі комиссия;
- «Еңбек әулеттері» және «Еңбекті қорғау» конкурстарының қорытындысын шығару жөніндегі комиссиялар.

Қазақстан еңбек конфедерациясының республикалық кәсіподақтар бірлестігінің мүшесі бола отырып, біздің кәсіподақ ұйымымыз жұмыс комиссиясының тұрақты мүшесі болып табылады және Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қатынастар министрлігінің Еңбек Кодексі және «Кәсіподақтар туралы» Заңы жөніндегі комиссиясының жұмысына белсенді қатысады, сонымен қатар Бас келісімнің жобасын, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасын және Салалық келісім жобасын әзірлеуге қатысты.

Кәсіподақтардың еңбекті қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамдық инспекторлар Компания объектілеріне тексерулермен барады, олардың нәтижелері мұқият қаралады. Осылайша, қызметкерлердің өтініштерінің нәтижелері бойынша ұжымдық шартқа бірқатар қызметкерлерді арнайы киіммен қамтамасыз ету, ЭЖЖ және қосалқы станцияларда жұмыс жүргізу кезінде бейнетіркеу аспаптарын жаңарту бойынша өзгерістер енгізілді. 2022 жылы еңбекті қорғау бойынша «Жылдың үздік тәлімгері», «Өндірістік қауіпсіздікті сақтау бойынша үздік филиал» конкурстары ұйымдастырылды.

Кәсіподақ мүшелері Қазақстанның шипажайларына санаторий-курорттық жолдамалар сатып алуда жеңілдіктерді пайдаланады. Ол жерлерде жыл сайын Компанияның 120-140 қызметкері, демалыс үйлерінде – 400-ден астам кәсіподақ мүшелері емделеді. 401-2

Кәсіподақ ұйымы ұжымда салауатты әлеуметтік жағдай жасау бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Осылайша, 2022 жылы «KEGOC» АҚ-ның 25 жылдығы атап өтілді. Алғаш рет Бурабай курорттық аймағына барып Компания қызметкерлері үшін отбасылық демалыс ұйымдастырылды.

Энергетика ардагерлері мен ҰОС қатысушыларына үлкен көңіл бөлінеді: қаржылық және материалдық қолдау көрсетіледі, жеңілдетілген санаторий-курорттық жолдамалар беріледі, Компания өткізетін барлық іс-шараларға шақырылады. «KEGOC» АҚ 25 жылдығын мерекелеу аясында Компанияның 140-тан астам зейнеткер-ардагерлері мерейтойлық медалмен марапатталды.

Компанияда:

- ҰОС-ның 58 қатысушысы және оларға теңестірілген адамдар;
- 1 200-ден астам ардагер энергетик есепте тұр. 401-2

ЕРІКТІЛІК

«KEGOC» АҚ еріктілері ел өңірлерінде түрлі ерікті акцияларға қатысуды жалғастыруда.

Компания қызметкерлері дәстүрлі түрде қалалық донорлық қозғалысқа қатысып, 2022 жылдың 23 қыркүйегі «Донор күні» болып жарияланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған «Мектепке жол» жобасын іске асыру аясында Компанияның еріктілері Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарының әлеуметтік осал топтарынан 761 бірінші сынып оқушыларына мектепке қажетті құралдар мен кеңсе тауарлары бар сөмкелерді жеткізді.

«Spina Bifida қоғамы» қоғамдық қорының eOtinish.kz порталына берген өтініші бойынша Атқарушы дирекция, «ЖО ҰДО» филиалы және еншілес ұйымның қызметкерлері мүгедектер арбасын сатып алуға қаражат жинады. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ қызметкерлері арасында «Оңтүстік ЖЭТ» филиалы қызметкерінің ұлын емдеуге көмек көрсету үшін қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, өткізілді.

«KEGOC» АҚ және «Энерготехкәсіподақ» ҚБ қызметкерлері Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Жеңіс күніне орай құттықтау бойынша қайырымдылық акцияларына қатысты. Сонымен қатар қарттар күніне, «Құрбан айт» мерекесіне және Энергетик күніне аз қамтылған зейнеткерлер мен отбасыларға көмек көрсетілді, Екібастұз қаласында болған апат салдарынан зардап шеккендерге ақшалай қаражат жіберілді ЖЭО.

Еңбекті қорғау

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

0,45

LTIFR

1,08 млрд теңге

Еңбекті қорғау шығыстары

«KEGOC» АҚ Энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның ЕК, ТМД елдерінің компаниялары өкілдерінің қатысуымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бірінші форумды өткізді.

«KEGOC» АҚ Vision Zero сертификатын алды.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі %



Еңбекті қорғау мәселелері	28,0%
Басқа да мәселелер	72,0%

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет %



Еңбекті қорғау мәселелері	50,0%
Басқа да мәселелер	50,0%

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Негізгі құжаттар
■ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы
■ Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі бойынша нұсқаулық
■ Еңбекті қорғау саласындағы саясат
■ Сапа, экология, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы мақсаттар
■ Қауіптер мен тәуекелдер тізілімі
■ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық
■ Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджменті жүйесін жоспарлауды басқару стандарты
■ Мінез-құлық аудитінің стандарты
■ Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздікті басқару стандарты
■ Оқиғаларды, инциденттерді тергеп-тексеру және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары
■ Биіктікте жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау қағидалары

«KEGOC» АҚ Басқармасы %

Еңбекті қорғау, экология мәселелері	17,6%
Басқа да мәселелер	82,4%

2-12, 2-13

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау Компанияның сөзсіз басымдығы болып табылады. Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операцияларды орындау кезінде жарақаттануды азайту, қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, сонымен қатар зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. 403-1

2022 жылғы қазанда «KEGOC» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі бірінші форум өткізді. Оған ҚР Энергетика министрлігінің өкілдері, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның құрылымына кіретін компаниялар, «KEGOC» АҚ басшылары мен HSE (Health Safety Environment) саласындағы сарапшылары, сонымен қатар ТМД елдері компанияларының өкілдері қатысты.

«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы – 2022» аясында өткен форумда HSE саласындағы бейінді мамандар мен көшбасшылар қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша озық тәжірибелерімен бөлісті, өнеркәсіптік медицина мен өндірістегі заманауи қорғау құралдарын талқылады.

Іс-шарада «Vision Zero Қазақстан» іскерлік кеңесінің төрағасы «KEGOC» АҚ-ға Компанияның халықаралық нөлдік жарақаттану қозғалысының қатысушысы – Vision Zero екенін растайтын сертификатты табыс етті. Vision Zero тұжырымдамасы барлық деңгейдегі еңбек қызметінің үш негізгі аспектісі – қауіпсіздікке, денсаулық пен әл-ауқатқа негізделген, әлемдегі жетекші өндірістік компанияларды біріктіреді.

Компанияда Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі жұмыс істейді, ол барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметіне және Компанияға қолданылады. Оның мақсаты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нәтижелілікті қамтамасыз ету және көрсеткіштерді жақсарту, Компания қызметінің ерекшелігіне байланысты тиісті тәуекелдерді басқару болып табылады. Жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қажетті іс-шараларды, шығындарды және оларды орындау мерзімдерін айқындайтын бағдарлама қалыптастырылады. Компания ISO 45001:2018 халықаралық стандартына сәйкестік сертификатын сәтті енгізді және өтті. 2-24, 403-1, 403-8

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүзеге асырылады. Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын еңбек қызметіне байланысты емес жазатайым оқиғалардан қосымша сақтандыру жүзеге асырылды (аптасына 24 сағат/7 күн). 403-6

Әрбір филиалда Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік қызметтері құрылды. Олардың міндеттері Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы және т.б. болып табылады. 403-3

«KEGOC» АҚ-да және филиалдарда жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдерінің тепе-тең негізде қатысуымен қызметкерлер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жақсарту жөнінде диалог жүргізу үшін, жұмыс берушінің және қызметкерлердің жұмыс орындарында қауіпсіз жұмыс жүргізуді және денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі күш жігерін біріктіру мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылды, жұмыс орындарында еңбек жағдайларының, еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйін тексеруге қатысатын техникалық инспекторлар тағайындалды. Барлық қызметкерлер қауіпті жағдайлар немесе әрекеттер анықталған кезде жұмысты тоқтатуға міндетті және құқылы, егер жұмысшылар қауіпсіз емес деп санайтын жұмысты тоқтатса, басшылар толық қолдауға кепілдік береді. 403-2, 403-4

Өндірістік кеңес тоқсанына кемінде бір рет қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту жөніндегі ұсыныстарын қарайды және жұмыс беруші мен қызметкерлердің орындауы үшін міндетті іс шараларды белгілейді. 403-2, 403-3, 403-4

Жыл сайын жұмыс орындары кездестіретін тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдер тізілімі, денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы елеулі тәуекелдердің тізбесі қалыптастырылады, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

Тәуекелдер олардың пайда болу ықтималдығы мен оларды іске асырған жағдайда ықпалын ескере отырып талданады, «KEGOC» АҚ қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер айқындалады. Тәуекелдерді бағалау кезінде сапалық немесе сандық талдаулар немесе екеуінің комбинациясы қолданылады. Қауіпті және зиянды факторларды сәйкестендіруге, бағалауға және талдауға «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлері тартылады.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау, сонымен қатар оларды басқару кәсіптік қауіпсіздік және денсаулықты қорғау менеджменті саласында мақсаттар қою және өндірістік-шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға және «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне қолайлы әсер ету деңгейіне қол жеткізу үшін жүзеге асырылады.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау нәтижелері нысаналы және жоспарлы көрсеткіштерді әзірлеу үшін кіріс болып табылады. Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау географиялық жер бедері мен климатты ескере отырып, «KEGOC» АҚ қызметіне қолданылатын қызмет түрлерінің, қауіптердің жіктеуіштері негізінде жүзеге асырылады және:

- жіктеуіштер негізінде қауіптер мен тәуекелдерді сәйкестендіруді;
- жергілікті жерде қолданыстағы басқару шараларымен тәуекелдерді бағалауды;
- тәуекелдерді басқару бойынша барлық қажетті қосымша шараларды анықтауды;
- тәуекелдерді басқару шаралары тәуекелді рұқсат етілген деңгейге дейін төмендету үшін жеткілікті ме, жоқ па, соны бағалауды қамтиды.

Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс орындары кездестіретін әсер ету факторларын сәйкестендіруді жүргізгеннен кейін FMEA әдісін пайдалана отырып, тәуекелдер тізілімі толтырылады. Бағалау нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ бойынша кәсіби қауіпсіздік және денсаулық қорғау саласындағы елеулі тәуекелдердің тізбелері қалыптастырылады. Тәуекелдер деңгейін төмендету үшін жыл сайынғы бағдарламалар түрінде ресімделетін қажетті іс-шаралар айқындалады. 403-7

Компания қызметі үшін негізгі тәуекелдердің бірі еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның туындау қаупі болып табылады. Осы тәуекелді азайту мақсатында 2022 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді:

- еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары білімін біліктілік тексерулері;
- жедел ауыстырып қосу және жөндеу жұмыстарын жүргізу процесін бейнетіркеу материалдарын талдау;
- қауіпсіздік техникасы күндері;
- ЖЭТ филиалдарындағы жұмыс орындарын кенеттен тексеру;
- жұмыс орындағы жұмыстарды орындау кезіндегі мінез-құлық қауіпсіздік аудиттері;
- спутниктік бақылау жүйелері арқылы жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтауын бақылау және бейнетіркегіштердің жазбаларын қарау және т.б.

Компания қызметкерлері кемінде үш жылда бір рет еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша міндетті оқытудың барлық түрлерінен, электр энергетикасы саласындағы нормативтік актілердің білімін біліктілік тексеруден өтеді. 2022 жылы «NEBOSH еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі халықаралық сертификат» халықаралық стандарты бойынша қосымша оқыту жүргізілді (International General Certificate)».

Жұмысқа рұқсат берілер алдында қызметкерлер жұмыс жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқытудан, жұмыс орнында тағылымдамадан, білімін бастапқы біліктілік тексеруден, бақылау жаттығуларынан, жұмыс орнында қайталанудан өтеді, даярлауға жауапты адамның бақылауымен орындалады. 403-5

Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерді міндетті ауысым алдындағы медициналық тексеру, жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру жүргізіледі. Сонымен қатар денсаулық жағдайын анықтау үшін өндірістік персоналды жыл сайынғы медициналық тексеру жүргізіледі. 403-6

Компания қызметкерлерінің кәсіби аурулары 2022 жылы анықталған жоқ. 403-10

Қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру деңгейін бағалау үшін «KEGOC» АҚ-да Lost Time Injury Frequency Rate (LTIFR) коэффициенті немесе еңбекке жарамдылығын жоғалтумен жарақаттану, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты өлім-жітім жиілігінің коэффициенті қолданылады. Әлемдік тәжірибеде LTIFR компаниялардың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Көрсеткіш компаниядағы (Work Hours, WH) жұмыс істеген жұмыс уақытының жиынтық санына жатқызылған және 1 млн. сағатқа нормаланған жұмыс уақытын жоғалту жағдайларының (LTI) санын көрсетеді. LTIFR коэффициентінің мәні 2022 жылы 0,45 құрады (0,15 – 2021 жылы). 403-9

Оқыс оқиғалар туындаған кезде Компания қызметкерлері оқыс оқиғаларды, инциденттерді тергеп-тексеру және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі есептілікті ұсыну процестерін регламенттейтін қағидаларды басшылыққа алады.

Компания қызметіне тән жазатайым оқиғалардың себептері:

- биіктіктен құлау;
- электрмен жарақат алу;
- жол-көлік оқиғасы.

2022 жылы Компания қызметкерлерінің еңбек қызметіне байланысты 2 (екі) жазатайым оқиға болды.

2022 жылдың 8 наурызында «Шығыс ЖЭТ» филиалының 500 кВ «Семей» ҚС-да автогидроөткізгіштің қосымша иінінің иінтірегінің сынуы нәтижесінде екі қызметкердің көтергіш бесікшемен бірге құлауы орын алды. Жазатайым оқиға салдарынан бір қызметкер қайтыс болды, ал екінші қызметкерге 3-ші мүгедектік тобы тағайындалды.

2022 жылғы 6 маусымда «Оңтүстік ЖЭТ» филиалының 220 кВ «Ванновка» ҚС-да 35 кВ ұяшықтағы жұмыстарды жүргізу кезінде электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр слесарі кернеулі жабдыққа рұқсат етілмеген қашықтыққа жақындап, электр жарақатын алды. Жазатайым оқиға нәтижесінде қызметкерге 3-ші мүгедектік тобы тағайындалды.

Жазатайым оқиғаларды тергеу нәтижелері бойынша осындай оқиғалардың алдын алу бойынша түзету шаралары әзірленді.

Еңбекке жарамдылықты жоғалта отырып жарақат алу жиілігінің коэффициенті

403-9

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС

«KEGOC» АҚ объектілерінде жұмыстарды мердігерлік ұйымдармен жүргізу кезінде Компания олардың қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Мердігер ұйымдармен «KEGOC» АҚ шарттарына жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және «KEGOC» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын толық сақтау жөніндегі міндеттемелер енгізіледі.

Жұмыс басталар алдында мердігерлік ұйымдардың өкілдерімен бағдар беру кеңестері өткізіледі. Жұмысқа рұқсат ету жұмыс орнында жүргізіледі. Мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін жұмыс орнына жіберілмес бұрын нұсқамалар өткізіледі. Атап айтқанда, жұмыстардың жауапты басшылары электр қондырғыларының схемалары бойынша нұсқама жүргізеді. Күнделікті рұқсат беру кезінде мақсатты нұсқама жүргізіледі, онда қауіпсіздік шаралары, Компания объектілерінде бар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар көрсетіледі.

«KEGOC» АҚ Компанияның өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде мердігер ұйымдар персоналының Қазақстан Республикасы құқықтық актілерінің және «KEGOC» АҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады және мердігер ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметіне бағалау жүргізеді. Осылайша, Компания объектілерінде жұмыс істеген мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері (100%) «KEGOC» АҚ денсаулық қорғау менеджменті және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесімен қамтылған. Аталған жәйтқа қарамастан, 2022 жылғы 11 тамызда «Қайрақты – ҚарГРЭС-2» 220 кВ ӘЖ реконструкциялау» жобасы шеңберінде тексеру жұмыстарын жүргізу кезінде ПМС-328 жүк көтеру механизмінің зақымдануы салдарынан алған жарақаттарынан мердігердің қызметкері қайтыс болды.

403-7, 403-8, 403-9, EU18

Сапа және тиімділік

5

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«KEGOC» АҚ ТЕК СЕРІКТЕСТЕРІ МЕН ӨЗ ПЕРСОНАЛЫ АЛДЫНДА ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР АКЦИОНЕРЛЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ТҮСІНЕДІ. КОМПАНИЯ ӨЗ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫН ҰСТАНА ОТЫРЫП, АКЦИОНЕРЛЕРГЕ 30,2 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСАТЫН ЖАЛПЫ СОМАҒА, ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ 2021 ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 13,2 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 17,0 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЕКІ РЕТ ДИВИДЕНД ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

BBB рейтингі

корпоративтік басқару рейтингі

«KEGOC» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы ESG қағидаттарын қолдану есепке алына отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған.

ESG

Компания 2023 жылы ESG-рейтингін алуға дайындалуда

Бизнесті жүргізу және корпоративтік жауапкершілікті дамыту тәсілдері ретінде ESG қағидаттарын ендіру таза активтер құнының өсуіне, инвестициялық тартымдылықтың артуына көмектесетін болады.

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес корпоративтік басқару қағидаттары:

- органдар арасындағы міндеттерді нақты бөлуге негізделген тиімді корпоративтік басқару жүйесі;
- акционерлердің құқықтарын қорғау және сақтауды қамтамасыз ету;
- акционерлер үшін тең шарттар;
- тұрақты даму және мүдделі тараптарды корпоративтік басқарудағы рөлі;
- ақпаратты ашу және ашықтық;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының тиімділігі.

КОМПАНИЯНЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
  - Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті
  - Аудит жөніндегі комитет
  - Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті
  - Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
  - Тәуекелдер жөніндегі комитет
  - Инвестициялық комитет
  - Бюджет комитеті
  - Кадрлық даму комитеті
  - Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет
  - ТМҚ-мен жұмыс жөніндегі комитет
- Басқарма

2-9

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны – 260 000 000 дана, оның ішінде: «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге 234 000 001 акция (90% плюс бір акция), 25 998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияны (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алған. 2-1

Компанияның орналастырылған акцияларының бес және одан да көп пайызына иелік ететін акциялар мен акционерлер бойынша айтарлықтай мәмілелер мен өзгерістер 2022 жылы болған жоқ. 2-6

«KEGOC» АҚ акционерлерінің құрылымы

31.12.2022 ж. жай-күй бойынша



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры	90% + 1 бір акция
«Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	7,2%
36 689 жеке тұлға	1,9%
13 заңды тұлға	0,9%

2022 жылы «KEGOC» АҚ акцияларының нарықтық бағасын өзгерту

теңге

Деректер көзі-Қазақстан қор биржасы (https://kase.kz).

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ жоғары органы болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметі мен өз құқықтарын «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес іске асырады.

2022 жылы Директорлар кеңесі 5 (бес) рет акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға бастамашы болды:

1. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 10 наурызда өткізілді, онда:**
   - «KEGOC» АҚ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің шекті және нысаналы мәндерін белгілеу туралы»;
   - «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;
   - «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен шығыстарды өтеуді айқындау қағидаларын бекіту туралы мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.
2. **Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2022 жылғы 26 мамырда өткізілді, онда:**
   - «Жылдық қаржылық есептемені, таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту туралы»;
   - «KEGOC» АҚ есеп комиссиясының құрамы туралы;
   - «Акционерлердің «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы» мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.
3. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 18 шілдеде өткізілді, онда:**
   - «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.
4. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 27 қазанда өткізілді, онда:**
   - «2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ-ның жартыжылдық қаржылық есептемесін, таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта «KEGOC» АҚ-ның бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.
5. **Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 30 қарашада өткізілді, онда:**
   - «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.

Акционерлердің жалпы жиналысының барлық шешімдері Директорлар кеңесінің, «KEGOC» АҚ Басқармасының назарына жеткізілді, тапсырмалар толық көлемде және мерзімінде орындалады.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеу кезінде акционерлердің мүдделерін сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға негізделеді. Дивидендтерді төлеу шарттары: Компанияда есептік кезеңдегі таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Акцио-

нерлердің жалпы жиналысының шешімі болып табылады.

Акционерлерге дивидендтер төлеу көзі тиісті қаржы жылындағы немесе жартыжылдықтағы таза табыс немесе ХҚЕС-ке сәйкес жасалған «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде есептелетін бөлінбеген пайда болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржы жылындағы немесе жартыжылдықтағы таза кірісті бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстарды дайындау кезінде дивидендтер төлеуге жұмсалатын сома таза кірістің кемінде 40%-ын құрауы тиіс екендігіне негізделеді. Жыл қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Компанияның жылдық қаржылық есептемесі бекітілгеннен кейін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Жарты жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептемесіне аудит жүргізілгеннен кейін 3 ай ішінде қабылдауы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарай келе, өз қалауы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітеді, сонымен қатар дивидендтер төлеудің басталу күнін белгілейді.

Дивиденд тарихы

Дивиденд төленген кезең	2018		2019		2020		2021		2022
	1-жарты жылдықта	бір жылда	1-жарты жылдықта	бір жылда	1-жарты жылдықта	бір жылда	1-жарты жылдықта	бір жылда	1-жарты жылдықта
Бір акцияға есептегенде дивиденд мөлшері, теңге	80,53	54,53	67,17	48,86	77,09	75,01	84,72	50,85	65,44
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңгемен	35 115 412		30 167 638		39 545 788		35 248 011		17 014 309
ҚЕХС бойынша таза пайда үлесі, %	80%	87,6%	77,3%	74,03%	70%	73,9%	80%	66,9%	100%
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Акционерлердің жалпы жиналысы								
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған эмитенттің басқару органының жиналысын өткізу күні, хаттама күні және нөмірі	2018 жылғы 30 қараша № 11	2019 жылғы 3 мамыр № 13	2019 жылғы 25 қазан № 14	2020 жылғы 29 мамыр № 17	2020 жылғы 23 қазан № 19	2021 жылғы 27 сәуір № 21	2021 жылғы 29 қазан № 24	2022 жылғы 26 мамыр № 27	2022 жылғы 27 қазан № 29
Дивиденд алуға құқығы бар тұлғалардың тізімі жасалатын күн	2018 жылғы 11 желтоқсан	2019 жылғы 14 мамыр	2019 жылғы 4 қараша	2020 жылғы 8 маусым	2020 жылғы 29 қазан	2021 жылғы 11 мамыр	2021 жылғы 8 қараша	2022 жылғы 7 маусым	2022 жылғы 15 желтоқсан

МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Компаниядағы корпоративтік басқару барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ көзқарасты қамтамасыз ету үшін құрылған. Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері тең және қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады және Компанияның Жарғысында бекітілген. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және өз құзыретінің мәселелері бойынша дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін белгілеуге, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сонымен қатар сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеуге қатысу; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алу, сенімхат бойынша АЖЖ-ға қатысу кезінде дауыс беру құқығын беру, сонымен қатар акцияларды бірлесіп сатуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) «KEGOC» АҚ Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияға стратегиялық және жалпы басшылық жасауды және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз етеді. 2-13

Компания Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі компания қызметінің бағыттарын айқындайды, мақсаттарды, міндеттерді, жобаларды, сонымен қатар оларға қол жеткізу индикаторларын белгілей отырып, даму стратегияларын бекітеді. Даму стратегиясын әзірлеу/жаңарту барысында Директорлар кеңесі стейкхолдерлердің негізгі топтарымен олардың үміттері мен алаңдаушылықтарын түсіну үшін тұрақты кездесулер мен кеңестер өткізеді. Компанияның Даму стратегиясын іске асыру, оның ішінде тұрақты даму саласындағы нысаналар мен индикаторларға қол жеткізу мониторингін Директорлар кеңесі тоқсан сайын Стратегияны іске асыру туралы есептерді, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы есептерді, тәуекелдер жөніндегі есептерді қарау арқылы жүзеге асырады. 2-12, 2-13

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына жекелеген акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тәуелсіз директорлар сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне осындай тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігі және осындай фактордың шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері толық түсіндіріле отырып, жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қоғамның Жарғысында айқындалған.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2018 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№8 хаттама) кандидаттардың іріктеу өлшемшарттарына, біліктілік талаптарына сәйкестігін ескере отырып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы үш жылға сайланды. 2-10

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

- **Тиесов Сүйншлік Әмірхамзаұлы –** Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы –** «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы –** «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Ахансарипов Нұрлан Заманбекұлы –** тәуелсіз директор;
- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы –** тәуелсіз директор;
- **Ульф Вокурка –** тәуелсіз директор;
- **Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы –** «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.

2022 жылғы 10 наурызда (№ 26 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен:

- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің: Директорлар кеңесінің төрағасы Тиесов Сүйншлік Әмірхамзаұлы мен Директорлар кеңесінің мүшесі Егімбаева Жанна Дочерқызының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері: Директорлар кеңесінің төрағасы Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы және Директорлар кеңесінің мүшелері Репин Алексей Юрьевич пен Жәмиев Алмат Күнжолұлы сайланды.

2022 жылғы 18 шілдеде (№ 28 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен:

- тәуелсіз директор Бекенов Жанбота Темірғалиұлының өкілеттігі 2022 жылғы 25 маусымнан бастап оның өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Сүентаев Дамир Серкбайұлы Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)

2-9

БЕРДІҒҰЛОВ ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі 2-11

1987 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2021 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДА (№ 25 ХАТТАМА) ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒЫ 10 НАУРЫЗДА (№ 26 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **2004-2007 жж. –** әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, Алматы.
- **2007-2010 жж. –** University of Toronto Мемлекеттік саясат және Халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша (бағыты – Халықаралық экономика), Торонто қ.
- **2015-2018 жж. –** Ұлыбританиядағы University of Warwick, Бизнес-әкімшілік ету магистрі, Ковентри қ.
- **2018-2019 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі дирекциясының аналитигі.

Соңғы бес жылда басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- «Самұрық-Қазына» АҚ басқа да еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамында бар.

- **2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** Harvard Business School – Program for Leadership Development.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.
- **2021-2022 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия, тұрақты даму және цифрлы трансформациялау жөніндегі серіктес басқарушы директоры.
- **2019-2021 жж. –** Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясындағы жобалардың жетекшісі (әртүрлі жылдары – аға аналитик, консультант).

АХАНЗАРИПОВ НҰРЛАН ЗАМАНБЕКҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры, ТСК төрағасы, СЖКББК және АК мүшесі

1965 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2020 ЖЫЛҒЫ 26 МАУСЫМДА (№ 18 ХАТТАМА), 2021 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕ (№ 21 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **1991 ж. –** Шәкәрім атындағы Семей технологиялық университеті, мамандығы – бухгалтер-экономист, Семей қ.
- **1995 ж. –** KIMEP MBA, Іскери әкімшілік ету мастері.
- **2015 ж. –** Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы – геология және пайдалы қазбаларды барлау.
- **Сертификатталған тәуелсіз директор (Cert IoD) Institute of Directors, UK.**
- **2017-2018 жж. –** «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Соңғы бес жылда басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- **2013-2021 жж. –** «ҚСҚ» Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы басқарушы кеңесінің мүшесі.
- **2013-2020 жж. –** «ҚазЭнерджи» Қауымдастығы Сараптама кеңесінің мүшесі.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- **2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Қазақстан темір жолы» ҰК» Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- **2017 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «АстанаГазҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- **2019-2020 жж. –** «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» («Бәйтерек» ҰБХ тобы) Директорлар кеңесінің мүшесі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)

УЛЬФ ВОКУРКА

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі-нің тәуелсіз директоры, СЖКББК мен ҚЕҚОҚК төрағасы, АК мүшесі

1962 жылы туған, Германия Федеративтік Республикасының азаматы.

2021 ЖЫЛҒЫ 30 ШІЛДЕДЕ (№ 22 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **1980-1981 жж. –** Мартин Лютер атынд. университет, Галле-на-Зале қ.
- **1983-1989 жж. –** КСРО СІМ Москва Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ) «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша, Москва қ.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2018-2019 жж. –** «Цеснабанк» АҚ Басқарма төрағасы, Астана қ.
- **2017-2018 жж. –** «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарма төрағасы, Алматы қ.

Соңғы бес жылда басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- **2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Қазақстан темір жолы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры.
- **2019-2022 жж. –** «Нұрбанк» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Алматы қ.
- **2016 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «АХҚО әкімшілігі» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Астана қ.
- **2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «KAZAKH INVEST» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

СҮЕНТАЕВ ДАМИР СЕРКБАЙҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, АК төрағасы, ТСК мүшесі

1984 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2022 ЖЫЛҒЫ 18 ШІЛДЕДЕ (№ 28 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИЫНЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **2001-2006 жж. –** Қазақ мемлекеттік заң академиясы, Мамандығы құқықтану, Алматы қ.
- **2006-2008 жж. –** Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, экономика бакалавры, Алматы қ.
- **2012-2014 жж. –** РФ Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, инновациялық-технологиялық бизнес факультеті, MBA «Инновация және жаңа жобалық менеджмент», Мәскеу қ.
- **2018-2022 жж. –** Ұлыбритания Директорлар институты, IoD Chartered Direktor бағдарламасы, Лондон.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ президенті.
- **2016ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Digital Finance Union» ЗТБ төрағасы.
- **2015ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Қазақстан машинажасау одағы» ЗТБ Басқарма төрағасының кеңесшісі.
- **2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** кәсіпкер, жеке бизнес-жобалар.
- **2011-2015 жж. –** «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы директоры.

Соңғы бес жылда басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- **2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ/«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Аудит жөніндегі комиттінің төрағасы.
- **2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «СЕГРЭС-2» АҚ/«Самұрық-Қазына» АҚ.
- **2018-2020 жж. –** «Қазақстандық электр энергиясы мен қуаты операторы» АҚ.
- **2018-2021 жж. –** «Жолаушылар тасымалы» АҚ/«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ.
- **2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Қазагрогарант» АҚ/«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы.
- **2016 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «ҚазақЭкспорт» ҰК» АҚ, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Аудит жөніндегі комитеттің, Стратегия жөніндегі комитеттің төрағасы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)

АЛЕКСЕЙ ЮРЬЕВИЧ РЕПИН

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, СЖКББК және ҚЕҚОҚК мүшесі

1961 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2022 ЖЫЛҒЫ 10 НАУРЫЗДА (№ 26 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИЫНЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **1982-1988 жж. –** Челябинск политехникалық институты, энергетика факультеті, инженер-электрик, Челябинск қ.
- **2000-2002 жж. –** Бүкілресейлік қаржы-экономикалық институты, мамандығы – «Қаржы және кредит», экономист, Мәскеу қ.
- **2017-2002 жж. –** The Institute of Directors, сертификатталған директор, (IoD).
- **2019-2022 жж. –** Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік басқару академиясы (РХШжәнеМҚА), «Топ-менеджер» МВА бағдарламасы, мамандығы «Менеджмент», Москва қ.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай-газ, тау-кен және энергетикалық активтер департаменті энергетикалық және тау-кен активтері секторының жетекшісі.
- **2012-2022 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ Тау-кен металлургиялық және электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі дирекциясы директорының м.а., активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары, бас сарапшысы, Электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі дирекциясының бас сарапшысы.

Соңғы бес жылда қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- **2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **2019-2021 жж. –** «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- **2018-2019 жж. –** «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- **2018-2021 жж. –** «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- **2015-2018 жж. –** «КОРЭМ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- **2014-2019 жж. –** «Forum Muider B.V.» компаниясының Директорлар кеңесінің директоры («Богатырь-Көмір» ЖШС).
- **«Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жаңғырту және бизнесті трансформациялау жөніндегі кеңестерінің мүшесі.**
- **«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС ИСО 50001:2011 «Энергия менеджменті және энергия аудиті» стандарты, энергия үнемдеу, энергия тиімділігі саласындағы сарапшысы.**

ЖӘМИЕВ АЛМАТ КҮНЖОЛҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, ТСК және ҚЕҚОҚК мүшесі

1979 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2022 ЖЫЛҒЫ 10 НАУРЫЗДА (№ 26 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИЫНЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **1997-2001 жж. –** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Құқықтану» факультеті, заңгер, Алматы қ.
- **2001-2003 жж. –** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құқықтану магистрі, Алматы қ.
- **2003-2005 жж. –** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аспирантура, Алматы қ.
- **2017-2019 жж. –** Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (DUKE University-мен бірлескен бағдарлама, АҚШ), Executive MBA (finance), Астана қ.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- **2016-2021 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету және әдіснама департаментінің директоры.
- **2014-2016 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ бас директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары.

Соңғы бес жылда қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіндегі мүшелігі:

- **2021 ж. - қазіргі уақытқа дейін –** «КАЭС» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- **2020 ж. - қазіргі уақытқа дейін –** «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- **2019-2021 жж. –** «Самұрық-Энерго» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.
- **2018 ж. - қазіргі уақытқа дейін –** Bolashaq Investments Ltd (компания АХҚО-да тіркелген) Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **2017 ж. - қазіргі уақытқа дейін –** Sekerbank Директорлар кеңесінің мүшесі - «Самурық-Қазына» АҚ өкілі, Түркия.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)

КАНЫШ ТАНИРБЕРГЕНОВИЧ МОЛДАБАЕВ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

1963 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

2021 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕ (№ 21 ХАТТАМА) ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДА (№ 25 ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН САЙЛАНДЫ.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

Білімі:

- **2016– 2020 жж. –** Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, іскери әкімшілік ету докторы, Москва қ.
- **2003-2004 жж. –** Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, мемлекеттік қызмет менеджері, Астана қ.
- **1999– 2002 жж. –** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, экономика факультеті, экономист-заңгер, Қарағанды қ.
- **1981– 1987 жж. –** Павлодар индустриалды институты, инженерия факультеті, инженер-электрик, Павлодар қ.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін –** «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- **2021-2021 жж. –** «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Энергетика және тау-кен активтері дирекциясының директоры.
- **2019-2021 жж. –** «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «Энергетика» секторының жетекшісі.
- **2018-2019 жж. –** «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ бас директорының орынбасары.
- **2017-2018 жж. –** «Самұрық-Энерго» АҚ Даму және сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.

Соңғы бес жылда басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- **2019-2020 жж. –** «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өкілеттік мерзімі 2024 жылғы сәуірде аяқталатын жалпы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің жас бойынша құрылымы

адам

31-40	2
41-50	1
51-60	2
61-ден жоғары	2

Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі

%



Тәуелсіз директорлар	42,9%
Атқарушы директорлар	14,3%
Атқарушы емес директорлар	28,6%
Директорлар кеңесінің төрағасы	14,3%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Директорлар кеңесінің мүшелері	Бердіғұлов Е.К.	Аханзарипов Н.З.	Вокурка Ульф	Сүентаев Д. С.	Репин А.Ю.	Жәмиев А.Қ.	Молдабаев Қ.Т.
Өндірістегі жұмыс өтілі / жалпы еңбек өтілі, жыл	8/11	20/29	1,5/33	3,4/16	39/44	7,3/26	30/35
Негізгі құзыреттер							
Саланы білуі							
Сала бойынша өндірістегі жұмыс тәжірибесі					■		■
Саланы терең білуі	■	■	■	■	■		■
Техникалық дағдылар/тәжірибе		■		■	■		■
Арнайы дағдылар мен тәжірибе							
Қаржылық сауаттылық	■	■	■	■	■	■	■
Қаржыны терең білуі	■	■	■	■	■		■
Маркетингті терең білуі	■	■	■	■	■	■	■
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі	■	■	■	■	■	■	■
Басқарудағы және құқықтанудағы жұмыс тәжірибесі							
Корпоративтік басқару	■	■	■	■	■	■	■
Трансформация	■	■	■	■	■	■	■
IPO өткізу тәжірибесі	■	■			■	■	■
Стратегияны әзірлеу және іске асыру	■	■	■	■	■	■	■
Халықаралық тәжірибе	■	■	■			■	

2-9, 2-10

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік теңгерімі

адам



ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Тәуелсіз директордың жеке акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынсыз тәуелсіз және дұрыс шешім қабылдауы үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі болуы тиіс.

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық өлшемшарттарына сәйкес келеді, олардың мәртебесі, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен, «KEGOC» АҚ Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларымен қатаң регламенттеледі.

Корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сай Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директор тәуелсіз деп танылуы мүмкін, егер ол:

- Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай болмаған болса (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмаса;
- Қоғамның немесе Қоғаммен үлестес ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен бағыныстылық бойынша байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылық бойынша байланысты болмаса;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспасған және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған болса;
- Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмаған болса және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл бойы ондай болмаған;
- мемлекеттік қызметкер емес болса. 2-9, 2-10

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстары

- 2022 жылы Директорлар кеңесі 12 күндізгі отырыс өткізді.
- Қаралған мәселелердің жалпы саны – 126. 2-13

2022 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшелері	01.02.2022	03.03.2022	25.03.2022	20.04.2022	26.05.2022	15.06.2022	24.06.2022	26.08.2022	23.09.2022	21.10.2022	18.11.2022	15.12.2022	%
Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы *Директорлар кеңесінің төрағасы*	■	■	2022 жылғы 10 наурыздан бастап өкілеттіктері тоқтатылды										100
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы *Директорлар кеңесінің төрағасы*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы *тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Бекенов Жанбота Темірғалиұлы *тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Ульф Вокурка *тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Сүентаев Дамир Серкбайұлы *тәуелсіз директор*	ДК мүшесі болған жоқ							■	■	■	■	■	100
Егімбаева Жанна Дачерқызы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	2022 жылғы 10 наурыздан бастап өкілеттіктері тоқтатылды										100
Жәмиев Алмат Күнжолұлы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Репин Алексей Юрьевич *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	90*
Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы *Басқарма төрағасы*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Барлығы, %													99

■ 2022 жылғы 25 маусымнан бастап өкілеттіктері тоқтатылды

■ ДК мүшесі болған жоқ

** Директор кеңесінің мүшесі Репин А.Ю. еңбек демалысында болды және Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі отырысына қатыспады.*

2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық бағыттағы, корпоративтік басқару және тұрақты даму, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, кадр саясаты, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, еншілес ұйымдардың қызметі жөніндегі және басқа да мәселелер қаралды.

Стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық мәселелер	22,2%
Корпоративтік басқару мәселелері	23,8%
ТБЖ мен ІБЖ мәселелері	15,9%
Кадр саясаты мәселелері	23,0%
Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, экология мәселелері	1,6%
Еншілес ұйымдардың қызметі мәселелері	8,0%
Басқа да мәселелер	5,5%

2-13

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Жекелеген мәселелерді белсенді талқылауға және егжей-тегжейлі талдауға арналған алаң құру үшін Директорлар кеңесі жанында 4 (төрт) комитет құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет
- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті

Аудит жөніндегі комитет

2-9

Комитеттің қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 12 хаттама) бекітілген Аудит жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелерін Директорлар кеңесі сайлайды, Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитет құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы да кіреді, ол Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымдауына сүйене отырып, Комитетке ұсыныстар енгізеді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Аудит жөніндегі комитет құрамында үш тәуелсіз директор және сарапшы (дауыс беру құқығынсыз) бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор
- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы –** төраға, тәуелсіз директор
- **Ульф Вокурка –** төраға, тәуелсіз директор
- **Пірмаханов Сәкен Бөлегенұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз)

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 26 тамыздағы шешіміне (№ 8 хаттама) сәйкес Комитет құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Сүентаев Дамир Серкбайұлы –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор
- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы –** Комитет мүшесі, аға тәуелсіз директор
- **Ульф Вокурка –** Комитет мүшесі, тәуелсіз директор
- **Мыңжанов Ернар Сейітұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз)

2022 жылы АК мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері	31.01.2022	02.03.2022	24.03.2022	19.04.2022	25.05.2022	24.06.2022	25.08.2022	23.09.2021	20.10.2022	17.11.2022	14.12.2022	%
Бекенов Жанбота Темірғалиұлы *Комитет төрағасы, тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы *Комитет мүшесі, аға тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Ульф Вокурка *Комитет мүшесі, тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Сүентаев Дамир Серкбайұлы *Комитет төрағасы, тәуелсіз директор*	Комитет мүшесі болған жоқ							■	■	■	■	100
Итого, %												100

■ 2022 жылғы 25 маусымнан бастап өкілеттіктері тоқтатылды

2022 жылы Комитеттің 11 күндізгі отырысы өтіп, онда 64 мәселе қаралды. 2-13

Комитет Директорлар кеңесіне ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік, сыртқы аудит мәселелері бойынша, соның ішінде «KEGOC» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін сыртқы аудиторлардың өкілдерімен кездесулер өткізу бойынша мәселелер, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс-офицер қызметіне қатысты және басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар берді.

«RSM Qazaqstan» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдерімен 4 кездесу өткізілді, онда 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға аудиторлық тексеруді жоспарлау жөніндегі есептер, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша, 2022 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша және аталған күнге аяқталған алты айдағы аралық қаржылық есептеме аудитінің нәтижелері бойынша, 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша аралық рәсімдерінің нәтижелері бойынша есептер, сонымен қатар сыртқы аудитордың тәуелсіздігін растайтын мәселелер қаралды.

2022 жылы АК отырыстарында қаралған мәселелер

%

Ішкі аудит мәселелері	27%
Комплаенс мәселелері	13%
ТБЖ мен ІБЖ мәселелері	15%
Есептіліктерге қатысты мәселелер	8%
Басқалары	37%

Сонымен бірге, 2022 жылы мәселелерді қарау кезінде Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын Директорлар кеңесі қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

2-9

Комитеттің қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№ 12 хаттама) бекітілген Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелерін Директорлар кеңесі сайлайды, Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитет құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы да кіреді, ол Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымдауына сүйене отырып, Комитетке ұсынымдар енгізеді.

2-13

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитеттің мүшелерінің саны 4 (төрт), соның ішінде 2 (екі) тәуелсіз директор, 1 (бір) «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі және сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ) бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы –** төраға, тәуелсіз директор
- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы –** Комитет мүшесі, тәуелсіз директор
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
- **Кәрімов Дәулет Сәбитұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі (№ 4 хаттама) және 2022 жылғы 26 тамыздағы (№ 80 хаттама) шешімдеріне сәйкес Комитет құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы –** Комитет төрағасы, аға тәуелсіз директор;
- **Сүентаев Дамир Серкбайұлы –** Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Жәмиев Алмат Күнжолұлы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Тютебаев Сырым Сәкенұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

2022 жылы Комитет отырыстарына қатысу

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелері	14.01.2022	31.01.2022	02.03.2022	24.03.2022	19.04.2022	21.04.2022	25.05.2022	24.06.2022	25.08.2022	20.10.2022	17.11.2022	14.12.2022	%
Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы *Комитет төрағасы, тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Бекенов Жанбота Темірғалиұлы *тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Егімбаева Жанна Дачерқызы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	2022 жылғы 10 наурыздан бастап өкілеттіктері тоқтатылды									100
Сүентаев Дамир Серкбайұлы *тәуелсіз директор*	Комитет мүшесі болған жоқ								■	■	■	■	100
Жәмиев Алмат Күнжолұлы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Кәрімов Дәулет Сәбитұлы *сарапшы (дауыс беру құқығынсыз)*	■	■	2022 жылғы 18 ақпаннан бастап өкілеттіктері тоқтатылды										100
Дүйсенов Ержан Абайұлы *сарапшы (дауыс беру құқығынсыз)*	Комитет сарапшысы болған жоқ			■	■	■							100
Тютебаев Сырым Сәкенұлы *сарапшы (дауыс беру құқығынсыз)*	Комитет сарапшысы болған жоқ								■	■	■		100
Барлығы, %													100

■ Комитет мүшесі болған жоқ
■ 2022 жылғы 25 маусымнан бастап өкілеттіктері тоқтатылды
■ 2022 жылғы 25 тамыздан бастап өкілеттіктері тоқтатылды

2022 жылы Комитеттің 12 күндізгі отырысы өтіп, онда 52 мәселе қаралды. 2-13

2022 жылы ТСК отырыстарында қаралған мәселелер

%

тағайындаулар мәселелері	9,6%
сыйақылар мәселелері	11,5%
сабақтастық және бағалау мәселелері	38,5%
еншілес ұйым мен т.б. қызметінің мәселелері	40,4%

2-13

2022 жылға Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына, Омбудсмен лауазымына білікті мамандарды тағайындау/сайлау бойынша; Компанияның ұйымдық құрылымын бекіту, Басқарма мүшелерінің лауазымдарын (CEO-1) сипаттау және бағалау; пул менеджментін және функционалдық пулды орындау; Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін және корпоративтік хатшының, Омбудсменнің мақсат картасын, Басқарманың, Омбудсменнің және корпоративтік хатшының қызметақы схемасын қарау; Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын бекіту; Басқарма мүшелерінің жеке даму жоспарларын орындау және басқа да мәселелер бойынша ұсынымдар берілді.

2022 жылы Комитет Директорлар кеңесіне күн тәртібінен 5 (бес) мәселені алып тастауды ұсынды, соның ішінде Комитеттің ұсынымдарын ескере отырып, 3 (үш) мәселе қайта енгізілді, бұл ретте 2022 жылы мәселелерді қараған кезде Директорлар кеңесі Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын қабылдамаған жағдайлар тіркелген жоқ.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті

2-9

Комитеттің қызметі « Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген және жаңартылған Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет туралы ережемен реттелді.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитет құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы да кіреді, ол Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымдауына сүйене отырып, Комитетке ұсынымдар енгізеді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитеттің мүшелерінің саны 4 (төрт), соның ішінде 2 (екі) тәуелсіз директор, 1 (бір) «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Ульф Вокурка –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- **Ахансарипов Нұрлан Заманбекұлы –** Комитет мүшесі, аға тәуелсіз директор;
- **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Кәрімов Дәулет Сәбитұлы –** дауыс беру құқығынсыз сарапшы.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі (№ 4 хаттама) және 2022 жылғы 26 тамыздағы (№ 8 хаттама) шешімдеріне сәйкес Комитет құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Ульф Вокурка –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- **Ахансарипов Нұрлан Заманбекұлы –** Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Репин Алексей Юрьевич –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Тютебаев Сырым Сәкенұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

СЖККБК мүшелерінің құрамы және 2022 жылы отырыстарға қатысуы

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің мүшелері	31.01.2022	02.03.2022	24.03.2022	19.04.2022	25.05.2022	24.06.2022	25.08.2022	23.09.2022	20.10.2022	18.11.2022	14.12.2022	%
Ульф Вокурка *Комитет төрағасы, тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Ахансарипов Нұрлан Заманбекұлы *тәуелсіз директор*	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
Бердіғұлов Ернат *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	-	2022 жылғы 10 наурыздан бастап өкілеттіктері тоқтатылды									50*
Репин Алексей Юрьевич *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	■	■	■	■	■	-	■	■	88,8*
Барлығы, %												**84,7**

■ Комитет мүшесі болған жоқ

** Комитет мүшесі Бердіғұлов Е.Қ. 2022 жылғы 2 наурыздағы Комитет отырысына қатысқан жоқ*

** Комитет мүшесі Репин А.Ю. еңбек демалысында болды және Комитеттің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі отырысына қатыспады.*

2022 жылы Комитеттің 11 күндізгі отырысы өтіп, онда 26 мәселе қаралды. 2-13

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитетінің отырыстарында стратегиялық және экономикалық бағыттар бойынша, корпоративтік даму және тұрақты басқару, инвестициялық бағдарлама мәселелері және басқа да мәселелер қаралды.

Сонымен бірге, 2022 жылы мәселелерді қарау кезінде Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын Директорлар кеңесі қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

2022 жылы СЖККБК отырыстарында қаралған мәселелер %

стратегиялық жоспарлау, Бизнес-жоспар мәселелері — 27%
корпоративтік даму және тұрақты басқару мәселелері — 39%
инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері — 19%
басқа да мәселелер — 15%

2-13

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті 2-9

Комитеттің қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитет құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы да кіреді, ол Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымдауына сүйене отырып, Комитетке ұсынымдар енгізеді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитеттің мүшелерінің саны 4 (төрт), соның ішінде 1 (екі) тәуелсіз директор, 2 (бір) «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Ульф Вокурка –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Кәрімов Дәулет Сәбитұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі (№ 4 хаттама) және 2022 жылғы 26 тамыздағы (№ 8 хаттама) шешімдеріне сәйкес Комитет құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитеттің келесі мүшелері Комитет құрамына кірді:

- **Ульф Вокурка –** Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- **Репин Алексей Юрьевич –** «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Жәмиев Алмат Күнжолұлы –** Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Тютебаев Сырым Сәкенұлы –** сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

2022 жылы ҚЕҚОҚК мүшелерінің отырыстарға қатысуы.

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті	02.03.2022	25.08.2022	23.09.2022	%
Ульф Вокурка *Комитет төрағасы, тәуелсіз директор*	■	■	■	100
Егімбаева Жанна Дачерқызы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	прекращены полномочия с 10 наурыз 2022 жыла		100
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	-	прекращены полномочия с 10 наурыз 2022 жыла		–*
Репин Алексей Юрьевич *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	–	50*
Жәмиев Алмат Күнжолұлы *«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі*	■	■	■	100
Барлығы, %				70

■ Комитет мүшесі болған жоқ

** Комитет мүшесі Бердіғұлов Е.Қ. 2022 жылғы 2 наурыздағы Комитет отырысына қатысқан жоқ*
** Комитет мүшесі Репин А.Ю. еңбек демалысында болды және Комитеттің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі отырысына қатыспады.*

Есептік кезеңде Комитеттің 3 күндізгі отырысы өтіп, онда 4 мәселе қаралды. 2-13

2022 жылы Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің отырыстарында өнеркәсіптік және ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері қаралды. Сонымен бірге, 2022 жылы мәселелерді қарау кезінде Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын Директорлар кеңесі қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

2022 жылы СЖККБК отырыстарында қаралған мәселелер

%



еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері	34%
ақпараттық қауіпсіздік мәселелері	33%
басқа да мәселелер	33%

КӘСІБИ ДАМУ

2-13

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді. Директорларды оқыту ақпараттық кеңестерге, тренингтерге, форумдарға, конференцияларға және жұмыс топтарына қатысуды қамтиды. Директорларға өз міндеттерін орындауға көмектесу үшін оларға қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну рәсімдері қарастырылған.

2022 жылғы 25 мамырда Директорлар кеңесінің мүшелері «Ақмола ЖЭТ» филиалына барды.

2022 жылғы 17 маусымда «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, басқарушы директорлардың және инвестициялық қоғамдастықтың қатысуымен «Эмитент күні» өтті.

2022 жылғы 30 маусымда «SKILLS UP» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшелеріне «РФ-ға қарсы санкциялық режим және оның «KEGOC» АҚ үшін салдары» тақырыбында семинар өткізді.

2022 жылғы 30 қыркүйекте «KPMG Такс энд Эдвайзори» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «ESG тәуекелдерін іске асыру кейстері» тақырыбында семинар өткізді.

2022 жылғы 7 желтоқсанда «Samruk Business Academy» ЖМ Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «Smart Grid – ұлттық энергия жүйелері операторларының қызметіндегі болашақ пен бүгіннің сын-тегеуріндері» тақырыбында семинар өткізді. 2-17

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Компанияның корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі негізінде қабылданды. Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділігін растау болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау Компания есептік жылы Компанияға қолданылатын корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелерін сақтайтынын көрсетті. Корпоративтік басқару кодексінің 2022 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есебімен сілтеме бойынша танысуға болады

Атқарушы орган

«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган болып табылатын Басқарма жүзеге асырады, ол басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған «KEGOC» АҚ қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді. 2-13

Компанияның Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін (төрағадан басқа) сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады және ашықтық, әлеует пен кәсібилік пен құзыреттілікті бағалаудың объективтілігі қағидаттарына негізделеді. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 5 (бес) адамнан тұратын «KEGOC» АҚ Басқармасының құрамын айқындады, олардың 100%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)

МОЛДАБАЕВ ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

1963 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы еңбек өтілі – 29 жыл.

Білімі:

Павлодар индустриалды институты «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша (1981-1987 жж.), Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (1999-2002 жж.), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет менеджері (2003-2004 жж.) мамандығы, Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы іскери әкімшілік ету (2016-2020 жж.) мамандығы бойынша.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2012-2018 жж. –** «Самұрық-Энерго» АҚ Инновациялық-технологиялық саясат және даму департаментінің директоры, даму жөніндегі басқарушы директоры, стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.
- **2018-2019 жж. –** «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ бас директорының орынбасары.
- **2019-2021 жж. –** «Самұрық-Қазына» АҚ энергетика және тау-кен активтері дирекциясының директоры, «Энергетика» секторының жетекшісі.
- **2021 ж. –** «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес және бағыныстыұйымдарының акцияларын иеленбейді.

ЖАЗЫҚБАЕВ БАҚЫТХАН МЕДЕҒАЛИҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, 2017 жылғы ақпаннан бастап Басқарма мүшесі

1968 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы еңбек өтілі – 20 жыл.

Білімі:

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Маркетинг және коммерция» мамандығы бойынша (1994), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Электр энергетикалық жүйелер мен тораптар» мамандығы бойынша (2005 ж.), «Нархоз университеті» АҚ, MBA бағдарламасы бойынша оқу, іскери әкімшілік ету магистрі (2017 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- **2015-2017 жж. –** «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- **2017-2018 жж. –** «KEGOC» АҚ өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.
- **2018-2021 жж. –** «KEGOC» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры.
- **2021 ж. –** «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:

өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу, қызмет көрсету және диагностикалау бойынша қызметті жоспарлау; активтерге қызмет көрсету нормативтерін қоса алғанда, активтерді басқару бойынша саясатты және рәсімдерді әзірлеу; ЖЭТ филиалдарының орта мерзімді даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; Даму жоспарын (Бюджетті және Инвестициялық бағдарламаны) жасау және орындау; іске асырылатын стратегиялық жобаларды басқару жұмысын ұйлестіру; пайдаланушыларды электр желісіне қосу бойынша жұмысты ұйлестіру және бақылау; күрделі құрылыс объектілері бойынша мердігерлік ұйымдармен жұмыстарды/қызметтерді сатып алу шарттарын жасау процесін бақылау; мердігерлік ұйымдарды, сонымен қатар қосалқы мердігерлік ұйымдарды іздеу, іріктеу және олармен қарым-қатынастарды дамыту бойынша жұмысты ұйлестіру; Ақпараттық-телекоммуникациялық кешенді дамыту және АТ, телекоммуникациялар және деректерді басқару саласындағы жобаларды басқару стратегиясын ұйлестіру; «KEGOC» АҚ объектілеріндегі жөндеу жұмыстарын ұйлестіру.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес және бағыныстыұйымдарының акцияларын иеленбейді.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)

САФУАНИ ТӨЛЕГЕН ЕСЕНҚҰЛҰЛЫ

	2-8 Жалданбалы жұмысшы емес жұмыскерлер		иә	қолданылмайды	Компанияда штаттан тыс қызметкерлер жоқ	
	2-9 Басқару құрылымы мен құрамы	50, 54, 58, 59, 60, 61, 62, 63				
	2-10 Жоғарғы басқару органын тағайындау және таңдау	53, 58, 59				
	2-11 Жоғарғы басқару органының төрағасы	54				
	2-12 Әсер етуді басқаруды қадағалаудағы жоғарғы басқару органының рөлі	22, 32, 38, 46, 53, 72, 84, 85				

	2-13 Әсерді басқару үшін жауапкершілікті бөлу	32,38, 46, 53, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 67			
	2-14 Тұрақты даму саласындағы есептіліктегі жоғары басқару органының рөлі	81			
	2-15 Мүдделер қайшылығы	69			
	2-16 Күрделі мәселелер туралы хабарлама	70, 71			
	2-17 Жоғарғы басқару органының ұжымдық білімі	64			
	2-18 Жоғарғы басқару органының қызметін бағалау	68			
	2-19 Сыйақы саясаты	69			
	2-20 Сыйақыны анықтау процесі	68			
	2-21 Жалпы жылдық сыйақы коэффициенті		иә	Құпия шек-теулер	Сыйақы туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ Бағалы қағаздардың рұқ-сат ету бастамашыларының ақпаратты ашу қағидасына сәйкес ашылады.
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	3, 4, 22			
	2-23 Сыйақы міндеттемелері	22, 33, 34, 39, 45, 70			
	2-24 Саяси міндеттемелерді бекіту	22, 26, 33, 34, 43, 47, 70, 75			
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	26, 30, 70, 71			
	2-26 Кеңес сұрау және алаңдаушылық білдіру механизмдері	26, 36, 70, 71, 76, 84			
	2-27 Заңдар мен қағидаларды сақтау	26, 33, 90			
	2-28 Қауымдастықтардағы мүшелік	18			
	2-29 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тәсілі	83, 84, 85			
	2-30 Ұжымдық шарттар	45			
GRI Electric Utilities: Жалпы элементтер (2016)					
	EU1 Бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бойынша бөліп көрсетілген белгіленген өндірістік қуат	20, 21, 89			
	EU2 Негізгі энергия көзі мен реттеу режимі бойынша таза энергия өндіру		иә	қолданыл-майды	«KEGOC» АҚ энергия өндіруші компа-ния емес
	EU3 Электр энергиясын тұтынушылардың саны	24, 89			
	EU4 Реттеу режимі бойынша бөліп көрсетілген әуелік және жер асты электр жеткізу желілерінің ұзындығы	20, 89			
	EU5 Парниктік газдар шығарындылары схемасы бойынша бөліп көрсетілген CO_2e шығарын-дыларына квотаны немесе эквивалентті бөлу	33			
Маңызды тақырыптар					
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	85			
	3-2 Маңызды тақырыптар тізімі	85			

Экономикалық нәтижелік						
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	77				
GRI 201: Экономикалық нәтижелік (2016)	201- 1 Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн	79, 89				
	201-2 Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық салдарлар және басқа да тәуекелдер мен мүмкіндіктер	28, 29, 34				
	201-3 Ұйымның белгіленген жеңілдіктері бар зейнетақы жоспарларына байланысты міндеттемелерін қамтамасыз ету		иә	қолданылмайды	Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын аудару тәртібін реттейді	
	201-4 Мемлекеттен алынған қаржылай көмек	79, 89				
GRI 3: Маңызды тақырыптар2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	70				
GRI 205: Экономикалық нәтижелік (2016)	205-1 Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерге бағаланған операциялар	70				
	205-2 Қарым-қатынас және оқыту сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдер	70, 71				
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған оқиғалары және қабылданған шаралар	71				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	36				
GRI 302: Энергия (2016)	302- 1 Ұйым ішінде энергияны тұтыну	36, 90				
	302-2 Ұйымнан тыс энергияны тұтыну				Қазіргі уақытта Компания энергетикалық ресурстарды тұтыну есебін тек ұйым ішінде жүргізеді, осыған байланысты ұйымнан тыс энергия тұтыну осы Есепте көрсетілмеген.	
	302-3 Энергия сыйымдылығы	36				
	302-4 Энергия тұтынуды азайту	36, 37, 90				
	302-5 Сатылған өнімдердің немесе қызметтердің энергияға сұранысын азайту (біз үшін тасымалдау кезіндегі шығындар)	36, 37				
Энергия тиімділігі	EU12 Энергияны жеткізу және бөлу кезіндегі ысыраптардың пайызы	37, 90				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	36				
GRI 305: Шығарындылар (2016)	305-1 Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1 қамту аумағы)	34				
	305-2 Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту аумағы), оның ішінде сатып алынатын электр энергиясынан EU шығарындылары бойынша	34				
	305-3 Басқа жанама парниктік газдар шығарындылары (3-қамту аумағы)	34			Компания қазіргі уақытта парниктік газдардың жанама шығарындыларын есепке алмайды (3-қамту аумағы)	
	305-4 Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	35				
	305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту	34				
	305-6 Озонды бұзатын заттардың шығарындылары (ОРВ)	33				
	305-7 Азот оксидтері (NOX), күкірт оксидтері (SOX) және басқа да маңызды ауаға шығарындылар	33				

GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	38, 39, 42, 44				
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жаңадан қабылданған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ жас тобы, жынысы және өңірлер бойынша бөліп көрсетілген кадрлардың тұрақтамауы Көрсеткішке салалық қосымша: Есептік кезеңде жұмыстан кеткен қызметкерлердің жынысы мен жас тобы бойынша орташа болу ұзақтығы	41, 42, 48, 87, 88				MA (EU14) EU15, EU18
	401-2 Штаттық қызметкрелерге берілетін, уақытша немесе ішінара жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	43, 44 , 45				
	401-3 Бала күтімі бойынша демалыс	43				
	EU17 Құрылыс, операциялық қызмет және сервистік қызмет көрсету процестеріне тартылған мердігерлер мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің жұмыс істеген күндерінің саны		иә	ақпарат қолжетімді емес	Компания мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жұмыс істеген күндерінің есебін жүргізбейді	
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	46, 47				
GRI 403: Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау (2018)	403-1 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғауды басқару жүйесі	47				
	403-2 Қауіпті сәйкестендіру, тәуекелді бағалау және оқиғаны зерттеу	47				
	403-3 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметі	47				
	403-4 Қызметкерлердің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау сындағы байланыс рәсімдеріне қатысу тәртібін сипаттау	45, 47				
	403-5 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесі	48				
	403-6 Жұмысшылардың денсаулығын нығайту	47, 48				
	403-7 Іскери қатынастарға тікелей байланысты еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауға әсер етудің алдын алу және азайту	47, 48				
	403-8 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер	47, 48				
	403-9 Өндірістік жарақаттардың түрлері мен деңгейі, жоғалтқан күндер мен жұмыс орнында болмау коэффициенті	48, 91				
	403-10 Кәсіптік аурулар	48				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	44				
GRI 404: Оқыту және білім беру (2016)	404-1 Жылына оқудың орташа сағат саны	44, 86				
	404-2 Қызметкерлерді кәсіби дамыту бағдарламалары	44				
	404-3 Өнімділік пен карьерлік өсуге тұрақты шолу алатын қызметкерлердің пайызы	44				
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	3-3 Маңызды тақырыпты басқару	39				
GRI 406: Кемсітуге жол бермеу (2016)	406-1 Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету іс-шаралары	39, 70				
Electric Utilities: EU Қолжетімділік (2013)	EU 28 Электр қуатын берудегі өшіру жиілігі	29, 89				
	EU 29 Электр қуатын берудегі кідірістің орташа ұзақтығы	29, 89				

4-ҚОСЫМША. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) АҚ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептеме, Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі	**097**
Шоғырландырылған қаржылық есептеме	**099**
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	099
Жиынтық залал туралы шоғырландырылған есеп	100
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	100
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	101
Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпеле	102

Қаржылық есептемені жасау процесінде негізгі емес, бірақ «KEGOC» АҚ тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін маңызды «Қаржылық есептілікте дұрыс емес ақпаратты көрсету» тәуекелі бар. Бұл тәуекелдің туындау факторлары:

- Компаниядағы кадрлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі;
- ХҚЕС пен НҚА талаптарының өзгеруіне бақылаудың жоқтығы;
- есепке алу жүйесіне мәліметтерді қолмен енгізу кезіндегі қателер;
- қызметкерлердің жосықсыз әрекеттері;
- құрылымдық бөлімшелердің дұрыс емес бастапқы құжаттаманы ұсынуы.

Осы тәуекелді азайту мақсатында 2022 жылға қаржылық есептілікті жасау кезінде Компания:

- қызметкерлерді оқыту өткізді;
- құқықтық ақпарат мәліметтері базасына мониторинг жүргізді;
- қаржылық есептілік аудитін өткізді;
- есепке алу жүйесіне мәліметтерді енгізуге көп деңгейлі бақылауды қамтамасыз етті;
- «KEGOC» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының дұрыс бастапқы ақпарат беруіне бақылау жүргізді.

Сонымен қатар аудитор қаржылық есептілікке аудит жүргізу кезінде:

- жосықсыз іс-қимыл немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептеменің айтарлықтай бұрмалану тәуекелдерін анықтайды және бағалайды;
- осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірленеді және орындалады;
- аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында ішкі бақылау жүйелерін қарастырады;
- қолданылатын есепке алу саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалар мен басшылық дайындаған ақпараттың тиісінше ашып көрсетілу негізділігін бағалайды;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасайды;
- жалпы алғанда шоғырландырылған қаржылық есептеменің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептеменің өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды дұрыс берілуін қамтамасыз ететіндей ұсынуын бағалайды;
- шоғырландырылған қаржылық есептеме бойынша пікір білдіру үшін Компания туралы қаржылық ақпаратқа қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер жинақтайды.

«KEGOC» АҚ компаниялар тобы үшін қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсететін аудиторлық ұйымды таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесі) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымдарды таңдау жөніндегі қағидаларға сай және «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі негізінде (2021 жылғы 31 мамырдағы № 22 хаттама) өткізілді. Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының кәсіби ұйымының мүшесі, тәуелсіз аудиторлық ұйым «RSM Qazaqstan» ЖШС-мен ұзақ мерзімді шарт жасалды. 2021-2023 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсеткені үшін сыйақы сомасы ҚҚС-ны есепке алғанда 116,22 млн теңгені құрады, оның ішінде 2021 жылы – 35,98 млн теңге, 2022 жылы – 38,55 млн теңге, 2023 жылы – 41,69 млн теңге.

Тәуелсіздікті сақтау мақсатында және «KEGOC» АҚ Сыртқы аудит саясатына сәйкес бір аудиторлық ұйым бес жыл қатарынан аудит жүргізген кезде аудит бойынша серіктес ауыстырылады. «RSM Qazaqstan» ЖШС 2022 жылы «KEGOC» АҚ-ға аудиторлық емес қызмет көрсеткен жоқ.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

RSM

«RSM Qazaqstan» ЖШС
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Достық даңғ., 43
«D43» Бизнес орталығы, 302-кеңсе
Тел.: +7 727 339 87 78
www.rsm.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Акционерлеріне, Директорлар кеңесіне және Басшылығына

Пікір

Біз «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық залал туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сейкес дұрыс бейнелейді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса) (бұдан әрі – БХЭСК Кодексі) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

RSM

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық рәсімдеріміздің, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған рәсімдердің нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің негізгі мәселелері	***Біздің аудит барысында тиісті негізгі мәселе қалай қаралды***
Негізгі құралдарды бағалау	
2022 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Ұлттық электр торабының («ҰЭТ») активтерінің баланстық құны 733.464.524 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 879.981.350 мың теңге). ҰЭТ активтері Топтың есеп саясатына сәйкес әділ құн бойынша көрсетіледі. Топ әрбір есепті күнге ҰЭТ активтерінің баланстық құнының олардың әділ құнынан қаншалықты ерекшеленетініне талдау жүргізеді. Әділ құннның ықтимал ауытқуларын бағалау үшін Топ басшылығы әділ құнның өзгеру тәуекеліне неғұрлым ұшыраған активтерді алмастыру құнын айқындайды. ҰЭТ активтерінің баланстық құнының елеулі болуына, сондай-ақ ҰЭТ активтерінің әділ құнының өзгерістеріне талдау жүргізу кезінде басшылықтың кәсіби пайымдау мен бағалауды едәуір пайдалануына байланысты бұл мәселе аудиттің негізгі мәселелерінің бірі болып табылды. ҰЭТ активтері және ҰЭТ активтерінің әділ құнының өзгерістерін талдау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептеменің 4 және 6-ескертпелерінде ұсынылған.	Біз Топ басшылығынан бағалау саласындағы сыртқы сарапшы жүргізген бағалау туралы есепті алдық. Біз Топ тартатын сыртқы сарапшының құзыреттілігі мен объективтілігін бағаладық. Біз бағалау туралы есепті қарап, бағалау әдістемесін талдадық. Біз негізгі құралдар тізіліміндегі ҰЭТ активтерін сыртқы сарапшы бағалаған активтер тізімімен салыстырдық. Біз басшылық бекіткен «2023-2027» жылдарға арналған іс-шаралар жоспары», тарифтер және электр энергиясының болжамды көлемі сияқты сыртқы сарапшы пайдаланатын басқа да бастапқы деректерді ішкі деректер көздерімен салыстырдық. Біз өтелетін құнды есептеу кезінде пайдаланылатын қызметтердің тарифтерін уәкілетті орган бекіткен тарифтермен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемесі мен ұзақ мерзімді өсу қарқынын жалпы нарықтық көрсеткіштермен және басқа қол жетімді мәліметтермен салыстырдық. Біз ақша ағындарының модельдерінің математикалық тұтастығын тексеріп, сезімталдықты талдауды бағаладық. Біз қайта бағалауға қатысты шоғырландырылған қаржылық есептілікте жасалған есептік жазбаларды талдадық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептеменің 4 және 6-ескертпелерінде ашылған ақпаратты талдадық.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

RSM

Кредиттік келісімдер шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау

Кредиттік келісімдер мен облигациялық бағдарламалардың талаптарына сәйкес Топ белгілі бір шарттық талаптарды (ковенанттарды) сақтауы тиіс. Бұл шарттардың бұзылуы қаржыландырудың жетіспеушілігімен қатар айтарлықтай айыппұлдар мен өсімақыларға әкелуі мүмкін.

Шарттық талаптарды сақтау аудиттің маңызды мәселесі болып табылады, өйткені ол шоғырландырылған қаржылық есептемені әзірлеу кезінде пайдаланылатын үздіксіз қызмет туралы болжамға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қарыздар мен облигациялар бойынша міндеттемелерді жіктеуге үлкен әсер етеді.

Кредиттік келісімдер шеңберінде шарттық талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептеменің 29-ескертпесінде ашылған.

Біз несиелік келісімдердің шарттарын, қарастырдық және қаржылық және қаржылық емес шарттарды қарастырдық.

Біз есептеулерде қолданылатын деректерді шоғырландырылған қаржылық есептемемен салыстырдық.

Біз есептеулердің математикалық дәлдігін қаржылық көрсеткіштер бойынша тексердік.

Біз басшылықтың алдағы 12 айда қандай да бір шарттардың бұзылуы және бұзушылықтың қызметтің үздіксіздігі принципіне ықтимал әсері болуы мүмкін деген қауіп-қатерін талдадық.Біз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шарт талаптарын сақтауға қатысты кредиторлардан алынған мәліметтерді талдадық.

Біз сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептемеде ашылған ақпаратты талдадық.

Топтың 2022 жылғы жылдық есебіне енгізілген өзге ақпарат

Өзге ақпарат Топтың 2022 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпаратты қамтиды,бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің аудиторлық есебімізді қамтымайды. Өзге ақпарат үшін басшылық жауапты. 2022 жылғы жылдық есеп осы аудиторлық есеп беру күнінен кейін бізге қолжетімді болады деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша біздің аудиторлық пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды және біз бұл ақпарат бойынша сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз жоғарыда аталған өзге ақпаратты бізге берілген кезде қарап шығу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік арасында немесе аудит барысында алған біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоғын және басқа ықтимал елеулі бұрмалануардың бар-жоғын қарастыру болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалануышылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға, жағдайларды немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

RSM

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлей мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылық қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізді шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайды, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы құрылымын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін, Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөніндегі, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

RSM

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуекелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілген және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары жөнінде хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең ішіндегі қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық мыңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді біздің аудиторлық есебімізде сипаттаймыз.

Аудит нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудитордың есептілігін шығаруға аудитті жүргізуге жауапты серіктес, – Айсулу Нарбаева.

ТОО "RSM Qazaqstan"

Айсулу Нарбаева
Аудитор / Бас директор
«RSM Qazaqstan» ЖШС

Аудитордың біліктілік куәлігі
1994 жылғы 21 қазандағы
№ 0000137

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2019 жылғы 24 желтоқсанда берген
№ 19024411 Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Достық даңғ., 43, «D43» бизнес-орталығы, 302-кеңсе

2023 жылғы 28 ақпан

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

Шоғырландырылған қаржылық есептеме

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанына

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	**859.129.917**	976.001.316
Материалдық емес активтер		**3.453.791**	3.165.491
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	6	**6.118.449**	5.431.849
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	7	**2.747.455**	2.278.332
Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	27	**514.613**	634.192
Басқа да қаржы активтері, ұзақ мерзімді бөлік	11	**1.968.564**	32.309.237
		873.932.789	1.019.820.417
Айналымдағы активтер			
Қорлар	8	**3.207.155**	2.590.383
Сауда дебиторлық берешек	9	**21.047.390**	12.991.260
Өтелетін ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем		**871.258**	3.231.654
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		**128.400**	817.245
Өзге де ағымдағы активтер	10	**1.649.971**	974.072
Басқа да қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	11	**57.196.672**	40.187.573
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	12	**1.015.462**	670.902
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	13	**27.563.092**	11.933.828
		112.679.400	73.396.917
Активтердің жиыны		**986.612.189**	1.093.217.334

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(жалғасы)

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	**126.799.554**	126.799.554
Меншікті сатып алынған акциялар	14	**(930)**	(930)
Активтерді қайта бағалау резерві	14	**489.297.133**	569.845.780
Бөлінбеген пайда		**37.469.407**	40.492.413
		653.565.164	737.136.817
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	15	**11.367.844**	35.639.645
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	16	**133.394.155**	117.142.516
Кейінге қалдырылған салық активтері	25	**123.971.284**	151.470.158
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	17	**4.146.691**	5.972.684
Болашақ кезеңдердің кірістері, ұзақ мерзімді бөлігі		**676.138**	–
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		**13.522**	171.628
		273.569.634	310.396.631
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	15	**5.530.813**	13.854.307
Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік	16	**6.058.889**	4.562.983
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	17	**21.713.025**	18.512.531
Төленуге арналған дивидендтер	14	**17.014.309**	–
Шарт бойынша міндеттемелер		**1.669.590**	2.064.346
Болашақ кезеңдердің кірістері, қысқа мерзімді бөлігі		**53.243**	18.325
Жалдау міндеттемесі, қысқа мерзімді бөлік	27	**–**	111.895
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешек	18	**1.933.096**	2.403.728
Корпоративтік табыс салығы бойынша берешек		**267.335**	–
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	19	**5.237.091**	4.155.771
		59.477.391	45.683.886
Міндеттемелер жиыны		**333.047.025**	356.080.517
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**986.612.189**	1.093.217.334
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	**14**	**2.500**	2.823

ЖИЫНТЫҚ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Жалғасатын қызмет			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	20	**217.255.548**	186.443.137
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	21	**(166.355.885)**	(120.682.903)
Жалпы пайда		**50.899.663**	65.760.234
Жалпы және әкімшілік шығыстар	22	**(9.020.431)**	(8.539.823)
Өткізу бойынша шығыстар		**(310.355)**	(381.235)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залалды қал-пына келтіруден түскен кіріс	6	**949.895**	2.869.512
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал	6	**(4.524.870)**	(10.813.536)
Операциялық пайда		**37.993.902**	48.895.152
Қаржылық кірістер	23	**5.726.115**	5.368.222
Қаржылық шығыстар	23	**(13.294.934)**	(11.670.429)
Оң бағамдық айырма, нетто	24	**114.963**	451.045
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	7	**469.123**	260.739
Сатуға арналған активті сатудан түскен кіріс	27	**-**	2.182.037
Басқа кірістер		**2.488.310**	1.739.332
Басқа шығындар		**(500.704)**	(563.892)
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервті (есеп-теу)/қалпына келтіру	9, 10, 11, 12, 13	**(528.687)**	110.078
Салық салынғанға дейінгі пайда		**32.468.088**	46.772.284
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	25	**(5.720.479)**	(7.607.838)
Үздіксіз қызметтен түсетін жылдық пайда		**26.747.609**	39.164.446
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда	26	**-**	13.471.466
Жылдық пайда		**26.747.609**	52.635.912
Басқа жиынтық табыс Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен (залал) / кіріс	4	**(100.105.029)**	325.744.754
Салықтың пайдаға әсері	25	**20.021.005**	(65.148.951)
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі кейінгі кезеңдердегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза басқа жиынтық (залал) / кіріс		**(80.084.024)**	260.595.803
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі бір жылдағы жиынтық (залал) / кіріс жиыны		**(53.336.415)**	313.231.715
Акцияға пайда Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін есептік кезеңдегі базалық және бөлін-ген пайда (теңгемен)	14	**102,88**	202,45
Үздіксіз қызметтен акцияға есептегендегі пайда Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін есептік кезеңдегі базалық және бөлін-ген пайда (теңгемен)	14	**102,88**	150,63

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызмет			
Үздіксіз қызметке салық салынғанға дейінгі пайда		**32.468.088**	46.772.284
Тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейінгі пайда	26	**-**	17.506.488
Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағында-рымен салыстыру үшін түзетулер			
Тозу және амортизация		**61.202.463**	36.867.809
Қаржылық шығындар	23	**13.294.934**	11.681.665
Қаржылық кірістер	23	**(5.726.115)**	(7.562.497)
Оң бағамдық айырма, нетто		**(114.963)**	(451.045)
Күтілетін кредиттік шығындарға резервті есептеу		**528.687**	297.853
Ескірген қорларға резервті есептеу/(қалпына келтіру)		**77.931**	1.074
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығысынан болған залалдар		**94.956**	151.639
Негізгі құралдардың қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіруден түскен кіріс	6	**(949.895)**	(2.869.512)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал	6	**4.524.870**	10.813.536
Қауымдасқан компания пайдасындағы үлесі	7	**(469.123)**	(260.739)
Мемлекеттік субсидиядан түскен кіріс		**(42.708)**	(30.430)
Айналым капиталына түзетулер			
Қорлардағы өзгерістер		**(694.703)**	(197.629)
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс		**(8.847.516)**	(12.850.642)
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		**(924.897)**	2.037.418
Өтеуге және басқа салықтар бойынша алдын ала төлеуге ҚҚС-ның өзгеруі		**2.360.396**	(2.753.788)
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі өзгеріс		**5.505.375**	5.894.563
Шарттық міндеттемелердегі өзгеріс		**(394.756)**	(1.245.578)
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		**(158.106)**	69.216
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		**(427.761)**	2.400.671
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		**740.453**	(324.363)
Операциялық қызметтен алынған ақша ағындары		**102.047.610**	105.947.993
Қарыздар бойынша төленген пайыздар мен комиссиялар	28	**(1.336.740)**	(1.167.132)
Төленген купондық сыйақы	28	**(12.727.000)**	(11.538.332)
Жалдау бойынша төленген сыйақы		**-**	(45.050)
Банктік кепілдіктер бойынша комиссияны төлеу		**(723.176)**	(990.818)
Алынған пайыздар		**5.658.863**	5.971.573
Төленген корпоративтік табыс салығы		**(12.240.835)**	(14.309.266)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		**80.678.722**	83.868.968

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(жалғасы)

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Инвестициялық қызмет			
Депозиттік шоттардан алу		**44.735.130**	97.222.309
Депозиттік шоттарды толықтыру		**(23.523.047)**	(93.421.164)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсім		**2.378.537**	203.673
Негізгі құралдарды сатып ал		**(49.476.255)**	(40.214.058)
Материалдық емес активтерді сатып алу		**(693.486)**	(36.653)
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу (Ұлттық ноталар. ҚР банкі, ҚР ҚМ вексельдері)	11	**(36.933.373)**	(66.747.566)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу (Ұлттық ноталар. ҚР банкі, ҚР ҚМ вексельдер)	11	**32.117.343**	78.930.920
Эмитенттің DSFK облигацияларын сатып алуы	11	**12.671**	54.453
Қазинвестбанкке және Қазақстан Эксимбанкіне қаражатты ішінара қайтару		**173.876**	331.697
Қауымдастырылған компанияның дивидендтері		**–**	203.095
Шығарылған компанияның ақшалай қаражаты (КЕО)	26	**–**	(38.847.799)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(31.208.604)**	(62.321.093)
Қаржылық қызмет			
Облигациялар шығару	28	**16.141.100**	25.235.121
Дивидендтер төлеу	14	**(13.220.929)**	(41.529.578)
Қарыздарды өтеу	28	**(35.865.915)**	(14.614.808)
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі қарызды төлеу	28	**(111.895)**	(436.606)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(33.057.639)**	(31.345.871)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс		**16.412.479**	(9.797.996)
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері		**(600.425)**	(115.531)
Ақша қаражаттарына және олардың баламаларына күтілетін кредиттік шығындар үшін резервті есептеудің әсері		**(182.790)**	(19.850)
1 қаңтардағы ақша қаражаттары және олардың баламала-ры		**11.933.828**	21.867.205
31 желтоқсандағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	13	**27.563.092**	11.933.828

Ақшалай емес операциялар:

2022 жыл ішінде Топ облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша шығындарды 3.401.402 мың теңге сомасына негізгі құралдардың құнына капиталдандырды *(6-Ескертпе)*.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕМЕ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Меншік сатып алынғанакци-ялар	Активтерді қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	126.799.554	(930)	309.836.582	65.921.264	502.556.470
Жыл ішіндегі пайда	–	–	–	52.635.912	52.635.912
Табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс *(4-Ескертпе)*	–	–	260.595.803	–	260.595.803
Жиынтық табыс жиыны	**–**	**–**	260.595.803	52.635.912	313.231.715
Дивидендтер *(14-Ескертпе)*	–	–	–	(41.529.578)	(41.529.578)
Еншілес ұйымның шығуы (26 Ес-кертпе)	–	–	–	(37.121.790)	(37.121.790)
Активтерді қайта бағалау резервін ауыстыру *(14-Ескертпе)*	–	–	(586.605)	586.605	–
2021 жылғы 31 желтоқсанға	126.799.554	(930)	569.845.780	40.492.413	737.136.817
Жыл ішіндегі пайда	–	–	–	**26.747.609**	**26.747.609**
Табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс *(4-Ескертпе)*	–	–	**(80.084.024)**	–	**(80.084.024)**
Жиынтық табыс жиыны	**–**	**–**	**(80.084.024)**	**26.747.609**	**(53.336.415)**
Дивидендтер *(14-Ескертпе)*	–	–	–	**(30.235.238)**	**(30.235.238)**
Активтерді қайта бағалау резервін ауыстыру *(14-Ескертпе)*	–	–	**(464.623)**	**464.623**	–
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**126.799.554**	**(930)**	**489.297.133**	**37.469.407**	**653.565.164**

Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес бұрынғы «Қазақстанэнерго» Ұлттық энергетикалық жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл- ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі-«Самұрық-Қазына») болып табылады (90 пайыз оған қоса бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

2014 жылы Компания Қазақстан қор биржасында 10 пайыз минус бір акция орналастырды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сонымен қатар электр энергиясын ұлттық электр торабы (бұдан әрі – «ҰЭТ») арқылы жеткізіп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайын күйінде ұстап отырады. ҰЭТ қосалқы станциялардан, тарату құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілерінен және кернеуі 220 киловольт әрі одан жоғары болатын электр станцияларының электр энергиясын жеткізетін электр жеткізу желілерінен тұрады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымында қатысу үлесі болды:

		Қатысу үлесі	
		2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Компания	**Қызмет**		
«Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ»)	KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету	**100%**	100%

Компания және оның еншілес ұйымы бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысына және 2021 жылғы 30 желтоқсандағы сыйға тарту шартына сәйкес Топ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымындағы қатысу үлесінің 100%-ын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Республикалық меншігіне өтеусіз берді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді және Топ құрамынан шығарылды *(26-Ескертпе)*.

Компанияның бас кеңсесі мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат.

Топтың қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептемесін Компанияның Басқарма төрағасы және бас бухгалтері 2023 жылғы 28 ақпанда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕНІ ӘЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептемесі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептеме есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептеменің - Ескертпелерінде көрсетілгендей, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген негізгі құралдардың және әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің кейбір сыныптарын қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Шоғырландырылған қаржылық есептеме теңгемен ұсынылды, ал өзге көрсетілген жағдайлардан басқа, барлық сомалар бүтін мыңға дейін дөңгелектенді.

Топ шоғырландырылған қаржылық есептемені қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып әзірледі.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептеме 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептемесін қамтиды. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жүзеге асырылады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сонымен қатар инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар объектісінің маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқығы бар;
- Топтың табыс мөлшеріне әсер ету үшін өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көпшілігі бақылаудың болуын анықтайды деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың дауыс беру құқықтарының көпшілігінен азы немесе инвестициялар объектісіне қатысты ұқсас құқықтары болған кезде Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасының бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайданың немесе залалдың және басқа да жиынтық кірістің (БЖК) әрбір құрамдасы және қатысудың бақылан-байтын үлестері егер қатысудың бақыланбайтын үлестерінің теріс сальдосына әкеп соққан жағдайда, Топтың бас компаниясының меншік иелеріне жатады. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың қаржылық есепте-месі осындай компаниялардың есепке алу саясатын Топтың есепке алу саясатына сәйкестендіру үшін түзетіледі. Барлық Топ ішіндегі активтер мен міндеттемелер, Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәти-жесінде туындайтын капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағымдары шоғырландыру кезінде толықтай алы-нып тасталады.

Бақылауды жоғалтпай еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақы-ланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге де компоненттерін тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамында пайда немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге Топ алғаш рет қолданған түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептемені жасау кезінде қабылданған есеп саясаты 2022 жылғы 1 қаңтарға күшіне енген қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептемесін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген кез келген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ есепті жыл ішінде 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» ХҚЕС (IFRS) 3-ке түзетулер;
- «Негізгі құралдар:мақсатты пайдалану алдындағы түсімдер» ХБЕС (IAS) 16-ға түзетулер;
- «Ауыртпалық салатын шарттар – шартты орындауға арналған шығындар» ХБЕС (IAS) 37-ге түзетулер;
- «Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарын бірінші қолдану» ХҚЕС (IFRS) 1-ге түзетулер – халықара-лық қаржылық есептемені стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым;
- «Қаржы құралдары» – қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде ко-мис-сиялық сыйақы ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзету.

«Негізгі құралдар:мақсатты пайдалану алдындағы түсімдер» ХБЕС (IAS) 16-ға түзетулер

2021 жылдың мамырында ХҚЕС Кеңесі ұйымдарға негізгі құралдарды объектінің бастапқы құнынан осы объ-ектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіру процесінде өндірілген бұйымдарды сатудан түскен кез келген түсімдерді шегеруге тыйым салатын «Негізгі құралдар: мақсатына сай пайдалануға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды. Оның орнына ұйым осындай өнімдерді сатудан түсетін түсімдерді, сонымен қатар осы өнімдерді пайда немесе залал ретінде өндіру құнын таниды.

Осы түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қаты-сты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ерте басталу (немесе одан кейін) күні пайдалануға қолжетімді болған негізгі құралдардың объектілеріне ре-троспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер еткен жоқ.

«Қаржы құралдары» - қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде комиссиялық сыйақы ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзету

2018-2020 жылдар аралығындағы ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру процесінің шеңберінде ХҚЕС кеңесі 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) түзетуін шығарды. Түзетуде ұйым жаңа немесе өзгертілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай ерекшеленетінін бағалау кезінде ес-керетін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек белгілі бір несие беруші мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар, соның ішінде несие беруші немесе қарыз алушы екінші Тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақы кіреді. Ұйым осы түзетуді ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолдануы тиіс.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер еткен жоқ.

Басшылық ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IFRS) 1 түзетулері Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне қолданылмайды деп санайды.

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС- шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген

Төменде Топтың қаржылық есептемені шығарған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірулерді, егер қолданы-латын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

- «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17;
- «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» ХБЕС (IAS) 1-ге түзетулер;
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Топ қызметкерлердің жалақысының 10%-ы мөлшерінде, бірақ айына 300.000 теңгеден аспайтын (2021 жылы: 212.500 теңге) төлемдерді жинақтаушы зейнетақы қорларына ауда-рымдар ретінде жүзеге асырады. Зейнетақы қорларына төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және олар пайда болған сәтте жиынтық табыс туралы аралық шоғырландырылған есепте еңбекақы төлеуге байланысты басқа да аударымдармен бірге еңбекақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстарға енгізіледі. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша басқа міндеттемелері жоқ.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы

Ағымдағы кезеңдегі және алдыңғы кезеңдердегі ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелері салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Берілген соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық табыс туралы аралық шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Басшылық мерзімді түрде салық декларацияларында көрсетілген позицияларды бағалауды жүзеге асырады, оларға қатысты тиісті салық заңнамасын әр түрлі түсіндіруге болады және қажет болған жағдайда резервтер жасайды.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есепті күнгі қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы уақытша айырманы айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, мынадай жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірлестігі болып табылмайтын мәміле барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сонымен қатар бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты, егер уақытша айырманың азаю уақытында бөлінуін бақылау мүмкін болса және жақын болашақта уақытша айырманың азаймауының елеулі ықтималдығы бар.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады, егер шегерілетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары шегерілетін уақыт айырмашылықтары есептелуі мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы жоғары болса, егер олар шегерілетін болса:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан туындамаған және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде пайда болады;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмашылықтардың жақын болашақта пайдаланылуының айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады және оған қарсы салық салынатын пайда болады уақытша айырмашылықтар қолданылуы тиіс.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу екіталай деп бағаланатын дәрежеде төмендетіледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беретін айтарлықтай ықтималдық пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған салық ставкалары (және салық заңнамасы) негізінде актив іске асырылатын және міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында емес деп танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе залал құрамында да танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не басқа жиынтық табыстың құрамында не тікелей капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды түрде бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар бір салық салынатын компания мен салық органына қатысты болса, бір-біріне қарсы оқылады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер есепті күнге дейін ұсынылған, сондай-ақ есепті күннен кейін ұсынылған немесе жарияланған, бірақ шығарылымға аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін есептілікте ашылады.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды, бұл ретте оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығуы екіталай болып табылған жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты активтер аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды, бұл ретте олармен байланысты экономикалық пайданы алу ықтимал болып табылған жағдайларда олар туралы ақпарат аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың аралық шоғырландырылған қаржылық есептемесін әзірлеу оның басшылығынан пайымдаулар шығаруды және есептемеде табыс, шығыстар, активтер мен міндеттемелердің ұсынылатын сомасына, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін есепті кезеңнің соңына бағалау мәндері мен жорамалдарын айқындауды талап етеді. Алайда, осы болжамдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта осындай болжамдар мен бағалаулар қабылданатын активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Бағалау мәндері және жорамалдар

Келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізуге себеп болуы мүмкін есепті күнге арналған бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және өзге де негізгі белгісіздік көздері төменде қаралады. Топтың болжамдары мен бағалау мәндері аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолда бар бастапқы деректерге негізделген. Алайда, болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен болжамдар нарықтық өзгерістерге немесе Топқа бағынбайтын жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болжамдарда олар орын алған кезде көрінеді.

Негізгі құралдардың әділ құны

Топ 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҰЭТ активтерін қайта бағалауды жүргізді. Топ ҰЭТ-тың әділ құнын бағалау үшін «Grant Thornton Appraisal» ЖШС аккредиттелген тәуелсіз бағалаушысын тартты.

ҰЭТ қайта бағаланған активтері активке тән табиғатқа, сипаттамаға және тәуекелдерге негізделе отырып, ХҚЕС (IFRS) 13 сәйкес активтердің бір класын білдіреді. ҰЭТ активтерінің әділ құнын айқындау үшін бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 3-ші деңгейге жатады (бақыланбайтын бастапқы деректер).

ҰЭТ активтерінің әділ құны шығын әдісімен анықталды. Шығындар әдісі активтердің жоғары мамандандырылғандығына және тарихи тұрғыдан бұл активтер ешқашан сатылмағандығына байланысты қолданылды. Шығындар әдісі аясында ауыстыру құнын немесе көбею құнын анықтау әдісі қолданылды, оған сәйкес жинақталған тозудың барлық түрлерін шегергенде негізгі құралдарды ауыстырудың толық құнын есептеу, сондай-ақ аналогтар бойынша есептеу әдісі, нақты көрсеткіштер әдісі және өткен шығындарды индекстеу әдісі қолданылды.

Ауыстырудың есептелген ағымдағы құны кейіннен ақша ағындарын дисконттау моделі негізінде айқындалған өтелетін құнмен салыстырылды. Ақша ағындары келесі 5 (бес) жылға бюджеттен алынады. Топтың кірістерін болжау кезінде 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге Комитет бекіткен тарифтер ескерілді. Талдау нәтижелері бойынша негізгі құралдардың өтелетін құны оның ағымдағы ауыстыру құнынан асып түсті.

Бағалау нәтижесінде ҰЭТ активтерінің әділ құны бағалау күніне (2022 жылғы 1 желтоқсан) 774.045.986 мың теңгені құрады. 20.021.005 мың теңге сомасында тиісті кейінге қалдырылған салық жеңілдіктерін ескере отырып, 2022 жылғы басқа жиынтық табыстың құрамында 100.105.029 мың теңге сомасында ҰЭТ активтерінің артық бағаланған құнының төмендеуі көрсетілді. Бұрын арзандатылған кейбір активтер құнының ұлғаюы жиынтық табыс туралы есепте 949.895 мың теңге сомасында, кейбір активтер құнының 4.524.870 мың теңге сомасында азаюымен бірге көрсетілді.

Бағалау нәтижелері бойынша ҰЭТ активтерінің әділ құнының төмендеуі, негізінен, өткен жылмен салыстырғанда металдар бағасының шамамен 15%-ға төмендеуімен түсіндіріледі.

2022 жылы әділ құнды бағалау кезінде келесі негізгі болжамдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	12,97%
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	3,09%
Негізгі активтің қалдық қызмет ету мерзімі	40 лет

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға артуы немесе ұзақ мерзімді өсу қарқынының 0,5%-ға төмендеуі Топтың негізгі құралдарының әділ құнының тиісінше 46.537.397 мың теңге немесе 24.247.101 мың теңгеге төмендеуіне әкеледі.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

2022 жыл ішінде Топ негізгі құралдар объектілерінің техникалық жай-күйін анықтау үшін ҰЭТ активтеріне тех-никалық түгендеу жүргізді. Түгендеу нәтижелері бойынша негізгі құралдарды пайдалы пайдаланудың қалған мерзімдері қайта қаралды. Пайдалы пайдалану мерзімдерінің өзгеруінің жалпы әсері 3.732.520 мың теңгені (тозу бойынша қосымша шығын) құрады, ол 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың жиынтық табысы туралы есепте пайда мен залал құрамында көрсетілген.

Негізгі құралдардың пайдалы пайдалану мерзімдері мен тарату құны әрбір жылдық есептік кезеңнің соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сонымен қатар болашақ салық салынатын пайданы алудың сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Топтың халықаралық операцияларының едәуір алуан түрлілігін, сонымен қатар шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты мен күрделілігін ескере отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған жол берулер арасында туындайтын айырма немесе осындай жол берулердің болашақтағы өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасының болашақтағы түзетулеріне немесе корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеуге әкеп соғуы мүмкін. Негізделген жорамалдарды негізге ала отырып, Топ салықтық тексерулердің ықтимал салдарларына резервтер жасайды. Мұндай резервтердің мөлшері әртүрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші мен тиісті салық органының салық заңнамасын әртүрлі түсіндірулеріне байланысты.

Түсіндірудегі ұқсас айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты сұрақтардың көптігі бойынша туындауы мүмкін.

Топ салық заңнамасына байланысты сот ісін жүргізудің пайда болуын және ақшаның одан әрі кетуін екіталай деп бағалайтындықтан, шартты міндеттеме мойындалмады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын осы белсенді нарықтардың негізінде айқындау мүмкін болмаған жағдайларда, ол дисконталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып айқындалады. Осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан ақпарат пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін болмаған жағдайларда әділ құнды белгілеу үшін пайымдаудың белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға қатысты жол берулердегі өзгерістер аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

DSFK облигациялары

2017 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы шешіміне сәйкес топ «RBK банк» АҚ – да (бұдан әрі – «RBK банк») орналастырылған қаражатпен сатып алуды төлей отырып, «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигацияларын (бұдан әрі – «DSFK облигациялары») сатып алды. RBK банкінде облигацияларды сатып алғанға дейін орналастырылған депозиттердің номиналды сомасы 1.498.249 мың теңгені құрады. DSFK облигацияларының жылдық купондық мөлшерлемесі 0,01% және өтеу мерзімі 15 жыл. Облигациялар «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 411.883 мың теңге сомасына қаржылық кепілдікпен қамтамасыз етілген. Кепілдік Топтың сұрауы бойынша пайдаланылуы мүмкін, бірақ облигациялар шығарылған күннен бастап бес жылдан бұрын емес.

Топ басшылығы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша DSFK облигациялары өтелмейді деп санайды. Осылайша, DSFK облигацияларының әділ құны олардың кепілдіктің әділ құнына тең өтелетін құнымен шектеледі. Топ барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін облигацияларды ұстамайды, сондықтан 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша облигациялар пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдары ретінде жіктелді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ 18,9% мөлшерлеме бойынша дисконттау жолымен облигациялардың әділ құнын қайта бағалады, бұл 2022 жылғы жылғы 31 желтоқсандағы дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін білдіреді.

Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві

Топ дебиторлық берешек бойынша ККШ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері залалдардың туындауының ұқсас сипаттамалары бар (яғни географиялық өңір, өнім түрі, сатып алушылардың типі мен рейтингі, аккредитивтер және кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа да нысандары арқылы қамтамасыз ету бойынша) әртүрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемнің мерзімі өткен күндерінің санына байланысты белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтерінің матрицасы өткен кезеңдерде дефолттардың пайда болуының бақыланатын деректеріне негізделген. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып, несиелік залалдардың бұрынғы тәжірибесін түзету үшін матрицаны жаңартады. Әрбір есептік күні алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер жаңартылады және болжамды бағалардың өзгерістері талданады.

Дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері, болжамды экономикалық жағдайлар мен ККШ арасындағы байланысты бағалау айтарлықтай есептелген бағалау болып табылады. ККШ шамасы жағдайлардың өзгеруіне және болжамды экономикалық жағдайларға сезімтал. Несиелік залалдардың пайда болуының бұрынғы тәжірибесі Топ және экономикалық жағдайлардың болжамы болашақта сатып алушының нақты дефолты үшін индикативті болмауы мүмкін.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Географиялық ақпарат

Тұтынушының тіркелген елінің негізінде тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Қазақстандық тұтынушылардан түсетін түсім	**189.094.392**	168.375.485
Ресейлік тұтынушылардан түсетін түсім	**27.488.474**	17.155.351
Өзбекстандық тұтынушылардан түсетін түсім	**645.538**	878.486
Қырғыстандық тұтынушылардан түсетін түсім	**27.144**	33.815
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепке сай түсім жиынтығы	**217.255.548**	186.443.137

Басшылық ХҚЕС сәйкес салық салынғанға дейінгі кіріс пен пайданы талдайды.

2022 жылғы 31 желтоқсанда жыл ішінде Топтың, «Самұрық-Энерго» тобының бір тұтынушысынан, оның бір-лескен кәсіпорындарын қоса алғанда, түскен түсім 25.301.707 мың теңгені құрады және электр энергиясын жет-кізу және ілеспе қолдау көрсету, электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету, сонымен қатар сатып алынған электр энергиясын өткізу бойынша түсімді қамтиды (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 24.780.095 мың теңге).

Операциялық сегменттер

Басқару мақсаттары үшін 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін Топтың қызметі көрсетілетін қызмет түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінді:

- **Электр энергиясын жеткізу және тиісті қолдау көрсету.** Электр энергиясын жеткізу Заңмен реттеледі, өйткені Топ электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету саласындағы табиғи монополист болып табылады. Заңға сай Топтың электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлен-діру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне арналған тарифтерін Комитет бекітеді.
- **Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету.** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады, оны іске қосудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы энергия жүйесінің теңгерімдік сенімділігін қамтамасыз ету. теңгерімдік сенімділік деп энергия жүйесінің кез келген уақытта электр энергиясына тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру қабілеті түсініледі.
- **Сатып алынатын электр энергиясын сату.** Сатып алынатын электр энергиясын өткізу сегменті ЖЭК секторын дамытуға жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған жаңартылатын энергия көздері секторын (бұдан әрі – «ЖЭК») қамтиды. ЖЭК секторы «*Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы*» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңымен реттеледі.

2021 жылғы 30 желтоқсанда «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ның шығуына байланысты операциялық сегменттер бой-ынша ақпаратты ашу орынсыз болып табылады, себебі *«Электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету»* және *«Сатып алынатын электр энергиясын сату»* бағытындағы қызметтер Топтың жалғасып жатқан қызметінен алынып тасталды *(26-Ескертпе)*.

6. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР МЕН АВАНСТАР

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	ҰЭТ активтері	Көлік және басқа да негізгі құралдар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны						
2021 жылғы 1 қаңтарға	1.965.212	18.716.304	1.177.808.066	45.140.958	35.810.371	1.279.440.911
Сатып алулар	–	256.716	7.314	766.419	41.715.516	42.745.965
Аударымдар	–	162.809	14.769.795	2.661.509	(17.594.113)	–
Қайта бағалаудан құн-ның өсуі (ҚҚӨ)	–	–	693.824.746	–	–	693.824.746
Қайта бағалау (пайда немесе залал арқылы)	–	–	(9.559.573)	–	–	(9.559.573)
Материалдық емес активтерге ауыстыру	–	–	–	–	(297.463)	(297.463)
Істен шығулар	–	(25.558)	(2.351.999)	(539.854)	(203.326)	(3.120.737)
ЕБҰ-дан шығу	–	–	–	(59.522)	–	(59.522)
2021 жылғы 31 жел-тоқсанға	1.965.212	19.110.271	1.874.498.349	47.969.510	59.430.985	2.002.974.327
Сатып алулар	**8.013**	**866.801**	**5.412**	**2.127.904**	**44.884.834**	**47.892.964**
Аударымдар	–	**530.713**	**13.996.038**	**2.139.303**	**(16.666.054)**	–
Қайта бағалаудан құнның өсуі (ҚҚӨ)	–	–	**(310.481.158)**	–	–	**(310.481.158)**
Қайта бағалау (пайда немесе залал арқылы)	–	–	**(5.013.211)**	–	–	**(5.013.211)**
Материалдық емес активтерге ауыстыру	–	–	–	–	**(444.355)**	**(444.355)**
Істен шығулар	–	**(27.016)**	**(1.399.907)**	**(707.598)**	**(50.264)**	**(2.184.785)**
2022 жылғы 31 жел-тоқсанға	**1.973.225**	**20.480.769**	**1.571.605.523**	**51.529.119**	**87.155.146**	**1.732.743.782**
Жинақталған тозу және құнсыздану						
2021 жылғы 1 қаңтарға	–	(4.504.237)	(597.351.150)	(24.866.176)	(240.904)	(626.962.467)
Бір жылғы аударымдар	–	(447.684)	(32.774.688)	(2.935.735)	–	(36.158.107)
Аударымдар	–	135	(135)	–	–	–
Қайта бағалаудан құн-ның өсуі (ҚҚӨ)	–	–	(368.079.992)	–	–	(368.079.992)
Қайта бағалау (пайда немесе залал арқылы)	–	–	1.703.832	–	–	1.703.832
Істен шығулар	–	15.895	1.985.134	535.286	43.736	2.580.051
Құнсыздануды есептеу	–	–	–	–	(88.283)	(88.283)
ЕБҰ-дан шығу	–	–	–	31.955	–	31.955
2021 жылғы 31 желтоқсанға	–	(4.935.891)	(994.516.999)	(27.234.670)	(285.451)	(1.026.973.011)
Бір жылғы аударымдар	–	**(476.778)**	**(56.659.373)**	**(3.229.783)**	–	**(60.365.934)**
Аударымдар	–	**1.022**	**28.559**	**(29.581)**	–	–
Қайта бағалаудан құн-ның өсуі (ҚҚӨ)	–	–	**210.376.129**	–	–	**210.376.129**
Қайта бағалау (пайда немесе залал арқылы)	–	–	**1.414.851**	–	**23.385**	**1.438.236**
Істен шығулар	–	**17.612**	**1.215.834**	**675.429**	**1.840**	**1.910.715**
2022 жылғы 31 жел-тоқсанға	–	**(5.394.035)**	**(838.140.999)**	**(29.818.605)**	**(260.226)**	**(873.613.865)**
Қалдық құны						
2021 жылғы 1 қаңтарға	1.965.212	14.212.067	580.456.916	20.274.782	35.569.467	652.478.444
2021 жылғы 31 желтоқсанға	1.965.212	14.174.380	879.981.350	20.734.840	59.145.534	976.001.316
2022 жылғы 31 желтоқсанға	**1.973.225**	**15.086.734**	**733.464.524**	**21.710.514**	**86.894.920**	**859.129.917**

ҰЭТ активтерінің баланстық құны, егер олар жинақталған тозуды шегергендегі бастапқы құн бойынша ескерілсе, былайша берілген:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Бастапқы құны	**449.000.591**	435.418.856
Жинақталған тозу	**(147.975.065)**	(135.932.403)
31 желтоқсандағы қалдық құны	**301.025.526**	299.486.453

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық самортизацияланған, бірақ негізгі құралдарды пайдаланудағы бастапқы құны тиісінше 13.720.023 мың теңгені және 13.679.221 мың теңгені құрады.

Шығарылған облигациялар бойынша шығындарды капиталдандыру

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ инвестициялық кірісті шегергенде 3.401.402 мың теңгені құрайтын облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша шығындарды капиталдандырды (2021 жыл: 1.592.927 мың теңге) *(16-Ескертпе)*.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс негізінен «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялау (1-кезең)» және «Қазақстан БЭЖ-і Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» жобаларын 2023 жылғы 4-тоқсанда пайдалануға енгізу мерзімімен іске асыру бойынша жабдықтармен және құрылыс-монтаждау жұмыстарымен ұсынылған.

Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «Қазақстан БЭЖ-і Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» және басқа жобалар бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін жеткізушілерге төленген аванстармен ұсынылған.

7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Топтың «Батыс Транзит» АҚ компаниясының капиталында 20% қатысу үлесі бар. «Батыс Транзит» АҚ (бұдан әрі – «Батыс Транзит») қызметінің негізгі орны және тіркелген ел Қазақстан Республикасы болып табылады. Батыс Транзит қызметінің негізгі түрлері Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен қосатын өңіраралық электр жеткізу желісін пайдалану және Атырау қаласындағы көше жарықтандыру желілерін салу және пайдалану болып табылады. Батыс Транзит облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылды. Төменде келтірілген кесте Батыс Транзит туралы жинақталған қаржылық ақпаратты қамтиды:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Айналым активтері	**20.914.108**	20.480.453
Айналымнан тыс активтер	**16.890.064**	12.136.672
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**(4.078.403)**	(6.285.494)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**(19.988.494)**	(14.939.971)
Таза активтер	**13.737.275**	11.391.660

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Топтың таза активтердегі үлесі	**2.747.455**	2.278.332
Инвестицияның баланстық құны	**2.747.455**	2.278.332

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Кірістер	**11.754.864**	9.505.004
Таза пайда	**2.345.615**	1.303.697
Топтың бір жылдағы пайдадағы үлесі	**469.123**	260.739

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай бойынша қауымдастырылған компа-нияда болашақта күрделі салымдарды жүзеге асыру бойынша шартты міндеттемелер немесе міндеттемелер болған жоқ.

8. ҚОРЛАР

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Шикізат және өзге де материалдар	**1.387.482**	1.390.943
Қосалқы бөлшектер	**1.694.995**	1.175.291
Жанар-жағармай материалдары	**113.467**	87.850
Басқа қорлар	**420.418**	274.285
Минус: ескірген қорларға резерв	**(409.207)**	(337.986)
	3.207.155	2.590.383

Резервтің ескірген қорларға қозғалысы былайша берілген:

Мың теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға	**337.986**	363.273
Есептеу	**284.593**	99.941
Қалпына келтіру	**(206.662)**	(98.867)
Есептен шығарылды	**(6.710)**	(26.361)
31 желтоқсанға	**409.207**	337.986

9. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешегі	**23.661.039**	15.265.245
Минус: күтілетін кредиттік шығындарға резерв	**(2.613.649)**	(2.273.985)
	21.047.390	12.991.260

Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтің қозғалысы былайша берілген:

Мың теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға	**2.273.985**	2.902.262
Есептеу	**1.419.642**	2.681.628
Бұрын есептелген резервті қалпына келтіру	**(956.972)**	(2.151.483)
Есептен шығарылды	**(123.006)**	(1.158.422)
31 желтоқсанға	**2.613.649**	2.273.985

П2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша сауда дебиторлық берешек 1.797.097 мың теңге сомасындағы тұтынушы «Национальные электрические сети Узбекистана» АҚ-ның дебиторлық берешегін қамтыды (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1.583.830 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Национальные электрические сети Узбекистана» АҚ берешегі бойынша күтілетін кредиттік шығындар резерві 1.612.146 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1.503.743 мың теңге).

Төменде бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып, сауда дебиторлық берешегі бойынша Топтың кредиттік тәуекелге ұшырауы туралы ақпарат берілген:

			Сауда дебиторлық берешек			
			Кешіктірілген төлемдер			
Мың теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	30-90 күн	91-180 күн	181-270 күн	271 күннен көп
2022 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредиттік шығындардың пайызы	**10.05%**	**0.67%**	**15.04%**	**46.65%**	**78.78%**	**98.34%**
Дефолт кезіндегі есептелген жалпы баланстық құн	**23.661.039**	**20.877.332**	**227.223**	**64.951**	**207.166**	**2.284.367**
Күтілетін кредиттік шығындар	**(2.613.649)**	**(139.479)**	**(34.172)**	**(30.302)**	**(163.200)**	**(2.246.496)**
	21.047.390	**20.737.853**	**193.051**	**34.649**	**43.966**	**37.871**
2021 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредиттік шығындардың пайызы	14.90%	0.69%	10.01%	31.06%	54.95%	98.73%
Дефолт кезіндегі есептелген жалпы баланстық құн	15.265.245	12.610.051	390.392	108.326	34.134	2.122.342
Күтілетін кредиттік шығындар	(2.273.985)	(87.068)	(39.084)	(33.651)	(18.756)	(2.095.426)
	12.991.260	12.522.983	351.308	74.675	15.378	26.916

Сауда дебиторлық берешегі мына валюталарда көрсетілген:

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	**20.862.439**	11.902.968
Ресей рублі	**184.951**	79.644
АҚШ доллары	**-**	1.008.648
	21.047.390	12.991.260

10. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Материалдарды жеткізгені және қызметтер көрсеткені үшін төленген аванстар	**1.263.783**	491.362
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін өзге де дебиторлық берешек *(27-Ескертпе)*	**399.974**	399.974
Болашақ кезеңдердің шығыстары	**35.224**	201.238
Қызметкерлерге берілген қарыздар	**469**	469
Басқалары	**691.913**	366.962
Минус: күтілетін кредиттік шығындарға резерв	**(741.392)**	(485.933)
	1.649.971	974.072

Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтегі және өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша өзгерістер мынадай түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
1 қаңтарға	**485.933**	608.794
Есептеу	**292.784**	196.394
Бұрын есептелген резервті қалпына келтіру	**(29.926)**	(276.349)
Есептен шығарылды	**(7.399)**	(42.906)
31 желтоқсанға	**741.392**	485.933

11. БАСҚА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Самұрық-Қазына Облигациялары	**30.072.911**	30.144.252
ҚР Ұлттық Банкінің ноталары	**19.062.907**	13.646.481
Банктік депозиттер	**7.434.744**	26.529.980
Қазақстан Эксимбанкіндегі қаражат	**2.165.823**	2.308.946
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	**1.968.564**	1.850.569
DeltaBank-тегі қаржы	**1.230.000**	1.230.000
Қазинвестбанктегі қаржы	**1.201.850**	1.201.850
Самұрық-Қазына облигациялары бойынша есептелген сыйақы	**254.333**	254.333
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы	**18.945**	18.305
Минус: Қазақстан Эксимбанкіндегі қаражаттың құнсыздануына арналған резерв	**(2.165.823)**	(2.308.946)
Минус: DeltaBank-тегі қаражаттың құнсыздануына арналған резерв	**(1.230.000)**	(1.230.000)
Минус: Қазинвестбанктегі қаражаттың құнсыздануына арналған резерв	**(1.201.850)**	(1.201.850)
Минус: өзге қаржы активтерінің күтілетін кредиттік шығындарына ар-налған резерв	**(24.899)**	(261.528)
	58.787.505	72.182.392
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
DSFK Арнайы қаржы компаниясының облигациялары	**377.731**	314.418
	377.731	314.418
Басқа да қаржы активтерінің жиынтығы	**59.165.236**	72.496.810
Қысқа мерзімді өзге қаржы активтері	**57.196.672**	40.187.573
Ұзақ мерзімді басқа да қаржы активтері	**1.968.564**	32.309.237
Басқа да қаржы активтерінің жиынтығы	**59.165.236**	72.496.810

Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтегі өзгеріс және өзге де қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
1 қаңтарға	**5.002.324**	5.174.037
Есептеу	**42.482**	420.248
Бұрын есептелген резервті қалпына келтіру	**(422.234)**	(591.942)
Есептен шығарылды	**–**	(19)
31 желтоқсанға	**4.622.572**	5.002.324

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») облигациялары

2020 жылғы 3 желтоқсанда Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның купондық облигацияларын сатып алды. Облигациялардың айналу мерзімі 2023 жылғы 3 желтоқсанға дейін. Облигациялар амортизацияланған құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелді және бастапқыда дисконттау мөлшерлемесі 10,9% қолданыла отырып, әділ құны бойынша есепте танылды. Сонымен қатар, 2020 жылғы 7 желтоқсанда Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да «Самұрық-Қазынаның» купондық облигацияларын сатып алды. Облигацияларды өтеу күні 2023 жылдың 3 желтоқсаны. Облигациялар амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын болып жіктелді және бастапқыда 10,9% дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, әділ құн бойынша есепте танылды.

Сатып алынған купондық облигациялар бойынша бастапқы тану кезінде 213.089 мың теңге мөлшерінде сыйақы есептелді. 2022 жылдың 12 айында сыйақы амортизациясының сомасы 71.341 мың теңгені құрады (2021 жылдың 12 айында: 68.837 мың теңге).

ҚР Ұлттық Банкінің ноталары

2022 жыл ішінде Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дисконттық ноталарын 36.933.373 мың теңге жалпы сомасында сатып алды (2021 жыл: 66.747.566 мың теңге). ҚР Ұлттық Банкі ноталарының өтеу сомасы 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ҚР Ұлттық Банкінің ноталарын өтеу сомасы 32.117.343 мың теңгені құрады (2021 жыл: 78.930.920 мың теңге). 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ 600.395 мың теңге (2021 жыл: 681.430 мың теңге) сомасындағы қаржылық табысты мойындады *(23-Ескертпе)*.

Банктік депозиттер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша банктік депозиттер тиісінше 1.482 мың теңге және 67.429 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кірісті қамтиды. Банктер туралы ақпарат кредиттік тәуекел бөлімінде *28-Ескертпеде* берілген.

«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-дағы (бұдан әрі – «Эксимбанк») қаражат

2018 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен «Эскимбанк» АҚ-ны депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу бөлігінде лицензиядан айыру туралы шешім қабылданды. Осыған байланысты Топ «Эскимбанк» АҚ-дағы ақша қаражаты мен баламаларын өзге қаржы активтерінің құрамына қайта сыныптауды жүзеге асырды және күтілетін кредиттік шығындарға 100% мөлшерінде резерв есептеді.

2022 жылшінде «Эксимбанк» Тарату комиссиясы 2019 жылғы 13 маусымдағы кредиторлар талаптарының бекітілген тізіліміне сәйкес Топқа 395 мың АҚШ доллары (төлем күніне 173.876 мың теңгеге тең) сомасында төлем жүргізді Топ резервті құнсыздану үшін тиісті қалпына келтіруді мойындады (2021 жыл: 726 мың АҚШ доллары 363.558 мың теңгеге тең).

Казинвестбанк

2021 жылғы 2 сәуірде және 2021 жылғы 8 қазанда «Қазинвестбанк» АҚ Тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының бекітілген тізіліміне сәйкес тиісінше 18,0 мың АҚШ доллары және 34,4 мың АҚШ доллары (төлем күніне 17.167 мың теңгеге тең) сомасында төлем жүргізді. Топ резервті құнсыздану үшін тиісті қалпына келтіруді таныды.

2022 жылдың он екі айында төлемдер жүргізілген жоқ.

ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары

2019 жылғы 26 сәуірде Топ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жылдық 3,875% мөлшерлемесі бойынша 4.200.000 дана еурооблигацияларын сатып алды және айналыс мерзімі 2024 жылғы қазанға дейін жалпы сомасы 4.368 мың АҚШ долларына (есептік күнге теңгедегі баламасы 1.968.564 мың теңге) атаулы бағадан жоғары бағамен сатып алды.

«DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС құны тиісінше 12.671 мың теңге және 54.453 мың теңге облигацияларды өтеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ облигациялардың әділ құнын асыра бағалады және олардың баланстық құнын 377.731 мың теңгеге дейін ұлғайтты, қаржы құралдарын қайта бағалаудан түскен кірісті жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер құрамында 75.986 мың теңге мөлшерінде мойындады (2021 жыл: 58.696 мың теңге) *(23-Ескертпе)*.

Басқа қаржы активтері мынадай валюталарда көрсетілді:

Мың теңгемен	Пайыздық мөлшерлеме	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	0,01 – 15,5%	**49.771.142**	44.550.133
АҚШ доллары	1 – 3,875%	**9.394.094**	27.946.677
		59.165.236	72.496.810

12. ПАЙДАЛАНУҒА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Кепілдік міндеттемелер бойынша қайтаруға арналған резервтегі ақша қаражаты	**1.015.833**	671.160
Минус: күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	**(371)**	(258)
	1.015.462	670.902

2022 және 2021 жылдар ішінде пайдалануға шектелген ақшалай қаражатқа пайыздар есептелмеді.

Пайдалануға шектелген ақшалай қаражаттар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің қозғалысы мынадай түрде ұсынылады:

Мың теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға	**258**	698
Есептеу	**197**	277
Бұрын есептелген резервті қалпына келтіру	**(84)**	(717)
31 желтоқсанға	**371**	258

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша пайдалануда шектелген ақшалай қаражат теңгемен көрсетілді.

13. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен қысқа мерзімді депозиттер	**22.775.139**	9.992.991
Банктердегі теңгедегі ағымдағы шоттар	**4.918.470**	1.760.179
Банктердегі шетел валютасындағы ағымдағы шоттар	**48.162**	168.534
Кассадағы теңгемен қолма-қол ақша	**4.232**	11.788
Арнайы шоттардағы теңгедегі ақша	**654**	1.111
Минус : күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв	**(183.565)**	(775)
	27.563.092	11.933.828

2022 жыл ішінде Топ қысқа мерзімді депозиттерді банктерде теңгемен жылдық 14,75-15,75%-бен, сонымен қатар банктердегі ағымдағы шоттарда жылдық 0,02%-бен орналастырды.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің қозғалысы мынадай түрде ұсынылады:

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
1 қаңтарға	**775**	9.165
Есептеу	**256.739**	35.908
Бұрын есептелген резервті қалпына келтіру	**(73.949)**	(16.058)
Есептен шығарылды	**–**	(28.240)
31 желтоқсанға	**183.565**	775

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары келесі валюталарда көрсетілді:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	**27.514.941**	11.765.355
АҚШ доллары	**47.775**	168.094
Ресей рублі	**14**	–
Евро	**1**	1
Басқалары	**361**	378
	27.563.092	11.933.828

14. КАПИТАЛ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның акцио-нерлік капиталы 260.000.000 акцияны құрады, оның ішінде шығарылған акция 259.998.610, 126.799.554 мың теңге жалпы сомасына орналастырылған және толық төленген.

Сатып алынған меншік акциялар

2016 жылғы қарашада Топ жалпы сомасы 930 мың теңгеге 1.390 дана мөлшерінде ашық нарықта орналасты-рылған акцияларды сатып алуды жүзеге асырды.

Дивидендтер

2021 жылдың мамырында акционерлер 2020 жылдың екінші жартыжылдығындағы дивидендтерді бөлуді бекітті. Төлем сомасы Топтың барлық жай акцияларын ұстаушыларға 19.502.496 мың теңгені құрады, бұл бір жай акцияға есептегенде 75,01 теңгеге тең. 2020 жылғы қорытынды бөлу бір жылдағы таза пайданың 74%-ын құрады.

2021 жылдың қарашасында акционерлер 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы таза пайданың 80% бөлуді бекітті. Төлем сомасы Топтың барлық жай акцияларын ұстаушыларға 22.027.082 мың теңгені құрады, бұл бір жай акцияға есептегенде 84,72 теңгеге тең. 2021 жыл ішінде жарияланған және төленген дивидендтердің жиынтық сомасы 41.529.578 мың теңгені құрады.

2022 жылдың мамырында акционерлер 2021 жылдың екінші жартыжылдығындағы дивидендтерді бөлуді бекітті. Төлем сомасы Топтың барлық жай акцияларын ұстаушыларға 13.220.929 мың теңгені құрады, бұл бір жай акцияға есептегенде 50,85 теңгеге тең. 2021 жылғы қорытынды бөлу бір жылдағы таза пайданың 67% құрады, бұл 35.248.011 мың теңге соманы құрайды.

2022 жылдың қазан айында акционерлер 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы таза пайданың 100%-рас-предел, сонымен қатар өткен кезеңдердегі бөлінбеген пайданың бір бөлігін бөлуді бекітті. Төлем сомасы Топтың барлық жай акцияларын ұстаушыларға 17.014.309 мың теңгені құрады, бұл бір жай акцияға есептегенде 65,44 теңгеге тең. Дивидендтер 2023 жылдың 12 қаңтарында төленді.

Акцияға пайда

Акцияға шаққандағы базалық және сұйылтылған пайданың сомалары кезең ішіндегі таза пайданы кезең ішін-дегі орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі. Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны 259.998.610 дана болды (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 259.998.610 дана). 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде акцияға шаққандағы базалық және сұйылтылған пайда тиісінше 102,88 теңгені және 202,45 теңгені құрады.

Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің (бұдан әрі – «ҚҚБ») 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептемеде ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияға (жай және артықшылықты) ар-налған баланстық құн туралы деректер болуы тиіс.

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің жиыны	**986.612.189**	1.093.217.334
Минус: материалдық емес активтер	**(3.453.791)**	(3.165.491)
Минус: міндеттемелердің жиыны	**(333.047.025)**	(356.080.517)
Таза активтер	**650.111.373**	733.971.326
Жай акциялар саны	**259.998.610**	259.998.610
Акцияның баланстық құны, теңге	**2.500**	2.823

Активтерді қайта бағалау резерві

Активтерді қайта бағалау резерві 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша жүргізілген Топтың ҰЭТ активтерін қайта бағалау нәтижесінде құнның өсуімен ұсынылған (алдыңғы қайта бағалау 2021 жылдың 1 желтоқсанындағы жай-күй бойынша жүргізілді) *(6-Ескертпе)*. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ҰЭТ активтерінің шығуы нәтижесінде активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайдаға ауысты-ру 464.623 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 586.605 мың теңге).

15. ҚАРЫЗДАР

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚДБ»)	**12.575.944**	36.708.534
Еуропа қайта құру және даму банкі («ЕҚДБ»)	**4.322.713**	12.785.418
	16.898.657	49.493.952
12 ай ішінде өтеуге жататын қарыздардың ағымдағы бөлігін шегергенде	**(5.530.813)**	(13.854.307)
	11.367.844	35.639.645

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша есептелген және төленбеген сыйақы тиісінше 252.227 мың теңгені және 196.888 мың теңгені құрады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды ұйымдастыру жөніндегі комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 20.450 мың теңгені және 244.426 мың теңгені құрады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеппен салыстыру үшін қарыздар бойынша қозғалыс *28-Ескертпеде* ұсынылған.

Қарыздар келесі валюталарда көрсетілген:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	**12.575.944**	36.708.534
Еуро	**4.322.713**	12.785.418
	16.898.657	49.493.952

«Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу»

2005 жылы «Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» II кезеңін іске асыру үшін ХҚДБ 17 (он жеті) жыл кезеңіне берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасына кредит желісі алынды, оның ішінде алғашқы 5 (бес) жыл жеңілдікті кезең болып табылды. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс жалпы спрэд бан-каралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2011 жылы ХҚДБ-дан 1.918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы күтілгеннен аз соманы құрауына байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 жел-тоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша негізгі берешек толық өтелді (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша: 8.195 мың АҚШ доллары (теңгедегі баламасы 3.538.547 мың).

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасын жүзеге асыру үшін II кезең мынадай кредиттік желілер ашылды:

ЕҚДБ 15 (он бес) жыл кезеңге берген 127.500 мың еуро және 75.000 мың еуро сомасына екі кредиттік желі, оның ішінде алғашқы 4 (төрт) жыл жеңілдікті кезең болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша ЕВРОБОР плюс 3,85% маржа есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешектің қалдығы тиісінше 8.626 мың еуроны (теңгедегі баламасы 4.251.360 мың) және 25.878 мың еуроны (теңгедегі баламасы 12.656.781 мың) құрайды.

«Мойнақ ГЭС-інің қуат беру схемасы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-інің қуат беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚДБ 25 (жиырма бес) жылға ұсынған 48.000 мың АҚШ доллары сомасына кредит желісін алды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдікті кезең болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР банкаралық алты айлық мөлшерлемесі бойынша және плюс спрэд 0,85% есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХҚДБ-дан 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы күтілгеннен аз болуына байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы тиісінше 26.836 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 12.415.520 мың) және 29.072 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 12.553.276 мың) құрайды.

«Қазақстан ҰЭТ-на 500, 220 кВ кернеулі желілермен қоса отырып, 500 кВ Алма ҚС салу»

2010 жылы «Қазақстан ҰЭТ-на кернеуі 500, 220 кВ желілерімен қосыла отырып, 500 кВ Алма ҚС салу» жобасын жүзеге асыру үшін ХҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 78.000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашылды, оның ішінде алғашқы 5 (бес) жыл жеңілдікті кезең болып табылады. Кредит желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР-дың банкаралық алты айлық мөлшерлемесі және плюс спрэд 1,15% бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2014 жылғы шілдеде ХҚДБ-дан 6.644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы күтілгеннен аз болуына байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қарыз бойынша негізгі берешек толық өтелді. (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 48.165 мың АҚШ доллары) (теңгемен баламасы 20.792.886 мың).

16. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	**134.941.100**	118.800.000
Есептелген купондық сыйақы	**6.058.889**	4.562.983
Минус: шығарылған облигациялар бойынша амортизацияланбаған дисконт	**(1.457.789)**	(1.577.690)
Минус: мәміле бойынша шығындар	**(89.156)**	(79.794)
	139.453.044	121.705.499
Өтеуге жататын облигациялардың ағымдағы бөлігін шегергенде 12 ай ішінде	**(6.058.889)**	(4.562.983)
	133.394.155	117.142.516

«Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Топ «500 кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобасын қаржыландыру мақсатында «Қазақстан қор биржасы»АҚ-да купондық облигациялардың екі траншын орналастыруды жүзеге асырды:

(а) 2016 жылғы маусым мен тамыз аралығындағы кезеңде Топ Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесіне тең құбылмалы мөлшерлемемен 47.500.000 мың теңге сомасында купондық облигация-ларды плюс өтеу мерзімі 2031 жылға дейінгі 2,9% маржаны орналастырды (тұтыну бағалары индексінің ең төменгі мөлшерлемесі 5% деңгейінде белгіленген). Купондық мөлшерлеме 2020 жылғы 26 мамырдан бастап 2021 жылғы 26 мамыр аралығында жылдық 9,3%-ды және 2021 жылғы 26 мамырдан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында жылдық 9,9%-ды және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында 14,9%-ды құрады. Осы транш шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық зейнетақы қоры сатып алды.Облигациялар 111.945 мың теңге көлемінде дисконтпен орналастырылды.
(б) 2017 жылғы тамызда Топ 36.300.000 мың теңге сомасына 11,5%-ға тең тіркелген мөлшерлемемен ку-пондық облигациялардың екінші траншын орналастырды. Осы транш шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық зейнетақы қоры және басқа да меке-мелер сатып алды.

«KEGOC»АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-лерін реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 28 мамырда номиналды құны 9.700.000 мың теңге табыстылығы жылдық 11% бола-тын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында KEGOC облигацияларын орналастыру өтті. Облига-циялар 667.593 мың теңге сомасында дисконтпен орналастырылған. Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 89,6% – ын ЕДБ (Екінші деңгейдегі банктер), 9,9% – ын басқа институционалдық инвесторлар, 0,5%-ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

2021 жылғы 27 қаңтарда номиналдық құны 8.869.672 мың теңге, өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 11,62% «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында «KEGOC» АҚ облигацияларын сәтті орналасты-ру өтті. Облигациялар 380.267 мың теңге сомасында дисконтпен орналастырылды, орналастыру күніне есептелген купондық сыйақы 159.900 мың теңге болды. Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 22,6%-ын брокерлік - дилерлік ұйымдар, 72,8%-ын басқа институционалдық инвесторлар, 4,6%-ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

2021 жылғы 21 қазанда «KEGOC» АҚ облигацияларын жылдық 11,5% өтеуге орташа алынған кірістілікпен но-миналды құны 16.430.328 мың теңге «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында сәтті орналастыру өтті. Облигациялар 562.427 мың теңге сомасында дисконтпен орналастырылды, орналастыру күніне есептел-ген купондық сыйақы 717.914 мың теңгені құрады. Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 86,7% - «Еуразиялық Даму Банкі» ҚМ және банктер, 13,3% - басқа институционалдық инвесторлар сатып алды.

2022 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ «жасыл» облигацияларын жалпы көлемі 16.141.100 мың теңге, маржасы 3% бола-тын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында сәтті орналастыру өтті. Бағалы қағаздар Эмитенттің 35 млрд. теңге көлеміндегі екінші облигациялық бағдарламасы облигацияларының екінші шығарылымы шеңберінде, өтеу мерзімі 2037 жылға дейін орналастырылды.Инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан алғанда белсенді өтінімдердің жалпы көлемінің 50,4%-ы банктердің үлесіне, 49,6%-ы басқа ин-ституционалдық инвесторлардың үлесіне тиесілі болды.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ инвестициялық кірісті шегергенде шығарылған облига-циялар бойынша купондық сыйақы бойынша шығындарды 3.401.402 мың теңге мөлшерінде капиталдандырды (2021 жыл: 1.592.927 мың теңге) *(23-Ескертпе).*

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеппен салыстыру үшін облигациялар бойынша қозғалыс *28-Ескертпеде* келтірілген.

17. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	**17.076.998**	19.189.917
Сатып алынған электр энергиясы үшін кредиторлық берешек	**6.986.171**	3.805.412
Қорлар мен көрсетілген жұмыстар мен қызметтер үшін кредиторлық берешек	**2.493.858**	2.756.581
Минус: дисконт	**(697.311)**	(1.266.695)
	25.859.716	24.485.215
12 ай ішінде өтеуге жататын ағымдағы бөлігін шегергенде	**21.713.025**	18.512.531
	4.146.691	5.972.684

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша сауда және өзге де кредиторлық берешек мынадай валюталарда көрсетілді:

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	**19.480.873**	21.907.917
Ресей рублі	**6.325.079**	2.517.368
АҚШ доллары	**53.764**	59.930
	25.859.716	24.485.215

Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек «Karabatan utility solutions» ЖШС бай-ланысты тарап алдындағы берешекті қамтиды, ол туралы толық ақпарат *27-Ескертпеде* ашылған.

18. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР БОЙЫНША БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Төлеуге арналған қосымша құн салығы	**682.925**	1.373.572
Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	**401.717**	340.706
Жеке табыс салығы	**350.859**	258.593
Әлеуметтік салық	**282.789**	230.351
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	**185.992**	114.309
Мүлік салығы	**3.190**	66.442
Басқалары	**25.624**	19.755
	1.933.096	2.403.728

19. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қызметкерлер алдындағы міндеттемелер	**3.996.978**	3.266.946
Басқалары	**1.240.113**	888.825
	5.237.091	4.155.771

Қызметкерлер алдындағы міндеттемелер негізінен жалақы бойынша берешекті және пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті білдіреді.

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Электр энергиясын жеткізу	**151.863.107**	129.355.940
Техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер	**32.130.461**	28.902.579
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	**20.124.496**	17.958.864
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер	**10.457.891**	7.067.781
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтер	**645.538**	878.486
Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен кіріс	**27.144**	33.897
Басқалары	**2.006.911**	2.245.590
	217.255.548	186.443.137

МВт/сағ көлемдерінде	**2022 жыл**	2021 жыл
Электр энергиясын жеткізу	**53.897.849**	50.824.342
Техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер	**104.263.919**	105.042.897
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	**203.123.771**	205.149.438
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдо-сын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер	**1.294.044**	1.389.803
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтер (Мвт)	**604**	900
Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен кіріс	**3.628**	5.837

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Түсімді тану мерзімдері		
Тауар белгілі бір уақытта беріледі	**10.485.035**	7.101.678
Қызметтер уақыт кезеңі ішінде көрсетіледі	**206.770.513**	179.341.459
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің жиыны	**217.255.548**	186.443.137

Тұтынушыларға жеңілдіктер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі коми-тетінің бұйрығымен бекітіледі.

21. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Тозу және амортизация	**60.253.195**	35.950.880
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақса-тында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар	**28.394.524**	22.157.785
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты басқа да аударымдар	**24.612.591**	18.320.948
Электр энергиясының технологиялық шығысы	**23.279.882**	24.866.088
Салықтар	**9.283.619**	6.185.051
Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар	**8.910.057**	7.683.172
Жүктемені көтеруге қуаттың дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алу бойынша	**4.701.427**	–
Күзет бойынша шығыстар	**1.475.501**	1.292.485
Қорлар	**1.185.808**	1.070.326
Сатып алынатын электр энергиясының өзіндік құны	**27.144**	30.974
Басқалары	**4.232.137**	3.125.194
	166.355.885	120.682.903

22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты басқа да аударымдар	**5.134.881**	5.229.216
Тозу және амортизация	**923.604**	878.698
Тараптық ұйымдардың қызметтері	**638.305**	465.032
Бағдарламалық жасақтама бойынша шығыстар	**577.552**	595.690
Консультациялық қызметтер	**251.294**	176.264
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	**163.872**	238.204
Материалдар	**80.542**	66.149
Коммуналдық шығыстар	**76.207**	70.873
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	**67.450**	44.587
Іссапар шығыстары	**63.847**	54.581
Тренингтер	**41.896**	46.806
Сақтандыру бойынша шығыстар	**26.169**	26.027
Ескірген қорларға резервті есептеу	**77.931**	1.074
Басқалары	**896.881**	646.622
	9.020.431	8.539.823

23. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР / (ШЫҒЫСТАР)

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Қаржылық кірістер		
Депозиттер, ағымдағы шоттар және баға белгіленетін облигациялар бойынша пайыздық кіріс	**5.620.959**	6.148.449
ҚР Ұлттық Банкінің ноталары бойынша кірістер *(11-Ескертпе)*	**600.395**	681.430
Байланысты тараптардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы *(27-Ескертпе)*	**76.925**	88.160
DSFK қаржы құралдарын қайта бағалаудан кіріс *(11-Ескертпе)*	**75.986**	58.696
	6.374.265	6.976.735
Минус: сараланатын негізгі құралдардың құнына капиталдандырыла-тын пайыздар *(6-Ескертпе)*	**(648.150)**	(1.608.513)
	5.726.115	5.368.222
Қаржылық шығындар		
Облигациялар бойынша купон *(28-Ескертпе)*	**14.222.906**	11.962.857
Қарыздар бойынша пайыздар *(28-Ескертпе)*	**937.558**	1.024.707
Банк кепілдіктері бойынша комиссия	**703.746**	981.849
Кредиторлық берешек пен облигациялар дисконт амортизациясы	**695.916**	723.342
Қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссияның амортизациясы	**680.494**	49.009
Басқа қаржы активтері бойынша сыйлықақы амортизациясы	**85.561**	81.950
Жалдау бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығыстар	–	31.786
Шығарылған облигациялар бойынша өзге де шығыстар	**18.305**	16.369
	17.344.486	14.871.869
Минус: сараланатын негізгі құралдардың құнына капиталдандырыла-тын пайыздар *(6-Ескертпе)*	**(4.049.552)**	(3.201.440)
	13.294.934	11.670.429

Дисконттау бойынша шығыстар негізінен «Karabatan utiity solutions» ЖШС байланысты тарап алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясымен берілген *(27-Ескертпе).*

24. ОҢ БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде теңгенің айырбас бағамының өзгеруі салдарынан Топ 114.963 мың теңге сомасында нетто оң бағамдық айырманы мойындады (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: таза оң бағамдық айырмашылық 451.045 мың теңге).

25. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы		
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	**13.229.631**	10.675.241
Өткен жылдың ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзе-тулер	**(31.283)**	(64.776)
Кейінге қалдырылған салық		
Кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік	**(7.477.869)**	(3.002.627)
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген кор-поративтік табыс салығы бой-ынша шығыстар жиынтығы	**5.720.479**	7.607.838
Жыл ішінде басқа жиынтық табыстың құрамында танылған баптарға байланысты кейінге қалдырылған табыс салығы		
ҰЭТ активтерін қайта бағалаудан кейінге қалдырылған салық бойынша (жеңілдік) / шығын	**(20.021.005)**	65.148.951

Қазақстан Республикасында 2022 және 2021 жылдары корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрады.

Төменде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескерілген корпоративтік табыс салығының 20% мөлшер-лемесін және табыс салығының нақты сомасын салыстырып тексеру келтірілген:

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
Үздіксіз қызметтен салық салуға дейінгі пайда	**32.468.088**	46.772.284
Тоқтатылған қызметтен салық салуға дейінгі пайда	**–**	17.506.488
Ресми мөлшерлеме бойынша есептелген салық 20%	**6.493.618**	12.855.754
Күтілетін кредиттік шығындарға резервті қалпына келтіру	**(39.370)**	(30.457)
Өткен жылдың ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзе-тулер	**(31.284)**	(64.776)
Резидент резервстердің күмәнді берешегі бойынша резервті есеп-теу/(қалпына келтіру)	**22.141**	(14.524)
Бағалы қағаздардан сыйақы түріндегі кіріс	**(669.015)**	(667.913)
Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер	**(77.022)**	(418.513)
Басқа тұрақты айырмашылықтар	**21.411**	(16.711)
Пайда мен залалда көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар, оның ішінде	**5.720.479**	11.642.860
Үздіксіз қызметтен алынатын пайдаға салынатын салық	**5.720.479**	7.607.838
Тоқтатылған қызметтен алынатын пайдаға салынатын салық	**–**	4.035.022

Бұдан әрі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің туындауына әкелетін негізгі уақытша айырмашылықтарға салықтық әсер көрсетілген:

	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		**Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп**	
Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан	**2022 жыл**	2021 жыл
Дебиторлық берешек	**241.886**	196.234	**45.652**	(43.748)
Есептелген міндеттемелер	**805.685**	610.002	**195.684**	(73.121)
Негізгі құралдар	**(125.018.855)**	(152.276.394)	**7.236.533**	3.119.496
Кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік	**–**	**–**	**7.477.869**	3.002.627
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	**(123.971.284)**	**(151.470.158)**	**–**	**–**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріндегі өзгерістер келесідей:

Мың теңгемен	**2022 жыл**	2021 жыл
1 қаңтарға	**(151.470.158)**	(89.164.183)
Пайда немесе залал құрамында танылған корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдік	**7.477.868**	3.002.627
Тоқтатылған қызмет бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	–	(159.651)
ЖСҚ құрамында танылған табыс салығы бойынша жеңілдік-тер/(шығыстар) *(3-Ескертпе)*	**20.021.005**	(65.148.951)
31 желтоқсанға	**(123.971.284)**	(151.470.158)

Топ ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін есепке алуға заңды түрде бекітілген құқығы болған жағдайларда ғана салық активтері мен салық міндеттемелерін есепке алуды жүргізеді, ал кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері сол бір салық органы алатын табыс салығына жатады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем 128.400 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 817.245 мың теңге).

26. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысына және 2021 жылғы 30 желтоқсан-дағы сыйға тарту шартына сәйкес Топ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымындағы қатысу үлесінің 100%-ын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Республикалық меншігіне өтеусіз берді. 2021 жылдың 30 желтоқсанына «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді және Топ құрамынан шықты.

Шығу күніне «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС активтері мен міндеттемелері былайша берілген:

Мың теңгемен	2021 жылғы 30 желтоқсан
Активтер	
Негізгі құралдар	27.567
Материалдық емес активтер	14.836
Кейінге қалдырылған салық активі	234.733
Қорлар	155.465
Сауда дебиторлық берешегі	25.777.422
Берілген аванстар	983
Басқа да ағымдағы активтер	15.874
Өзге қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	5.151.508
Ақша қаражаттары және оның баламалары	38.847.799
Активтер жиыны	**70.226.187**
Сауда кредиторлық берешек	31.602.053
Өзге қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	1.147.572
Табыс салығы бойынша берешек	261.182
Басқа міндеттемелер	93.590
Міндеттемелер жиынтығы	**33.104.397**
Шығарылған таза активтер	**37.121.790**

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шығуынан болған 37.121.790 мың теңге сомасындағы залалдар капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепке енгізілген тоқтатылған қызметтен алынған нәтиже былайша берілген:

Мың теңгемен	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	211.591.935
Өзіндік құн	(195.598.700)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(343.451)
Қаржылық кіріс	2.194.275
Қаржылық кіріс	(11.236)
Басқа да кірістер	81.625
Басқа да кірістер	(29)
Болжалды кредиттік шығындарға резервті есептеу	(407.931)
Салық салынғанға дейінгі пайда	**17.506.488**
Табыс салығы бойынша шығыстар	(4.035.022)
Тоқтатылған қызметтен түсетін бір жыл ішіндегі пайда	**13.471.466**
Тоқтатылған қызметтен акцияға пайда: Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға келетін бір жылдағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	**51,81**

Тоқтатылған қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі деректер былай берілген:

Мың теңгемен	2021 жыл
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары	15.342.483
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	9.203.509
Қаржы қызметінде ақша қаражатын таза пайдалану	-

27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама түрде қатысудың елеулі үлесі тиесілі ұйымдарды, сонымен қатар Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтер негізінде ұсынылған кейбір реттеліп көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптар арасында келісілген шарттарда жүзеге асырылды.

Байланысты тараптармен 2022 және 2021 жылдардағы операциялар мыналарды білдіреді:

Мың теңгемен		Самұрық-Қазына тобына кіретін еншілес компаниялар	Қазына қауымдастырылған компаниялары	Самұрық-Қазына бірлескен кәсіпорындары	Топтың қауымдасқан компаниялары
Қызметтерді сату	**2022 жыл**	**39.817.193**	**8.352.832**	**2.463.455**	**621.219**
	2021 жыл	88.141.984	13.158.299	4.311.519	658.453
Жер телімдерін сату	**2022 жыл**	-	-	-	-
	2021 жыл	2.182.037	-	-	-
Қызметтер мен тауарларды сатып алу	**2022 жыл**	**25.437.643**	**1.933.556**	**12.936**	**89.968**
	2021 жыл	61.259.441	2.395.243	-	73.620
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	**2022 жыл**	**76.925**	-	-	-
	2021 жыл	88.160	-	-	-
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	**2022 жыл**	**569.384**	-	-	-
	2021 жыл	712.262	-	-	-

Байланысты тараптармен операциядан 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша берешек мыналарды ұсынады:

Мың теңгемен		Самұрық-Қазына тобына кіретін еншілес компаниялар	Самұрық-Қазына қауымдасты-рылған компаниялары	Самұрық-Қазына бірле-скен кәсіпорын-дары	Топтың қа-уымдасқан компаниялары
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	**2022 жыл**	–	–	–	–
	2021 жыл	2.182.037	–	–	–
Қызметтерді сатқаны үшін қысқа мерзімді сауда дебиторлық берешек	**2022 жыл**	**4.196.537**	**706.405**	**137.722**	**58.744**
	2021 жыл	2.171.300	280.180	146.229	39.473
Негізгі құралдарды сату үшін деби-торлық берешек	**2022 жыл**	**694.735**	–	–	–
	2021 жыл	814.315	–	–	–
Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек	**2022 жыл**	**6.379.501**	–	–	–
	2021 жыл	8.169.055	–	–	–
Сатып алынған қызметтер үшін қысқа мерзімді сауда және өзге де креди-торлық берешек	**2022 жыл**	**1.446.569**	**208.615**	**582**	**8.821**
	2021 жыл	1.831.950	175.735	–	8.596
Жалдау бойынша міндеттемелер	**2022 жыл**	–	–	–	–
	2021 жыл	111.895	–	–	–

Түсім және өзіндік құн, сауда дебиторлық және кредиторлық берешек

Байланысты тараптарға көрсетілетін қызметтерді сату негізінен электр энергиясын жеткізу, техникалық диспет-черлендіру жөніндегі және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтер болып та-былады. Байланысты тараптардан көрсетілетін қызметтерді сатып алу негізінен байланыс қызметтерін, энерге-тика саласындағы көрсетілетін қызметтерді, электр энергиясын сатып алуды, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызмет-терді сатып алуды, пошта қызметтерін және бағдарламалық жасақта-ма бойынша техникалық қолдауды қамтиды.

Жер телімдерін сату

2021 жылғы қаңтарда Топ «Samruk-Kazyna Construction» АҚ байланысты тарапына құны 5.126 мың теңге тұратын жер телімін 2.182.037 мың теңгеге 2020 жылғы 31 желтоқсанда сатуға арналған активтер ретінде сат-ты. Мүлікті беру туралы шартқа сәйкес «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Топтың меншігіне 2.182.037 мың теңге сомасына үй-жайларды беруге міндеттенеді.

Басқа да дебиторлық берешек

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ 2.161.476 мың теңге үшін «Қазпочта» АҚ-мен байланысқан жағында Астана қаласын-да орналасқан жабдықтар кешені мен іргелес жер учаскелері бар ғимараттар мен құрылыстарды іске асырды. Сату шартына сәйкес «Қазпочта» АҚ 2027 жылғы маусымға дейін ай сайынғы тең төлемдермен бере-шекті төлейді. Тиісінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтта-ды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Қазпочта» АҚ-ның дебиторлық берешегі бойынша дисконт 173.120 мың теңге болды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дебиторлық берешек бойынша амортизацияланбаған со-масы 694.735 мың теңге құрады, онда 514.613 мың теңге сома байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құрамына кірді. 2022 жыл ішінде Топ 76.925 мың теңге сомасындағы дисконт амортизациясынан түскен кірісті таныды (2021 жыл : 88.160 мың теңге). *(23-ескертпе).*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топтың «Балқаш ЖЭС» АҚ негізгі құралдарын сатқаны үшін 220.494 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 220.494 мың теңге) дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ 2018 жылдың соңына дейін берешегін төлеуі тиіс болатын, алайда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша берешек өтелмеді. Балқаш ЖЭС құрылысының уақытша тоқтатылуына бай-ланысты Топ басшылығы 2018 жылы күтілетін кредиттік шығындарға 100% мөлшерінде резерв есептеу туралы шешім қабылдады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегіне ККШ жалпы сомасы 312.336 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 271.744 мың теңге).

Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек және дисконттың амортизациясы

2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында Топ байланысты тарап – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-дан 11.794.689 мың теңгеге мүліктік кешен сатып алды. Сатып алу-сату шартына сәйкес Топ 2025 жылдың 25 науры-зына дейін берешекті жыл сайынғы тең төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,25% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, бұл Топ басшылығының нарықтық мөлшерлеменің ең жақсы бағасы болып табылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Karabatan Utility Solutions» ЖШС кредиторлық берешегі бойынша амортизацияланбаған дисконт 697.311мың теңгені құрады.(2021 жылғы 31 жел-тоқсанға: 1.266.695 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 6.379.501 мың теңгені құрады, оның 4.146.691 мың теңгесі байланысты тараптардан ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің құрамына кірді. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Топ 569.384 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясынан болған шығыстарды таныды.

Жалдау бойынша міндеттемелер

2017 жылы Топ байланысты тарап – «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын беру туралы ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топтың жалдау бойынша берешегі толық өтелді (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 111.895 мың теңге)

Басқасы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ХҚДБ қарызы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдік сомасы 12.590.206 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 37.835.274 мың теңге).

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы және онымен байланысты барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, еңбекке жарамсыздық, демалыс, материалдық көмек және басқалар) қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 279.176 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 313.976 мың теңге).

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызмет нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Осы қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топтың операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың қаржылық активтері сауда және өзге де дебиторлық берешекті қамтиды, ақша қаражаттары және олардың баламалары, тікелей оның операциялық қызметі барысында туындайтын қысқа мерзімді депозиттері, сонымен қатар бағалы қағаздарға инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі-бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бар Топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады *(15 және 16-ескертпелер).*

Топ қарыздар көрсетілген валютадағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін мониторингтеу арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін шектейді. Барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда, өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Топқа салық салынғанға дейінгі пайдаға келесі әсер етеді:

Мың теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю* / пайызбен	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсер
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	**245/(245)**	**(304.180)/304.180**
Еуробор	**136/(136)**	**(57.818)/57.818**
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	**1%/0%**	**(635.452)/-**
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	125/(25)	(461.059)/92.212
Еуробор	20/(20)	(25.314)/25.314
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	1%/0%	(474.139)/-

** 1 базалық тармақ = 0,01%.*

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жора-малдар өткен жылдармен салыстырғанда едәуір жоғары құбылмалылықпен сипатталатын қазіргі сәтте байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел-бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдары-ның өзгеруі салдарынан құбылып отыру тәуекелі. Топтың шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметіне байланысты. Сонымен қатар, Топтың айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютасынан басқа валютада көрсетілген кезде).

Келесі кестеде барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда АҚШ доллары, еуро және рубль бағамындағы мүмкін болатын өзгерістерге сезімталдықты талдау берілген. Топтың өзге валюталар бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы елеусіз болып табылады.

Мың теңгемен	Абсолюттік мәнде айырбас бағамы-ның ұлғаюы/ (азаюы) (теңге	Айырбастау бағамының ұлғаюы / (азаюы)	Салық салғанға дейін пайдаға әсер
2022 жылғы 31 желтоқсанға			
АҚШ доллары	97,16/(97,16)	21%/(21%)	(630.606)/630.606
Еуро	88,67/(88,67)	17,99%/(17,99%)	(777.656)/777.656
Рубль	1,42/(1,42)	22,05%/(22,05%)	(1.394.677)/1.394.677
2021 жылғы 31 желтоқсанға			
АҚШ доллары	86,33/(43,18)	20%/(10%)	(1.714.810)/857.405
Еуро	97,56/(48,91)	20%/(10%)	(2.557.083)/1.278.542
Рубль	0,75/(0,75)	13%/(13%)	(196.134)/196.134

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел-бұл Топтың қаржылық залалға ұшырау қаупі, өйткені контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік келісім бойынша міндеттемелерін орындамайды. Топ өзінің операциялық қызметімен, ең алдымен са-уда дебиторлық берешегіне қатысты *(9-ескертпе)* және банктердегі депозиттерді және борыштық бағалы қағаз-дарға инвестициялауды қоса алғанда, инвестициялық қызметпен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін *(11, 12 және 13-ескертпелер).*

Сауда дебиторлық берешегі

Сатып алушыларға байланысты кредиттік тәуекелді басқаруды әрбір бизнес бірлік сатып алушыларға байла-нысты кредиттік тәуекелді басқаруға қатысты Топ белгілеген саясатқа, рәсімдерге және бақылау жүйесіне сәй-кес жүзе-ге асырады. Құнсыздануды тану қажеттілігі күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып, әрбір есептік күнге талданады. Бағалау резервтерінің мөлшерле-мелері залал-дардың туындауының ұқсас сипаттамалары бар әртүрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемнің мерзімі өткен күндерінің санына байланысты есептеледі (яғни, өнім түрі бойынша және т.б.). Есепте-улер ықтималдылықты, ақшаның уақытша құнын ескере отырып мөлшерленген нәтижелерді және есептік күнге қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталатын ақпаратты көрсетеді.

Қаржы құралдары және ақша депозиттері

Банктердегі және қаржы институттарындағы шоттардағы қаражат қалдықтарына негізделген кредиттік тәуе-келді басқаруды Топтың саясатына сәйкес Топтың қазынашылығы жүзеге асырады. Артық қаражат бекітілген контра-генттердің шоттарына және әрбір контрагент үшін белгіленген кредиттік лимиттер шеңберінде ғана инве-стициялана-ды. Контрагенттер үшін белгіленген кредиттік лимиттерді Топтың директорлар кеңесі жыл сайын талдайды және Топтың қаржы комитеті бекіткеннен кейін жыл ішінде өзгертілуі мүмкін. Лимиттер тәуекелдердің шоғырлануын барынша азайту және осылайша контрагенттің ықтимал төлемеуі нәтижесінде туындайтын қаржылық залалдарды азайту мақсатында белгіленеді.

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырлан-дырылған есептің компоненттері бойынша кредиттік тәуекелге барынша ұшырауы олардың балан-стық құнымен ұсынылған.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегергендегі «Standard & Poor 's» және «Moody ' s» агенттігінің кредиттік рей-тингтерін пайдалана отырып, есептік күні банктерде орналастырылған ақша қаражаты, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетіледі:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг 2022 жыл	Рейтинг 2021 жыл	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	**BB+/ тұрақты**	BB+/тұрақты	**14.981.871**	15.699.990
«Jysan Bank» АҚ	Қазақстан	**B+/ тұрақты**	B1/ тұрақты	**12.227.652**	12.140.947
«Forte Bank» АҚ	Қазақстан	**BB-/негативті**	B+/позитивный	**6.161.681**	11.019.346
«Банк Центр Кредит» АҚ	Қазақстан	**B+/ тұрақты**	B/ тұрақты	**2.612.282**	-
«Евразиялық Банк» АҚ	Қазақстан	**B/позитивті**	-	**12**	
«Казпочта» АҚ	Қазақстан	¬	-	**9**	-
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)	Ресей	-	-	**6**	-
				35.983.513	38.860.283

Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділікті басқару және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру талаптарына сәйкес өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ өтімділік тәуекелін барабар резервтерді, банктік қарыздарды және қолжетімді кредиттік желілерді қолдау жолымен, ақшаның болжамды және нақты қозғалысын тұрақты мониторингтеу және қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру арқылы басқарады.

Топ қарызды қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдің шоғырлануын бағалады және бұл төмен болады деген қорытындыға келді. Топ қаржыландырудың жеткілікті әртүрлі көздеріне қол жеткізе алады.

Келесі кестелерде келісімшарттық дисконтталмаған ақша ағындарының негізінде оның қаржылық міндеттемелері бойынша топтың келісімшарттық мерзімдері көрсетіледі.

Мың теңгемен	Талап еткенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	–	**4.936.035**	**1.070.082**	**5.852.617**	**8.347.857**	**20.206.591**
Облигациялар	–	**4.532.400**	**13.597.200**	**72.518.399**	**240.497.448**	**331.145.447**
Сауда кредиторлық және өзге де берешек	–	**19.480.214**	**2.358.938**	**4.717.875**	–	**26.557.027**
	–	**26.980.796**	**17.026.220**	**83.088.891**	**248.845.305**	**375.941.212**
2021 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	–	5.666.360	9.472.295	15.526.933	22.684.097	53.349.685
Облигациялар	–	3.181.750	9.545.250	50.908.000	198.719.155	262.354.155
Сауда кредиторлық және өзге де берешек	–	18.675.097	–	7.076.813	–	25.751.910
Жалдау бойынша міндет-теме	–	111.895	–	–	–	111.895
	–	27.635.102	19.017.545	73.511.746	221.403.252	341.567.645

Капиталды басқару

Топ капиталын басқарудың басты мақсаты - бұл Топтың берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлер үшін кірісті көбейтумен қатар қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алатындығын қамтамасыз ету. Топ экономикалық жағдайлардағы өзгерістерді ескере отырып, өз капиталын басқарады. Өз капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерлерге дивидендтер төлеуді өзгерте алады, капиталды акционерлерге қайтара алады немесе жаңа акциялар шығара алады. Топ капиталды капиталға есептегенде коэффициентті қолдана отырып басқарады, бұл - жалпы капиталға бөлінген қарыз. Топтың міндеті-коэффициентті 0,5-тен аспайтын деңгейде ұстау. Қарыз барлық қарыздар мен облигацияларды қамтиды. Капитал барлық міндеттемелер мен барлық акционерлік капиталдың сомасына тең.

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Борыш/капитал	**0,16**	0,16

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	**144.761.999**	152.782.161
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	**11.589.702**	18.417.290
Борыш	**156.351.701**	171.199.451
Міндеттемелер жиынтығы	**333.047.025**	356.080.517
Капитал	**653.565.164**	737.136.817
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы	**986.612.189**	1.093.217.334

Топ капиталының құрылымы *14-ескертпеде* ашылған акционерлік капиталды, резервтер мен бөлінбеген пайданы қамтиды.

Әділ құн иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын айқындау және бағалау модельдері бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашу үшін мынадай иерархияны пайдаланады:

- **1-деңгей:** белсенді нарықтардағы бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша бағалар (қандай да бір түзетулерсіз).
- **2-деңгей:** көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын басқа да әдістер.
- **3-деңгей:** байқалатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін, көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін бастапқы деректер пайдаланылатын әдістер.

Төмендегі кестеде әділ құн бойынша Топ активтері мен міндеттемелерін бағалау көздерінің иерархиясы берілген:

Әділ құны бойынша бағаланатын активтер

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қайта бағаланған негізгі құралдар				
ҰЭТ активтері *(6-ескертпе)*	**733.464.524**	–	–	**733.464.524**
«DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары *(11-ескертпе)*	**377.731**	–	–	**377.731**

Мың теңгемен	**2021 жылғы 31 желтоқсан**	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қайта бағаланған негізгі құралдар				
ҰЭТ активтері *(6-ескертпе)*	879.981.350	–	–	879.981.350
«DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары *(11-ескертпе)*	314.418	–	–	314.418

Әділ құны ашылатын активтер

Мың теңгемен	**2022 жылғы 31 желтоқсан**	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық активтер				
Басқа қаржылық активтер *(11-ескертпе)*	**58.787.505**	–	**58.787.505**	–

Мың теңгемен	**2021 жылғы 31 желтоқсан**	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық активтер				
Басқа қаржылық активтер *(11-ескертпе)*	72.182.392	–	72.182.392	–

Әділ құны ашылатын активтер

Мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық міндеттемелер				
Облигациялар *(16-ескертпе)*	**139.453.044**	–	**139.453.044**	–
Қарыздар *(15-ескертпе)*	**16.898.657**	–	**16.898.657**	–

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық міндеттемелер				
Облигациялар *(16-ескертпе)*	121.705.499	–	121.705.499	–
Қарыздар *(15-ескертпе)*	49.493.952	–	49.493.952	–

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде қаржы құралдарының әділ құнының 1, 2 және 3-деңгейлері бойынша ауысулар болған жоқ.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешек, өзге де қаржы активтері, ақша қаражаттары және олардың баламалары, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты сияқты Топтың қаржы құралдарының әділ құны негізінен осы құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне байланысты олардың баланстық құнына шамамен тең екенін айқындады. Қарыздар мен Топтың шығарған облигациялары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, ол шамамен олардың әділ құнына тең.

Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердегі өзгеріс

Мың теңгемен	2022 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Есептелген пайыздар	Төленген пайыздар мен комиссиялар	Валюталық бағамның өзгеруі	Басқасы	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	**49.493.952**	**(35.865.915)**	**937.558**	**(1.336.740)**	**2.989.308**	**680.494**	**16.898.657**
Облигациялар	**121.705.499**	**16.141.100**	**14.222.906**	**(12.727.000)**	**–**	**110.539**	**139.453.044**
Жалдау бойын-ша міндетте-мелер	**111.895**	**(111.895)**	–	–	–	–	–
Жиыны	**171.311.346**	**(19.836.710)**	**15.160.464**	**(14.063.740)**	**2.989.308**	**791.033**	**156.351.701**

Мың теңгемен	2021 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Есептелген пайыздар	Төленген пайыздар	Валюталық бағамның өзгеруі	Басқасы	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	64.177.892	(14.614.808)	1.024.707	(1.167.132)	24.284	49.009	49.493.952
Облигациялар	96.856.143	25.235.121	11.962.857	(11.538.332)	–	(810.290)	121.705.499
Жалдау бойын-ша міндетте-мелер	561.765	(436.606)	31.786	(45.050)	–	–	111.895
Жиыны	161.595.800	10.183.707	13.019.350	(12.750.514)	24.284	(761.281)	171.311.346

«Басқалары» бағанында қаржылық міндеттемелер бойынша дисконттар мен сыйақылардың амортизациясы берілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына сай келетін экономикалық реформалар мен құқықтық, са-лықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда.Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалардың барысына, сонымен қатар экономика саласында Үкімет қабылдайтын шарала-рдың тиімділігіне, қаржы және ақша-кредит саясатына байланысты болады.

Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалады. Осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне және оның құнының өсуіне, сонымен қатар одан әрі экономикалық өсуге қатысты белгісіздіктің жоғарылауына әкелді, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелері мен экономика-лық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Топ басшылығы қазіргі жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша тиісті шаралар қабылдайды деп санайды.

2020 жылдың наурызынан бастап АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының төмендеуін қоса алған-да, қор, валюта және шикізат нарықтарында айтарлықтай құбылмалылық байқалады. Бұл оқиғалардың ауқы-мы мен ұзақтығы белгісіз болып қалады. Алайда, басшылық Топтың пайдасына, ақша ағындарына және қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етпейді деп күтпейді.

Салық салу

Қазақстан Салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістердің және әртүрлі түсіндіру-лердің нысанасы болып табылады. Түсімге, шығыстарға және қаржылық есептеменің өзге де баптарына ХҚЕС тәсілі бойынша пікірді қоса алғанда, жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлерде алшақтық жағдайлары жиі кездеседі. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген Қазақстан заңдары негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар жүйесі өте қатал. Айыппұл санк-цияларына, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 50-80% мөлшеріндегі айыппұлдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша 1,25-ке көбей-тілген өсімпұл кіреді. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұл сомасы қосымша есептеуге жататын са-лық сомасынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Тексеру жүргізілетін жылу алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін қаржы кезеңдері ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салықтық тексерулер ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарға байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдардың түпкілікті сомасы, егер олар бар болса, қазіргі уақытта шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін.

Кредиттік келісімдердің шарттары

15-ескертпеде айтылғандай, Топ ЕҚДБ және ХҚДБ-мен несиелік келісімдер жасады. Топ пен кредиторлар арасындағы кредиттік келісімдерге сәйкес Топ кредиттік келісімдердің мынадай шарттарын (ковенанттарды) сақтауға міндетті:

- ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге қатынасы кемінде 1: 1;
- жиынтық берешектің жалпы капиталдандыруға қатынасы 50%-дан аспайды;
- қаржылық шығыстарды шегергенге дейінгі кірістердің, табыс салығының, тозу мен амортизацияның («EBITDA») қаржылық шығыстарға қатынасы кемінде 3:1;

Сонымен қатар Топ облигациялар *(16-ескертпе)* шығарды және келесі ковенанттарды сақтауға міндетті:

- таза қарыздың EBITDA-ға қатынасы 4: 1-ден аспайды.
- борыштың капиталға қатынасы 0,6:1 аспайды.

Басшылық Топ 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ЕҚДБ және ХҚДБ-мен кредиттік келісімдердің барлық талаптарын сақтады деп санайды. EBITDA есептеу кезінде Топ бағам-дық айырмадан түскен кірістер мен залалдарды алып тастайды, өйткені бағамдық айырмадан түскен кірістер мен залалдар ақшалай емес операциялардың анықтамасына сәйкес келеді және кредиттік келісімдерде көрсетілген EBITDA есебінен алып тастауға жатады деп санайды. 2022 жылғы 31 желтоқсанға EBITDA есептеу кезінде Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 114.963 мың теңге сомасында (2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 451.045 мың теңге сомасында) бағамдық айырмадан түскен кірісті алып та-стады. Сонымен қатар, Топ басшылығы облигациялар шығару шарттарында қарастырылған барлық ковенант-тар сақталған деп санайды

Сақтандыру

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ құны 542.550.435 мың теңге өндірістік активтерді сақтандырды. Көрсетілген сома 2022 жылғы 1 желтоқсанға жүргізілген ҰЭТ активтерін қайта бағалау нәтижесін қамтымайды, өйт-кені сақтандыру шартын жасасу рәсімі 2022 жылғы 1 желтоқсанға дейін жүзеге асырылды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың болмауы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің туындауын біл-дірмейтіндіктен, осы шоғырландырылған қаржылық есептемеде мұндай активтердің бүлінуіне немесе жоғалуына байланысты күтпеген шығыстарға ешқандай резерв жасалмаған.

Шартты міндеттемелер

220-500 кВ электр жеткізу желілерін реконструкциялау арқылы ұлттық электр торабы жұмысының сенімділігін қамта-масыз ету мақсатында, алдағы жылдары қол жеткізілген және Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін, сонымен қатар өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстау үшін Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі.

«KEGOC» АҚ-ның жалпы сомасы 274.760.648 мың теңгеге бесжылдық (2021-2025) инвестициялық бағдарламасы са-лалық мемлекеттік органның 2021 жылғы 7 сәуірдегі №122 және уәкілетті орган ведомствосының 2021 жылғы 11 нау-рыздағы №21-НҚ бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілді және 100% орындалуы тиіс. Алайда, «KEGOC» АҚ оған өзгерістер енгізіп, жекелеген іс-шаралардың құны мен өткізу мерзімін түзете алады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша инвестициялық жоспар шеңберінде Топпен жасалған шарттар бойынша күрделі сипаттағы шарттық міндеттемелердің сомасы 57.388.081 мың теңге болды (2021 жылғы 31 желтоқ-санда: 100.950.878 мың теңге).

2020-2021 жылдары эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыздығы мен санитарлық шаралардың барлық жерде енгізілуіне байланысты күрделі инвестициялар жоспары шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының толық көлемде уақтылы орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету объективті түрде қиын болды.

Ашық келісімшарттардың елеулі бөлігін Қазақстан Республикасынан тыс жерде сатып алынатын жабдық құрай-тындығына байланысты, өндіріс қарқыны мен логистикаға өндіруші зауыттардағы ауысымдардың қысқаруы және персонал санының шектелуі теріс әсер етті, бұл негізгі энергетикалық жабдықты жеткізудің кешеуілдеуіне және тиісінше күрделі сипаттағы келісімшарттық міндеттемелерді орындау мерзімдеріне алып келеді.Сонымен қатар, шарттық міндеттемелер құнының ауытқу ықтималдығы қалады, оның негізгі себебі таргеттеу ұлттық валютасының айырбастау бағамдарының ықтимал өзгеруінің әсері болып табылады.

Қызметті реттеу

Электр энергиясын жеткізу және электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі тарифтер

Компания 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 қыркүйегіне дейін келесі тарифтер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынды:

- электр энергиясын жеткізу бойынша кВт·сағ үшін 2.448 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кВт·сағ үшін 0,264 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша кВт·сағ үшін 0,086 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз).

«KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне осы тарифтер «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес айқындалған, оларға сәйкес негізгі борышты өтеуге бағытталған қаражатты қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздар бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаны (амортизациялық аударымдар мен пайда) іске асыруға бағытталған қаражат 2020 жылға арналған қолданыстағы тарифтен алып тасталды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2021 жылғы 16 тамыздағы №79-ОД бұйрығына сәйкес мынадай тарифтер бекітілді:

1. **электр энергиясын жеткізу бойынша:**
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 2.797 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 2.848 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.004 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.106 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.134 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз).

2. **электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша:**
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.306 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.314 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.333 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.348 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.355 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз).

3. **электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша:**
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.098 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.102 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.105 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.108 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.110 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі №67-НҚ бұйрығымен «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сатып алынған электр энергиясы бойынша электр энергиясының технологиялық шығысына үнемдеу нәтижесінде тарифтік сметада шығындар баптарының орындалмауына байланысты 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін қолданысқа енгізіле отырып, 2017 және 2018 жылдарға арналған уақытша өтемдік тарифтер (бұдан әрі – УӨТ) бекітілді:

Электр энергиясын жеткізу бойынша:
- 2022 жылғы 1 маусымнан 30 қыркүйекке дейін – 2.594 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 31 мамырға дейін – 2.645 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша:
- 2022 жылғы 1 маусымнан 30 қыркүйекке дейін – 0.285 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 31 мамырға дейін – 0.294 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша:
- 2022 жылғы 1 маусымнан 30 қыркүйекке дейін – 0.091 теңге/кВтч (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 31 мамырға дейін – 0.095 теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз);

Көрсетілген бұйрықпен «KEGOC» АҚ ҚР Табиғи монополиялар туралы Заңына сәйкес 2017 және 2018 жылдардың қорытындысы бойынша тарифтік смета шығындарының баптары бойынша қалыптасқан үнемдеу инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталғандығына байланысты сәйкес келмейді. Осылайша, «KEGOC» АҚ тұтынушыларға залал келтірген жоқ және негізсіз табыс алған жоқ. Осыған байланысты 2022 жылғы 22 сәуірдегі №67-НҚ бұйрығына «KEGOC» АҚ сот тәртібімен дауласады.

Сот талқылауын қарау кезеңінде осы Бұйрықтың қолданылуы тоқтатылды.

Егер Компания уақытша өтемдік тарифті қолданған жағдайда, онда Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдағы пайдасы 6.890.583 мың теңгеге төмендеген болар еді.

30. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2023 жылғы 12 қаңтарда «KEGOC» АҚ жай акцияларының барлық ұстаушыларына 2022 жылғы 1-жартыжылдыққа 17.014.309 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу жүзеге асырылды.

5-ҚОСЫМША. ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІНЕ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша

Шолу	136
Электр желілік шаруашылықтың сипаттамасы	137
Біздің операциялық сегменттер	138
KEGOC-тың өндірістік құрылымы	138
Еншілес компаниялар туралы ақпарат	139
Үкіметпен және негізгі акционермен өзара қарым-қатынас сипаты	139
Бизнесті трансформациялау бағдарламасы	140
Тарифтік саясат	141
Қызмет нәтижелері	143
Қолданыстағы кредиттік келісімдер	152
Күрделі қаржы шығыстары	152
«KEGOC» АҚ қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижелеріне әсер еткен негізгі факторлар мен тәуекелдер	153

«KEGOC» АҚ 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күнмен аяқталған жылдағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептемесінде көрсетілген қаржылық нәтижелерге төменде берілген түсіндірмелер мен анықтамаларды «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржы есептемесімен және аталған кезеңдегі оларға берілген ескертпелермен бірге үйлестікте қарағаң дұрыс. Сонымен қатар, бұл шолу болжамды пікірді қамтиды. Аталған болжамды пікірлер бұл пікірлерде көрсетілген немесе олардан туындайтын нәтижелерден біздің нақты нәтижелеріміздің ауытқуына әкеліп соғуы мүмкін инвестициялық меморандумда көрсетілген тәуекелдердің, екіұштылық пен басқа да факторлардың әсеріне ұшыраған. Біздің нақты нәтижелеріміз бұл болжамды пікірлерде ұсынылған нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

ШОЛУ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасында құрылған және электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметін ұсынатын компания болып табылады.

Компания Үкіметтің Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі бастамалары аясында 1997 жылы құрылды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қор немесе «Самұрық-Қазына» АҚ) KEGOC-тың 234 000 001 дана жай акциялары (90% қосу бір акция) тиесілі, KEGOC-тың 25 998 609 дана жай акциялары миноритарлық акционерлерге тиесілі және KEGOC-тың 1 390 дана жай акцияларын Компания сатып алды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC-тың жарғылық және меншік капиталы сәйкесінше 126 799 554 мың теңгеменні және 653 565 164 мың теңгеменні құрады.

Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания Қазақстанның Біртұтас электр энергетикасы жүйесін («БЭЖ») басқарады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша БЭЖ (а) Ұлттық электр торабы («ҰЭТ»); (б) 138 электр станциясы (соған қоса ұлттық маңызы бар 8 электр станциясы); (в) 21 таратушы электр желілік компаниялар; (г) жүйелік қызметтер көрсетуге шарттар жасаған көтерме сауда нарығының 324 субъектісінен тұрады. KEGOC ұзындығы 26 854 км 35-1150 кВ жоғары вольтті электр жеткізу желілері және 82 қосалқы станциядан тұратын ҰЭТ активтеріне иелік етеді және басқарады, сонымен қатар сол активтерге техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 3 903 адамды құрады.

Қазақстан Республикасында 2016 жылдан бастап 2022 жылды қоса алғандағы кезеңде электр энергиясын тұтыну және өндіру көлемі



- Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын тұтыну көлемі (млн кВт·сағ)
- Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндіру көлемі (млн кВт·сағ)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC акционерлерінің құрылымы



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	90% + 1 бір акция
«Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры» АҚ	7,2%
36 689 жеке тұлға	1,9%
13 заңды тұлға	0,9%

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ЖЭТ филиалдарының балансында трансформаторларының белгіленген қуаты 38 992,9 МВА болатын 82 35-1150 кВ-тық қосалқы электр станция бар, соның ішінде:

- **1150 кВ –** 3 дана қуаты 9 384,1 МВА;
- **500 кВ –** 20 дана қуаты 17 447,5 МВА;
- **220 кВ –** 57 дана қуаты 12 138,1 МВА;
- **35 кВ –** 2 дана қуаты 23,2 МВА.

Кернеуі 35-1150 кВ-тық электр жеткізу желісінің жалпы ұзындығы 26 854,345 км құрайды (тізбектер бойынша), соның ішінде кернеу сыныбы бойынша габариттері мынадай:

- **1150 кВ ӘЖ –** 1 421,225 км;
- **500 кВ ӘЖ –** 8 282,258 км;
- **330 кВ ӘЖ –** 1 863,28 км;
- **220 кВ ӘЖ –** 14 890,611 км;
- **110 кВ ӘЖ –** 352,841 км;
- **35 кВ ӘЖ –** 44,13 км.

«KEGOC» АҚ мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері арқылы электр энергиясын жеткізуді, өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысты қамтамасыз етеді. БЭЖ-дің қалған активтері үшінші тұлғаларға тиесілі. «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын өндіретін электр станцияларында немесе тарату желілерін пайдалануды жүзеге асыратын компанияларда акциялары немесе қатысу үлесі жоқ. Жалпы алғанда «KEGOC» АҚ электр станцияларынан тарату компаниялары мен ірі тұтынушыларға дейін электр энергиясын жеткізуге жауапты. «KEGOC» АҚ халыққа электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырмайды.

«KEGOC» АҚ Даму стратегиясы:

«KEGOC» АҚ қызметі Қазақстанның бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызға ие және мүдделі тараптардың кең ауқымының мүдделерін қозғайды. Компания мұны шешім қабылдау және ұзақ мерзімді стратегия құру кезінде ескереді. Қоғамның мүдделеріне мұқият қарау, Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан ҰЭТ-тың озық дамуы, адамдардың лайықты еңбек жағдайлары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, экология туралы қамқорлық біздің басты назарымызда. Бұл «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 2021 жылғы 21 желтоқсанда бекіткен (№14 хаттама) «KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясында көрсетілген.

Энергетикалық жүйені дамыту мен трансформациялауды, Қазақстанның карбонсыздандырылуын және тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, Компанияның стратегиялық пайымы айқындалды:

«Инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикасы жүйесін дамытуға үлес қосатын, болашақтың энергетикалық жүйесін және энергетикалық көшу жағдайындағы нарықты өзгертуге ықпал ететін электр энергетикасы саласындағы көшбасшы».

Компанияның миссиясы – Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

Компанияның миссиясына сәйкес қызметтің келесі стратегиялық бағыттары айқындалды:

1. Сапалы жүйелік қызмет көрсету. Мақсаты - электр энергиясын жеткізуді, теңгерімдеуді және техникалық диспетчерлендіруді қамтамасыз ету.
2. Таза активтердің құнын ұлғайту. Мақсаты – қаржылық тұрақтылық, жобалар мен бастамалар портфелін айқындау, озық таза технологияларды енгізу және цифрландыру жөніндегі жобаларды қоса алғанда, ірі инвестициялық және табысты жобаларды іске асыру, өзіндік көміртегі ізін төмендету және ESG қағидаттарын ескере отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Пайымды, миссияны іске асыру стратегиялық мақсаттарды және әрбір мақсат үшін айқындалған міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізілетін болады:
1-мақсат: Энергетикалық ауысу кезеңінде Қазақстан БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Оған келесі міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізіледі: i) Қазақстан БЭЖ Жүйелік операторының функцияларын орындау; ii) ҚР ҰЭТ озық дамуы, ЖЭК тиімді интеграциясы 15% деңгейінде; iii) Заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды енгізу, Smart Grid.
2-мақсат: ESG қағидаттарына сәйкес мыналар арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ету: i) Көміртек ізін азайту, ii) Адами капиталды дамыту, iii) Корпоративтік басқаруды жетілдіру және iv) Кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.
3-мақсат: Таза активтердің құнын мыналар арқылы ұлғайту i) қаржылық тұрақтылықты нығайту және ii) бизнестің жаңа түрлерін дамыту, сонымен қатар iii) халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Компания негізгі қызметінен 217 255 548 мың теңгемен сомасында кіріс алды. Соның ішінде 151 863 107 мың теңгемен Компанияның электр энергиясын компанияның желілері арқылы жеткізу жөніндегі қызметінен, 32 130 461 мың теңгемен электр энергиясын желіге босату және тұтынуды диспетчерлендіруден, 20 124 496 мың теңгемен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша алынды.

Негізгі кірістің қалған бөлігі:

- ауыткулардың сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан көрсетілетін қызметтерді сатудан – 10 457 891 мың теңгемен;
- электр қуатын реттеу қызметтерін сатудан – 645 538 мың теңгемен;
- сатып алынған электр энергиясын сатудан – 27 144 мың теңгемен;
- басқа да қызметтерді сату есебінен – 2 006 911 мың теңгемен алынды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша негізгі құралдардың баланстық құны 859 129 917 мың теңгеменні құрады және жыл басымен салыстырғанда 116 871 399 мың теңгеменге төмендеді (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша: 976 001 316 мың теңгемен). Негізгі құралдардың баланстық құнының төмендеуі 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша жүргізілген ҰЭТ активтерін қайта бағалауға байланысты. Қайта бағалау нәтижесінде ҰЭТ активтерінің әділ құны бағалау күніндегі жай-күй бойынша 774.045.986 мың теңгеменні құрады.

ҰЭТ активтерінің құнының 103 703 389 мың теңгемен сомасына төмендеуі металдар бағасының өткен жылмен салыстырғанда шамамен 15%-ға төмендеуінің салдарынан болды.

2022 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша жүргізілген ҰЭТ активтерін қайта бағалау қорытындылары бойынша ҰЭТ активтерінің құны 317 800 730 мың теңгеменге артты. Осылайша ҰЭТ активтері құнының жиынтық артуы 2020 жылдан бастап 214 097 341 мың теңгеменні құрады.

Ұзақ мерзімді перспективада активтер құнының өсуі реттелетін қызметтер тарифтеріне енгізілетін реттелетін активтер базасының өсуі есебінен Компанияның негізгі бизнесінің кірістілігінің ұлғаюына әкелетінін атап өткен жөн.

БІЗДІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР

Басқару мақсаттары үшін Топтың қызметі көрсетілетін қызмет түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінеді:

- Электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру;
- электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету.
- Сатып алынатын электр энергиясын сату.

KEGOC-ТЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



** ЖЭТ – Жүйеаралық электр тораптары*

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның мынадай еншілес ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Компания	Қызметі	Қатысу үлесі: 2022 жылғы 31 желтоқсан	Қатысу үлесі: 2021 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ»)	KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету	**100%**	100%
«Батыс транзит» АҚ	«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру	**20/%**	20%

«Энергоинформ» АҚ

«Энергоинформ» мекемесі 2002 жылы заңды тұлға болып табылатын коммерциялық емес ұйым ретінде «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне қызмет көрсетуге байланысты қолдау функцияларын орындау мақсатында құрылды. 2010 жылғы қараша айында «Энергоинформ» мекемесі акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылды, онда «KEGOC» АҚ 100% дауыс беруші акцияларын иеленеді. «Энергоинформ» АҚ жарғылық капиталы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 2 179 700 мың теңгеменні құрайды.

Миссиясы: үздік әлемдік тәжірибелерді және инновациялық технологияларды қолдана отырып, ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің стратегиялық мақсаттары:
- «KEGOC» АҚ және ҚР БЭЖ субъектілерінің ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің (бұдан әрі – АТК) сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ҚР энергия нарығын басқару жүйесіне зияткерлік шешімдерді енгізу;
- ҚР энергия нарығы субъектілерінің инфрақұрылымдық кешендерін дамыту;
- Қоғам құнының өсу көздерін әртараптандыру.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің негізгі тұтынушысы бұл Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы – «KEGOC» АҚ болып табылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Энергоинформ» АҚ кірісінің жалпы сомасы

мың теңгемен

Жалпы кіріс сомасы	4 524 512
Жалпы шығыс сомасы	4 066 233
Таза пайда	458 278

ҮКІМЕТПЕН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СИПАТЫ

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, «Қазақстан Республикасының электр энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулыға сәйкес құрылды.

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекеттің меншігінде болды. «KEGOC» АҚ жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы № 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысымен мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін табыс етілді.

«Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарының бірігуі жолымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Осылайша, «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында тұрған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының меншігіне берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына («Халық IPO» бағдарламасы) сәйкес «KEGOC» АҚ 25 999 999 дана мөлшеріндегі жай акциялары пакеті 2014 жылы Қазақстан қор биржасына орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің топ қызметіне қатысу мен әсер ету дәрежесі өте жоғары, себебі «KEGOC» АҚ Біртұтас ұлттық электр торабын басқару жөніндегі жүйелік оператор болып табылады. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында еліміздің алдына 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру міндетін қойды.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекетке экономикаға инвестициялар көлемін едәуір ұлғайту және еңбек, капитал мен ресурстардың өнімділігін арттыру қажет.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасының бірқатар ірі активтеріне иелік етеді және Стратегия мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қордың және оның портфельдік компанияларының инвестициялық және операциялық қызметінің тиімділік көрсеткіштері мемлекеттік Стратегия мақсаттарына қол жеткізу бойынша жағдайлар жасау үшін жеткіліксіз.

Инвестициялық және операциялық қызметтің тиімділігін қажетті арттыруды қамтамасыз ету үшін Қор өз қызметін және бақыланатын портфельдік компаниялардың қызметін ауқымды қайта құру бағдарламасын әзірледі.

KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасы

Бизнесті трансформациялау бағдарламасын (бұдан әрі-БТБ) іске асыру компанияның қаржы-шаруашылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге жедел ден қоюға, сондай-ақ жасырын резервтерді ұтымды пайдалануға, ресурстарды бизнестің басым бағыттарына шоғырландыруға, еңбек өнімділігінің өсуін және озық басқарушылық практикалар мен технологияларды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 18 тамыздағы (хаттама №8) шешімімен «KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасының 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы жаңа редакцияда бекітілді. Жобалардың жаңартылған портфеліне келесі іс-шаралар кірді: «Өндірістік процестерде деректерді талдауды пайдалану бойынша зерттеу жұмыстары», «HSE саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыру», «Жобалық және портфельдік басқаруды жетілдіру».

«Деректерді беру үшін талшықты-оптикалық байланыс желілерін дамыту» жобасының жобасы бойынша желілік бөлік бойынша жұмыстар орындалды, ІҚЖ жүргізілуде. Жұмыстарды қабылдау бойынша жұмыс комиссиясын құру жүргізілуде.

«Кәсіпорын процестерін енгізу» жобасының «кеңейтілген» нысаналы процестерін енгізу жобасын іске асыру барысында бағыттар бойынша тендерлік құжаттама әзірленді. Қорды жаңғырту жөніндегі кеңестің 26.08.2020 ж. шешіміне сәйкес жоба операциялық қызметке берілді.

«Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» жобасын іске асыру шеңберінде тендерлік рәсімдер аяқталды. АЖҚО бойынша жүйелерді баптау және жабдықтарды жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылдың соңына дейін деме-ушінің тестілеу хаттамаларының жобасын бекітуі және орындалған іс-шаралар бойынша есепті бекітуі жоспарланған.

«Көшбасшылықты дамыту», «Корпоративтік мәдениетті дамыту», «HR құзыреттерді дамыту» іс-шаралары бойынша «Мәдениетті трансформациялау» бастамасын оңтайландыру жүргізілді.

«АТ шығындарын қысқарту» іс-шараларын іске асыру шеңберінде Компанияның 4 филиалы үшін «Сервистерді орталықтандыру» іс-шараларының сынама сатысы аяқталды. Баспа сервисі АД, Ақмола ЖЭТ, Ақтөбе ЖЭТ, Алматы ЖЭТ, Шығыс ЖЭТ, Батыс ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Солтүстік ЖЭТ, Орталық ЖЭТ және Оңтүстік ЖЭТ-те енгізілді.

«Компанияның сатып алу қызметін басқару бойынша әдіснаманы әзірлеу және диагностиканы жүргізу» іс-шарасын іске асыру шеңберінде Қордың сатып алуының жаңа моделі бойынша сатып алу қағидалары әзірленді және бекітілді. Іс-қимыл жоспары қалыптастырылды және МЕҚ енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру орындалуда. Іс-шара операциялық қызметке берілді.

«Компанияның деректер архитектурасын әзірлеу» іс-шарасын іске асыру шеңберінде бекітілген кестеге сәйкес «Тұжырымдамалық жобалау» фазасын іске асыру аяқталды және «іске асыру» фазасына көшу орындалды. Стейкхолдерлер тарапынан ТҚЕ-ге ниеттестікті арттыру, сондай-ақ бастамаларды іске асыруға қатысуды арттыру мақсатында ішкі және сыртқы аудиториялармен коммуникациялар құру бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

ТАРИФТІК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен (бұдан әрі – Заң) реттеледі. Заңға сәйкес KEGOC ұсынатын мынадай қызметтер табиғи монополиялар саласына жатады:

- Ұлттық электр торабының желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

2008 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасында «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы енгізілді. Бұл Заңға сай Компания электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жұмысына жауапты. 2008 жылдан бастап осындай қызмет теңгерімдеуші нарықта сатып алынған/сатылған электр энергиясы үшін нақты қаржылық есептеусіз имитациялық режимде жүзеге асырылады. 2009 жылдан бастап электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметі табиғи монополиялар саласына жатқызылды. 2009 жылы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – ТМРК) Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметінің тарифтерін есептеу әдіснамасын әзірлеп, бекітті. Бұл қызметтер тарифі 2009 жылғы 18 мамырдан бастап 0,018 теңге/кВт·сағ. мөлшерінде белгіленді. Аталған Тарифті есептеу әдіснамасы 2010 жылы өзгертілді және Қазақстан-Ресей шекарасындағы сағаттық ауытқуларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу мен сатудан болған шығыстар мен кірістер арасындағы айырмашылықты қамтиды. Қазіргі уақытта ТМРБҚК 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 372-ОД бұйрығымен бекітілген әдістеме қолданылуда.

2009 жылғы 20 қарашада Қазақстан Үкіметі мен Ресей Үкіметі Қазақстан мен Ресей біртұтас энергетикалық жүйесінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімге қол қойды. Бұл үкіметаралық келісімге сәйкес Компания Қазақстан-Ресей шекарасындағы электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу үшін 2010 жылы «ИНТЕР РАО ЕЭС» ААҚ-мен (Ресей Федерациясы) электр энергиясын сатып алу және сату шарттарын жасады. Бұл шарттар бір жылға жасалды және тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартуға жатады.

Шарттардың шеңберінде Компания қажеттілігіне қарай Қазақстан энергия жүйесіндегі тапшылықты жабу үшін шындық тұтыну кезеңінде Ресейден электр энергиясын сатып алады. Ал шындық емес тұтыну кезеңінде Компания артық электр энергиясын Ресейге сатады. Шындық тұтыну кезеңіндегі электр энергиясының бағасы шындық емес тұтыну кезеңіндегі электр энергиясының бағасына қарағанда жоғары болуына байланысты Компания белгілі бір шығындарды көтереді. Олар аталған шығыстарды негізделген шығындар санатына енгізу арқылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру тарифі есебінен өтеледі.

Қазақстан мен Ресейдің біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы үкіметаралық келісімге сәйкес сағаттық ауытқу көлемдерін сатып алу мен сатудың қаржылық нәтижесі (айырмашылығы) Ресейдің біртұтас энергетикалық жүйесінің электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын нақты реттегені үшін әділ төлем болып табылады.

Компанияның тарифтері «шығындар қосу тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, соған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағаларына және капитал кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

Тариф = ұйғарынды түсім/ қызметтердің болжалды көлемі
ұйғарынды түсім = негізделген шығындар + ұйғарынды пайда деңгейі

ТМРК ұйғарынды пайда деңгейін активтердің реттелетін базасына **(«АРБ»)** пайда мөлшерлемесінің іске қосылған активтер коэффициентіне **(«ІАК»)** көбейтіндісі ретінде анықтайды.

Пайданың ұйғарынды деңгейі = АРБ * ІАК* кірістілік нормасы

мұнда:

- *АРБ (іске қосылатын активтердің реттелетін базасы) – Табиғи монополиялар субъектісінің (ТМС) меншігінде тұрған және ТМС пайда алу құқығы бар қызметтерді жүргізу және ұсыну кезінде қолданылатын активтердің реттелетін құны;*
- *ІАК (іске қосылған активтер коэффициенті) – табиғи монополиялар саласына жатқызылған қызметтерді бжүргізген және көрсеткен кезде ТМС негізгі құралдарының нақты пайдаланылуын (іске қосылуын) сипаттайтын, олардың технологиялық қуатынан пайыз түріндегі көрсеткіш;*

2010 жылы ТМРБҚК Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифтерді есептеу рәсімдерін белгілеу мақсатында, Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерге тарифтерді есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізді. Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифті ендірумен, жоғарыда аталған әдістемеге және ТМРК бұйрығына сәйкес аймақтық тарифтер 2010 жылғы 1 тамыздан бастап жойылды. Бірыңғай тарифті енгізу Компанияның жұмысын жақсартты, барлық тұтынушылары үшін ҰЭТ-қа теңдей қол жеткізілуін қамтамасыз етті, баға белгілеуде айқындық қалыптастырды.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері бұдан кейінгі бірнеше жылға бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өз мүмкіндіктерін ұзақ мерзімді кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы аса толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

2016–2020 жылдары «KEGOC» АҚ 2015 жылы бес жылдық кезеңге уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген тарифтердің шекті деңгейлері бойынша реттелетін қызметтер көрсетті, соның ішінде 2020 жылы:

- электр энергиясын жеткізу – 2,797 теңге/кВт·сағ.;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру – 0,306 теңге/кВт·сағ.;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру – 0,098 теңге/кВт·сағ.

«KEGOC» АҚ 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғанда жаңа тарифтер бекітілгенге дейін келесі тарифтер бойынша реттелетін қызметтер көрсетті:

- электр энергиясын жеткізу – 2,448 теңге/кВт·сағ;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру – 0,264 теңге/кВт·сағ;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру – 0,086 теңге/кВт·сағ.

Тарифтердің осы деңгейлері «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 15-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес айқындалған, оларға сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бағытталған қаражатты қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталған қаражат (амортизациялық аударымдар мен пайда) 2020 жылға арналған қолданыстағы тарифтен алынып тасталды.

ТМРК-ның 16.08.2021 №79-НҚ бұйрығымен 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданысқа енгізе отырып, 2021-2026 жылдарға арналған электр энергиясын беру, желіге жіберуді және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша, «KEGOC» АҚ электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер, тарифтік сметалар бекітілді:

теңге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз)	01.10.2021-30.09.2022	01.10.2022-30.09.2023	01.10.2023-30.09.2024	01.10.2024-30.09.2025	01.10.2025-30.09.2026
Электр энергиясын электр желілері арқылы жеткізу	2,797	2,848	3,004	3,106	3,134
Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу	0,306	0,314	0,333	0,348	0,355
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	0,098	0,102	0,105	0,108	0,110

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022.04.22 №67-НҚ бұйрығымен «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған өтемдік тарифтер 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін қолданысқа енгізіле отырып бекітілді.

Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ бұл бұйрыққа сот тәртібімен дауласуда. Қамтамасыз ету шарасы ретінде Компания көрсетілген бұйрықтың қолданылуын сот шешімі шығарылған кезге дейінгі кезеңге тоқтата тұру туралы өтінішхат берді.

Сот талқылауы кезінде «KEGOC» АҚ электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босатуды және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге 2021-2026 жылдарға арналған тарифтерді, тарифтік сметаларды бекіту туралы 16.08.2021 жылғы № 79-НҚ бұйрығы қолданылады.

«KEGOC» АҚ өтініші негізінде ТМРК 27.08.2022 ж. № 130-НҚ бұйрығы арқылы «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтік сметаларды бірінші реттелетін кезеңге (2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін) түзетуді бекітті.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, 2022 жылдың 12 айында 4 558 млн кВт·сағ көлемінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер төлемсіз көрсетілді.

Шоғырландырылған таза кіріс

мың теңгемен

2022 жылдың 12 айында «KEGOC» АҚ-ның жалғасып жатқан қызметінен түскен таза шоғырландырылған пайда 31%-ға немесе 12 416 837 мың теңгеменге кеміп, 26 747 609 мың теңгеменні құрады (2021 жылдың 12 айында: 39 164 446 мың теңгемен), оның ішінде «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылмаған таза пайдасы 27 875 667 мың теңгеменні құрады («Энергоинформ» АҚ таза пайдасы 458 278 мың теңгеменні, элиминация – 2 055 459 мың теңгеменні құрады).



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Төменде келтірілген кестеде «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша нәтижелері ұсынылды:

мың теңгемен	Аяқталған жыл бойынша		Өзгеріс	
	31 желтоқсанда 2022 ж.	31 желтоқсанда 2021 ж.	Абсолютті мәні	%
Кірістер	**217.255.548**	186.443.137	30 812 411	17
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	**(166.355.885)**	(120.682.903)	(45 672 982)	38
Жалпай түсім	**50.899.663**	65.760.234	(14 860 571)	(23)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	**(9.020.431)**	(8.539.823)	(480 608)	6
Іске асыру бойынша шығыстар	**(310.355)**	(381.235)	70 880	(19)
Қайта бағалаудан түскен кіріс	**949.895**	2.869.512	(1 919 617)	(67)
Қайта бағалаудан болатын шығын	**(4.524.870)**	(10.813.536)	6 176 998	(58)
Операциялық түсім	**37.993.902**	48.895.152	(10 901 250)	(22)
Қаржылық кірістер	**5.726.115**	5.368.222	357 893	7
Қаржылық шығындар	**(13.294.934)**	(11.670.429)	(1 624 505)	14
Оң бағамдық айырма, нетто	**114.963**	451.045	(336 082)	(75)
Қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	**469.123**	260.739	208 384	80
Сатуға арналған активті сатудан түскен кіріс	–	2.182.037	(2 182 037)	(100)
Басқа кірістер	**2.488.310**	1.739.332	748 978	43
Басқа кірістер	**(500.704)**	(563.892)	63 188	(11)
(Есептеу) / күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті қалпына келтіру	**(528.687)**	110.078	(638 765)	(580)
Салық салғанға дейінгі түсім	**32.468.088**	46.772.284	(14 304 196)	(31)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	**(5.720.479)**	(7.607.838)	1 887 359	(25)
Үздіксіз қызметтен бір жылдағы пайда	**26.747.609**	39.164.446	(12 416 837)	(32)
Тоқтатылған қызмет				
Тоқтатылған қызметтен бір жылға салық салғаннан кейінгі пайда	–	13.471.466	(13 471 466)	(100)
Жыл ішіндегі пайда	**26.747.609**	52.635.912	(25 888 303)	(49)

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сәйкес

- 2022 жылы Компанияның барлық кірістері 227 027 339 мың теңгемен.
- 2022 жылы Компанияның барлық шығыстары 200 279 730 мың теңгемен.

«KEGOC» АҚ түсімі

мың теңгемен

2022 жылғы негізгі қызметтен түскен түсім 217 255 548 мың теңгеменні құрады, 2021 жылғы ұқсас кезең деңгейінен 16,5%-ға немесе 30 812 411 мың теңгеменге жоғары.

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі қызметтерді сатудан түскен түсім бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

мың теңгемен	Аяқталған жыл бойынша		Ауытқу	
	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан	Абсолютті мәні	%
Электр энергиясын жеткізу	**151 863 107**	129 355 940	22 507 167	17
Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер	**32 130 461**	28 902 579	3 227 882	11
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	**20 124 496**	17 958 864	2 165 632	12
Ауытқулардың сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер	**10 457 891**	7 067 781	3 390 110	48
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан түсетін кіріс	**645 538**	878 486	(232 948)	(27)
Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен кіріс	**27 144**	33 897	(6 753)	(20)
Басқасы	**2 006 911**	2 245 590	(238 679)	(11)
Сатудан түскен кірістер жиыны	**217 255 548**	186 443 137	30 812 411	16,53

Төмендегі кестеде ТМРК 2022 және 2021 жылдарға бекіткен тарифтерді ескере отырып, реттелетін қызметтер бойынша кірістердің есебі берілген:

Электр энергиясын жеткізу

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Электр энергиясын жеткізуден түсетін кіріс (жеңілдікті есепке алғанда)	мың. теңге	151 863 107	129 355 940	16,5
Электр энергиясын жеткізудің нақты көлемі	млн. кВт·сағ	58 570	54 652	7,2
с.і. электр энергиясын жеткізудің ақысы төленетін көлемі	млн. кВт·сағ	54 012	50 824	6
Орташа тариф	теңге/кВт·сағ	2,812	2,545	10

Электр энергиясын жеткізу бойынша кірістердің ұлғаюы тарифті 10%-ға (2,545 теңгеден 2,812 теңгеге дейін/кВт·сағ) ұлғайту есебінен 2021 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 22 507 млн теңгені құрады, бұл кірісті 14 394 млн теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электр энергиясын беру бойынша қызметтердің ақылы көлемінің өсуі есебінен кірістер 8 113 млн теңгеге ұлғайды.

Мәселен, 2022 жылғы 12 айда Ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтердің нақты көлемі 58,570 млрд. кВт·сағ., оның ішінде ақы төленетін көлемі 54,012 млрд. кВт·сағ. құрады.

2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі нақты көрсеткіштермен салыстырғанда қызметтердің көлемі 3,188 млрд. кВт·сағ. немесе 7,2%-ға (соның ішінде ақы төленетін көлем 7,225 млрд. кВт·сағат немесе 6,3%-ға) өсті. Бұл ҚР көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің 6,682 млрд.кВт·сағ-қа ұлғаюына, электр энергиясы экспорты көлемінің 2,446 млрд. кВт·сағ-қа өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар, мемлекетаралық транзит көлемі (РФ-ҚР-РФ) 2,096 млрд.кВт·сағ-қа артты. Сонымен қатар, электр энергиясы экспортының көлемі 0,624 млрд кВт·сағ төмендеді.

Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерден түскен кіріс

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Техникалық диспетчерлендіруден түскен кіріс	мың. теңге	32 130 461	28 902 579	11
Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызмет көлемі	млн. кВт·сағ	104 264	105 043	(0,7)
Орташа тариф	теңге/кВт·сағ	0,308	0,275	12

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кірістер 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі нақты көрсеткіштермен салыстырғанда тарифтің 12%-ға (0,275-тен 0,308 теңге/кВт·сағ-қа дейін) артуы есебінен 3 228 млн теңгеге артты. Бұл кірістің 3 442 млн теңгеге артуына себеп болды.

Бұл ретте, техникалық диспетчерлеу бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі есебінен кірістер 214 млн теңгеге азайды.

2022 жылғы 12 айда электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтердің нақты көлемі 104 264 млрд.кВт·сағ. құрады. 2021 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 779млрд. кВт·сағ немесе 0,7%-ға төмендеді.

Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтен түскен кіріс

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтен түскен кіріс	мың теңгемен	20 124 496	17 958 864	12
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көлемі	млн. кВт·сағ	203 116	205 149	(1)
Орташа тариф	теңге/кВт·сағ	0,099	0,089	11

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша тарифті 12%-ға (0,089 теңгеден 0,099 теңгеге дейін/кВт·сағ) ұлғайту есебінен 2021 жылғы ұқсас кезеңнің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда кірістердің ұлғаюы 2 165 млн теңгені құрады, бұл кірісті шамамен 2 005 млн теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2022 жылдың 12 айында 203,116 млрд кВт·сағ құрады. 2021 жылмен салыстырғанда 2,034 млрд кВт·сағ немесе 1% төмендеді, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемінің төмендеуіне байланысты.

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс	мың теңгемен	10 457 891	7 067 781	48
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сату жөніндегі қызметтердің көлемі	мың кВт*сағ	1 416 150	1 267 697	12
орташа өлшенген баға	теңге/кВт*сағ	7,38	5,58	32

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс ҚР-дан РФ-ке электр энергиясын сату көлемінің 148,5 млн. кВт·сағ (немесе 827 700 мың теңгеменге) өсуіне және электр энергиясының орташа өлшенген бағасының өсуіне байланысты өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3 390 111 мың теңгеменге (48%) артты бағалар 5,58-ден 7,38 теңге/ кВт·сағ-қа дейін (немесе 2 562 441 мың теңгеменге) ұлғаюы болды.

Қуатты реттеу қызметтерін сатудан түскен кіріс

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда: 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Қуатты реттеу қызметтерін сатудан түскен кіріс	мың теңгемен	645 538	878 486	-27
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді іске асыру жөніндегі қызметтердің көлемі	МВт	604	900	-33
орташа өлшенген баға	теңге/кВт	1068,83	976,10	9,5

Қуатты реттеу қызметтерін бейрезиденттерге сатудан түскен 2022 жылғы кіріс («НЭС Узбекистана» АҚ) (645 538 мың теңгемен) 2021 жылғы кіріспен салыстырғанда (878 486 мың теңгемен) 27%-ға немесе 232 948 мың теңгеменге төмен. Бұл көрсетілген қызметтер көлемінің 296 МВт (немесе 288 924 мың теңгемен) және орташа өлшемді бағаның бағамның 424,39 (2021 жылы) 464,71 теңге/АҚШ долларына (2022 жылы) дейін артуы есебінен 976,1 -дан 1068,83 теңге/ кВт (немесе 56 014 мың теңгеменге) дейін арутына негізделген.

Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен кіріс

	өлш. бірл.	Аяқталған 12 айда: 31 желтоқсанда 2022	31 желтоқсанда 2021	%, өзг.
Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен кіріс	мың теңгемен	27 144	33 897	-20
ЖЭК бойынша сатып алынатын электр энергиясын өткізу бойынша қызметтер көлемі	мың.кВт*сағ	3 627	5 837	-38
Бағасы	теңге/кВт*сағ	7,48	5,81	29

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде сатып алынатын электр энергиясын өткізуден түскен табыс 27 144 мың теңгеменні құрады және 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (33 897 мың теңгемен) негізінен Қырғыз Республикасына электр энергиясының жоспарлы ағыны көлемінің 2 207 мың кВт·сағ (5 837 мың кВт·сағ-тан 3 629 мың кВт·сағ. дейін) және бағасы 5,8-дан 7,48 теңге/кВт·сағ.дейін төмендеуі есебінен болды.

Сатудың өзіндік құны

мың теңгемен



Мына кестеде «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі сатудың өзіндік құны бойынша шоғырландырылған деректер ұсынылған:

	31 желтоқсанда аяқталған 12 айда 2022 жыл: мың теңгемен	сатудың өзіндік құнынан, %	31 желтоқсанда аяқталған 12 айда 2021 жыл: мың теңгемен	сатудың өзіндік құнынан, %
Тозуы және амортизация	60.253.195	36	35.950.880	30
Электр энергиясының технологиялық шығысы	**28.394.524**	17	22.157.785	18
Электр энергиясы ағындарының мемлекет аралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары	**24.612.591**	15	18.320.948	15
Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер	**23.279.882**	14	24.866.088	21
Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар	**9.283.619**	6	6.185.051	5
Мүлікке салынатын салық	**8.910.057**	5	7.683.172	6
Күзет бойынша шығыстар	**4.701.427**	3	-	0
Қорлар	**1.475.501**	1	1.292.485	1
Сатып алынатын электр энергиясының өзіндік құны	**1.185.808**	1	1.070.326	1
Басқа да шығыстар	**27.144**	0	30.974	0
Тозуы және амортизация	**4.232.137**	3	3.125.194	3
Сатудың жиынтық өзіндік құны	**166.355.885**	**100%**	120.682.903	**100%**

Сатудың өзіндік құны 38%-ға немесе 45 672 982 мың теңгеменге ұлғайды. 2022 жылғы сатудың өзіндік құнының құрылымында 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай негізгі өзгерістер болды:

- тозу және амортизация 24 302 315 мың теңгеменге (68%) артты;
- электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық ауытқуларының сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары 6 236 739 мың теңгеменге (28%-ға) артты;
- Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар 6 291 643 мың теңгеменге ұлғайды (34%);
- электр энергиясының технологиялық шығынына шығыстар 1 586 206 мың теңгеменге (6%) төмендеді.

Тозу және амортизация

2022 жылы амортизация бойынша шығыстар сомасы 60 235 195 мың теңгеменні құрады, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 68%-ға (24 302 315 мың теңгемен) жоғары.

Амортизациялық аударымдардың өсуі 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша жүргізілген ҰЭТ активтерін қайта бағалау нәтижелері бойынша негізгі құралдардың баланстық құнының ұлғаюына байланысты, нәтижесінде ҰЭТ активтерінің құны 317 800 730 мың теңгеменге ұлғайды.

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 28%-ға немесе 6 236 739 мың теңгеменге ұлғайды.

Аталған көрсеткіштің өзгеруіне мыналар әсер етті:

- орташа өлшемді бағаның 17,48 теңге/кВт*сағ-тан 20,05 теңге/кВт*сағ-қа дейін ұлғаюы нәтижесінде шығыстардың 3 641 960 мың теңгеменге ұлғаюы;
- сағаттық ауытқуларды өтеу үшін Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алу көлемінің 148,5 млн. кВт*сағ өсуі нәтижесінде шығыстар 2 594 779 мың теңгеменге ұлғайды.

Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер

2022 жылы еңбекақы төлеуге жұмсалған шығыстар 24 612 591 мың теңгеменні құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6 291 643 мың теңгеменге немесе 34%-ға ұлғайды. Бұл өсім келесі негізгі себептерге байланысты:

- 2021 жылғы 1 шілдеден бастап және 2022 жылғы 1 ақпаннан бастап қызметақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру арқылы;
- әкімшілік персонал санатынан өндірістік персоналға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 92 дана көлемінде және 2022 жылғы 4 сәуірден бастап 23 дана көлемінде беру;
- «KEGOC» АҚ мерейтойлық күніне және республика күніне біржолғы сыйлықақы төлеу арқылы.

Электр энергиясының технологиялық шығыны

2022 жылы электр энергиясының технологиялық шығыны бойынша шығындар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6%-ға немесе 1 586 206 мың теңгеменге азайды. Шығыстардың азаюы технологиялық шығыстар көлемінің 3 029 912-ден 2 795 870 мың кВт·сағ-қа дейін төмендеуіне байланысты.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

мың теңгемен



2017	2018	2019	2020	2021	2022
13 142 395	14 937 598	8 834 207	7 817 094	8 539 823	9 020 431

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған 12 айда 2022 жыл		31 желтоқсанда аяқталған 12 айда 2021 жыл	
	мың теңгемен	жалпы және әкімшілік шығыстардан, %	мың теңгемен	жалпы және әкімшілік шығыстардан, %
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар	5 134 881	57	5 229 216	61
Тозу және амортизация	923 604	11	878 698	10
Табыс салығынан басқа салықтар	638 305	7	465 032	5
Консультациялық қызметтер	577 552	7	595 690	7
Коммуналдық шығындар	251 294	3	176 264	2
Материалдар	163 872	2	238 204	3
Техникалық қолдау шығындары	80 542	1	66 149	1
Іссапар шығыстары	76 207	1	70 873	1
Тренингтер мен оқыту	67 450	1	44 587	1
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	63 847	1	54 581	1
Сақтандыру бойынша шығыстар	41 896	0	46 806	1
Ескірген қорларға резервті есептеу	26 169	0	26 027	0
Жалға алу шығындары	77 931	1	1 074	0
Басқалары	896 881	11	646 622	8
Жиынтық жалпы және әкімшілік шығыстар	**9.020.431**	**100%**	8.539.823	**100%**

Жалпы және әкімшілік шығыстар 9 020 431 мың теңгеменні құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 480 608 мың теңгеменге (5.6%) жоғары.

Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар, еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер

2022 жылы еңбекақы төлеуге жұмсалған шығыстар 5 134 881 мың теңгеменні құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 94 335 мың теңгеменге немесе 2%-ға азайды. Негізінен мыналардың есебінен:

- санды 43 данаға қысқарту;
- 2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап «ЖЭК бойынша ҚЕО» ЖШС мемлекеттік меншікке берілуіне байланысты;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 92 дана және 2022 жылғы 4 сәуірден бастап 23 дана көлемінде әкімшілік персонал санатынан өндірістік персоналға беру;
- 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы мен сыйақы төлеуге 2022 жылы резервті беру.

Бұдан басқа, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап және 2022 жылғы 1 ақпаннан бастап қызметақылар/тарифтік мөлшерлемелер көтерілді.

Әкімшілік шығыстардың тозуы және амортизациясы

Әкімшілік шығыстардың амортизациясы бойынша шығыстардың сомасы 923 604 мың теңгеменні құрады, бұл негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде 2021 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішімен салыстырғанда 44 906 мың теңгеменге немесе 5%-ға жоғары.

Тараптық ұйымдардың қызметі

Тараптық ұйымдардың қызметтері бойынша шығыстар 638 305 мың теңгеменні құрады, бұл бәсекелі нарықта қызметтерді сатып алуды қамтамасыз ету үшін бірқатар қызметтерді аутсорсингке беру нәтижесінде 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 173 273 мың теңгеменге немесе 37%-ға жоғары.

Техникалық қолдау шығындары

Техникалық қолдау шығындары 577 552 мың теңгеменні құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен ақпараттық байланыс жүйелері (қызметті автоматтандыру) санының артуы нәтижесінде 18 138 мың теңгеменге жоғары болды.

Консультациялық қызметтер

Консультациялық қызметтерге арналған шығыстар рейтингтік агенттіктердің қызметтеріне арналған бірқатар шығындардың консультациялық қызметтерге қайта біліктілігіне байланысты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 75 030 мың теңгеменге немесе 43%-ға жоғары.

Табыс салығынан басқа салықтар

Салық бойынша шығыстар 163 872 мың теңгеменні құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңінен еңбекақы төлеу бойынша шығыстарды азайту есебінен 74 332 мың теңгеменге төмен.

Ақша қаражатының ағындары

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі операциялық инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижелері қорытылады:

мың теңгемен	Аяқталған жыл	
	31 желтоқсанда 2022 ж.	31 желтоқсанда 2021 ж.
Операциялық қызметтен таза ақша ағындары	**80.678.722**	83.868.968
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	**(31.208.604)**	(62.321.093)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары	**(33.057.639)**	(31.345.871)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	**16.412.479**	(9.797.996)
Шетел валютасындағы ақша қаражатының сальдосына айырбас бағамы өз-герістерінің әсері	**(600.425)**	(115.531)
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	**11.933.828**	21.867.205
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	**27.563.092**	11.933.828

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары 27 563 092 мың теңгені құрады және 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 15 629 264 мың теңгеге (130%) артты.

Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2022 жылы операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны 80 678 722 мың теңгені құрады, бұл 2021 жылдың ұқсас көрсеткішінен 3 190 246 мың теңгеге немесе 3,8%-ға төмен.

Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2022 жылы инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза шығуы 31 208 604 мың теңгені құрады және 2021 жылмен салыстырғанда негізінен «500,220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҮЭТ-ке қоса отырып, 500кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша Халықаралық қайта құру және даму банкінің қарызын мерзімінен бұрын өтеу үшін депозиттік шоттардан ақшалай қаражатты алу есебінен 31 112 489 мың теңгеге немесе 50%-ға азайды.

Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржы қызметінен ақша қаражатының таза шығуы 33 057 639 мың теңгені құрады және 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізінен «500,220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҮЭТ-ке қоса отырып, 500кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша Халықаралық қайта құру және даму банкінің 46,3 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын мерзімінен бұрын өтеу есебінен 1 711 768 мың теңгеге ұлғайды.

Өтімділік

Келесі кестеде KEGOC таза қарызының есебі берілген:

мың теңгемен	Валюта	жай-күй бойынша	
		2022 жылғы 31 желтоқсандағы	2021 жылғы 31 желтоқсандағы
Алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер [1]	USD/EUR	**(11 367 844)**	(35 639 645)
Алынған қарыздар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер [1]	теңге	**(5 530 813)**	(13 854 307)
Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	теңге	**(133 394 155)**	(117 142 516)
Есептелген купондық сыйақылар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	теңге	**(6 058 889)**	(4 562 983)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	теңге	**27 563 092**	11 933 828
«Самұрық- Қазына» АҚ облигациялары	USD/теңге	**30 072 911**	30 144 252
ҚР Ұлттық банкінің ноталары	теңге	**19 062 907**	13 646481
Банктік депозиттер [2]	теңге	**7 434 744**	26 529 980
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	теңге	**1 968 564**	1 850569
«Самұрық-Қазына» облигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	**254 333**	254 333
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	**18 945**	18 305
«ДСФК» ЖШС облигациялары	теңге	**377 731**	314 418
Таза қарыз		**(69 598 474)**	**(86 507 285)**

[1] Міндеттемелерге компанияның міндеттемелерінің негізгі сомасын көрсететін қаржылық кепілдіктері, кредиттері мен қарыздары кіреді.
[2] Банктік депозиттерге жергілікті банктердегі қысқа мерзімді депозиттер кіреді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары 27 563 092 мың теңгені құрады. Қарыздар бойынша талаптар 156 351 701 мың теңгені құрады және 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14 847 750 мың теңгеге азайды.

Таза борыш 69 598 474 мың теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 908 811 мың теңгеге азайды.

Валюта тұрғысынан алғандағы депозиттердегі ақша қаражаттары:

Депозит валютасы, мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
	шетелдік валютада	теңге	шетелдік валютада	теңге
АҚШ доллары	16 009	7 406 745	60 393	263 39 490
Теңге		3 100		190 490
Барлығы мың теңге		**7 409 845**		26 529 980

Қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелер

Қарыздар

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша өтелмеген қарыздардың қалдығы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (ХҚДБ), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) кредиттерімен ұсынылды. Бұл кредиттер «Ұлттық электр торабын жаңғырту II кезең», «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобаларын іске асыру үшін кредиттік желілер шеңберінде берілді.

Кредиттердің әрқайсысы бойынша өтеу мерзімі, қамтамасыз ету және сомасы төмендегі кестеде берілген:

		31.12.2022 ж. қарыз бойынша берешектің сомасы				
Қарыз шарты	Банк	мың теңге	мың АҚШ доллары	мың евро	Кредитті өтеу күні	Қарыздар бойынша қамтамасыз ету
2008 жылғы 5 маусым КС 38647	ЕҚДБ	**4.322.713**	-	8 626	Мыналарға дейін жылына 2 рет A және B желісі (a) 12.02.2023, B желісі (b) 12.02.2020, B желісі (c) 12.02.2017	Қамтамасыз етусіз
2009 ж. 12 қарашадағы КС 7738-KZ	ХҚДБ	12 575 460	26 836	-	15.09.2034 дейін жылына 2 рет	12.11.09 ж. № 11СГГ004
Барлығы		**16.898.657**	**26 836**	**8 626**		

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай кредиттік көздерден қалыптастырылады:

	Жай-күй бойынша	
мың теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсандағы	2021 жылғы 31 желтоқсандағы
Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚДБ»)	12 575 944	36 708 534
Европа қайта құру және даму банкі («ЕҚБД»)	4 322 713	12 785 418
Барлығы	**16 898 657**	**49 493 952**
ХҚДБ және ЕҚБД-дан қарыздары бойынша берешектердің ағымдағы бөлігін алып тастағанда, 12 ай ішінде төленуі тиіс	(5 530 813)	(13 854 307)
	11 367 844	**35 639 645**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша компанияның қарыздары бойынша есептелген, төленбеген сыйақы тиісінше 252 227 мың теңгені және 196 888 мың теңгені құрады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды ұйымдастыру жөніндегі комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 20 450 мың теңгені 244 426 мың теңгені құрады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды өтеу мерзімдері бойынша ақпарат мынадай болды:

мың теңгемен	ХҚДБ	ЕҚДБ	Барлығы
Қарыздың қысқа мерзімді бөлігі	1 208 100	4 322 713	5 530 813
1 -ден 2 жылға дейін	1 034 627		1 034 627
2 -ден 3 жылға дейін	1 034 627		1 034 627
3 -тен 4 жылға дейін	1 034 627	-	1 034 627
4 жылдан аса	8 263 963	-	8 263 963
Қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі	**11 367 844**	**0**	**11 367 844**
Барлығы	**12 575 944**	**4 322 713**	**16 898 657**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай валюталарда көрсетілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша		2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша	
мыңдықпен	теңге	шетелдік валютада	теңге	шетелдік валютада
АҚШ долларларындағы қарыздар	12 575 944	26 836	36 708 534	85 431
Евродағы қарыздар	4 322 713	8 626	12 785 418	25 878
Барлығы мың теңгемен	**16 898 657**		**49 493 952**	

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша компанияда негізгі қарыз бен пайыздар бойынша кешіктірілген төлемдер жоқ.

мың теңгемен			Жай-күй бойынша	
Қарыз шарты	Банк	Жоба	2022 жылғы 31 желтоқсандағы	2021 жылғы 31 желтоқсандағы
2005 жылғы 22 қарашадағы КС 4805 KZ	ХҚДБ	Солтүстік-Оңтүстік Транзиті	0	3 540 759
2008 жылғы 5 маусымдағы КС 38647	ЕҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту 2-кезең	4 322 713	12 785 418
2009 жылғы 12 қарашадағы КС 7738-KZ 2010 жылғы 25 желтоқсандағы	ХҚДБ	Мойнақ	12 575 944	12 575 460
2005 жылғы 22 қарашадағы КС 4805 KZ	ХҚДБ	Алма	0	20 592 315
Барлығы			**16 898 657**	**49 493 952**

Облигациялар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шығарылған облигациялар бойынша берешек мыналардан тұрады:

мың теңгемен	Жай-күй бойынша	
	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	134 941 100	118.800.000
Есептелген купондық сыйақы	6 058 889	4.562.983
Минусы: шығарылған облигациялар бойынша дисконт	(1 457 789)	(1.577.690)
Минусы: мәміле бойынша шығындар	(89 156)	(79.794)
Барлығы	**139 453 044**	121.705.499
12 ай ішінде өтелуі тиіс облигациялардың ағымды бөлігін шығарып тастағанда	(6 058 889)	(4.562.983)
Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді облигациялардың барлығы	**133 394 155**	117.142.516

«500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» желісін салу» жобасын іске асыруға қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында Қоғам Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 4 мамырдағы шешіміне сәйкес 83,8 млрд. теңге сомасындағы «KEGOC» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасы тіркелді. Аталған облигациялық бағдарлама шеңберінде Қоғам шығарылым проспектері белгілейтін шығарылымның әртүрлі шарттарымен облигациялардың екі шығарылымын жүзеге асырды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP01Y15F281
ISIN:	KZ2C00003572
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	47 500,00
Өтініш беру басталған күн:	26.05.16 ж.
Өтініш берудің соңғы күні:	25.05.31 ж.
Өтеу басталған күні:	26.05.31 ж.
Өтініш беру мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	Қазақстандағы инфляция деңгейіне тәуелді, еркін, кредиттік тәуекел 290 б.п. қосылады. Бұл ретте инфляция дәлізі 5-16 пайыз.
Купондарды төлеудің мерзімділігі:	Жылына 1 рет
Купондарды төлеу күні:	Жыл сайын 26 мамырда

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 36,3 млрд. теңге көлеміндегі облигациялардың екінші шығарылымын жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2017 жылғы 3 шілдедегі тіркеуі).

Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 24,8% – ын ЕДБ, 63,8%-ын басқа институционалдық инвесторлар, 2,7%-ын брокерлік – дилерлік компаниялар, 8,7%-ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP02Y15F289
ISIN:	KZ2C00003978
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	36 300,00
Өтініш беру басталған күн:	29.08.17 ж.
Өтініш берудің соңғы күні:	28.08.32 ж.
Өтеу басталған күні:	29.08.32 ж.
Өтініш беру мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	11,5% жылдық (тіркелген)
Купондарды төлеудің мерзімділігі:	Жылына 1 рет
Купондарды төлеу күні:	Жыл сайын 29 тамызда

«KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 28 мамырда жалпы көлемі 9,7 млрд.теңге болатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында «KEGOC» АҚ облигацияларын сәтті орналастыру өтті.

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 2021 жылғы қаңтарда көлемі 8,9 млрд теңге және 2021 жылғы қазанда көлемі 16,6 млрд теңге облигациялар шығаруды жүзеге асырды.

Бағалы қағаздар жалпы көлемі 80 млрд теңге болатын Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының облигацияларының бірінші шығарылымы аясында орналастырылды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00006658
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	35 000,00
Айналыстағы облигациялар саны	18 569 672 дана
Өтініштің басталу күні:	28.05.20ж.
Жүгінудің соңғы күні:	28.05.35ж.
Өтеудің басталу күні:	28.05.35ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	тіркелген

2022 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ-ның жалпы көлемі 16,1 млрд теңге «жасыл» облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастырылды.

Бағалы қағаздар Эмитенттің 35 млрд теңге көлеміндегі екінші облигациялық бағдарламасы облигацияларының екінші шығарылымы шеңберінде, өтеу мерзімі 2037 жылға дейін орналастырылды.

Тартылған қаражат «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау», «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» инвестициялық жобаларын қаржыландыруға арналған.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00007797
Атаулы құны, теңгемен:	1 000,00
Шығаралым көлемі, млн теңгемен:	35 000,00
Айналыстағы облигациялар саны	16 141 100 дана
Өтініштің басталу күні:	21.12.22 ж.
Жүгінудің соңғы күні:	21.12.37 ж.
Өтеудің басталу күні:	21.12.37 ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	тіркелген

Қаржылық ҚНК

Компания басшылығы және Директорлар кеңесі тұрақты негізде қызметтің мына негізгі көрсеткіштерін (ҚНК), оларды Компанияның қызметін бағалау құралы ретінде қабылдай отырып, мониторингілеуді жүзеге асырады.

Стратегиялық	а. Анықтама/Есеп
ROACE	Таза кіріс+ сыйақы түріндегі шығыстар (1-Т)) /ACE*100%, бұл жерде Т= КПН мөлшерлемесі, ACE = Компанияның есептік кезеңдегі тартылған капиталының орташа шамасын көрсететін кезеңнің басталуы мен аяқталуына тартылған капиталдың орташа мәні.
Маржа EBITDA	EBITDA/негізгі қызметтен кіріс 100%, бұл жерде EBITDA = негізгі қызметтен кіріс – өтемпұлды есепке алмағандағы қызметтердің өзіндік құны – өтемпұлды есепке алмағандағы жалпы және әкімшілік шығыстар – өтемпұлды есепке алмағандағы сату шығыстары
Рентабельность деятельности	A/B, мұндағы A =Таза кіріс; B = Корпоративтік табыс салығын есепке алмағандағы жалпы шығыстар
ROIC	A/B*100, мұндағы A = NOPLAT – (түсім – өзіндік құн – жалпы және әкімшілік шығыстар – сату бойынша шығыстар) * (1- корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі) B = IC инвестицияланған капиталдың орташа мәні (кезең ішіндегі)

Қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштері

Компания басшылығы және Директорлар кеңесі Компанияның операциялық қызметінің нәтижелерін қызметтің мына негізгі көрсеткіштерінің бірқатарының негізінде мониторингілеуді жүзеге асырады:

Көрсеткіш	Анықтама/Есеп
Таза қарыз/EBITDA	A/B, бұл жерде A = Компанияның қолма қол ақша қаражатын және олардың баламаларын алып тастағанда қарыз алуы нәтижесінде тартылған ақша қаражатының сомасы; B = қаржыландыру пайыздарының және статьяларының, құнысздану және есептен шығарудан ақшалай емес шығыстары, кіріс салығы, сонымен қатар негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтемпұлына төлемдерді шығарып тастағанға дейінгі кірістер.
Борыш/EBITDA	A/B, бұл жерде A = Компанияның қарыз алу нәтижесінде тартылған ақша қаражатының сомасы, B = негізгі қызметтен түсетін кіріс – өтемпұлды есепке алмағандағы қызметтердің өзіндік құны – өтемпұлды есепке алмағандағы жалпы және әкімшілік шығыстар – өткен 12 ай үшін өтемпұлды есепке алмағандағы сату шығыстары
Борыш /Капитал	A/B, бұл жерде A = қарыздық капитал, B= жеке капитал
EBITDA/пайыздық сыйлықақы бойынша шығыстар	A/B, бұл жерде A = негізгі қызметтен түсетін кіріс - өтемпұлды есепке алмағандағы қызметтердің өзіндік құны - өтемпұлды есепке алмағандағы жалпы және әкімшілік шығыстар - өткен 12 ай үшін өтемпұлды есепке алмағандағы сату шығыстары, B = өткен 12 ай үшін капиталдандырылған сыйақыны есепке алғандағы сыйақы шығыстары

Компанияда ҚНК деректерінің мониторингі қаржылық тұрақтылық және өтімділікті талдау мақсатымен жүзеге асырылады. «Самұрық-Қазына» АҚ борышты жөнге қаржылық тұрақтылықты және қарыздық келісімдерді басқару саясатына сәйкес бұзылуы қаржылық тәуекелдерді және салдар ретінде олар жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді туындататын шектік мәндер айқындалған.

ҚНК	Аяқталған жыл бойынша 31 желтоқсанда 2022 ж.	 31 желтоқсанда 2021 ж.
ROACE, %	4,16	5,98
ROIC, %	4,26	6,67
Таза борыш/EBITDA (4-тен артық емес)	0,67	1,51
Маржа EBITDA, % («ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС есепке алмағанда)	46,97	50,20
Қызметтің табыстылығы, % «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС есепке алмағанда)	12,30	24,86

	31.12.22 ж.	31.12.21 ж.
Ағымдағы өтімділіктің коэффициенті	1,89	1,61

«Самұрық-Қазына» АҚ белгілеген қаржылық тұрақтылықтың коэффициенттері		
Борыш /EBITDA, 3,50 артық емес	1,53	1,82
Борыш /Капитал, 1,00 артық емес	0,24	0,23
EBITDA/Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар, 3,00 кем емес	9,13	9,56

Мәселен, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айдағы ROACE және ROIC көрсеткіштері 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айдың қорытындылары бойынша көрсеткіштермен салыстырғанда 2021 жылы жүргізілген қайта бағалау салдарынан іске асырудың өзіндік құнының ұлғаюы және тартылған капитал мөлшерінің ұлғаюы салдарынан таза пайданың азаюы нәтижесінде төмендеді.

Қызметтің табыстылығы көрсеткіштерінің төмендеуі сату құны мен бағамдық айырмашылық бойынша шығындардың өсуіне байланысты.

2022 жылғы 12 ай ішінде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен ковенанттар бойынша нормативтер бұзылған жоқ.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КРЕДИТТІК КЕЛІСІМДЕР

«Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі транзитінің 500кВ екінші электр жеткізу желісін салу»

2005 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі транзитінің 500кВ екінші электр жеткізу желісін салу» II кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚДБ 17 (он жеті) жылға берген, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 100 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашылды. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР банкаралық алты айлық мөлшерлемеге жалпы спрэдті қоса есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2011 жылы ХҚДБ-дан кредиттік желінің 1 918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында жүктелген нақты шығындар сомасы күтілгеннен азырақ соманы құрағандығымен байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 8 195 мың АҚШ доллары (теңгедегі баламасы 3 538 547 мың)).

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

ХҚДБ 15 (он бес) жылға берген, олардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 127 500 мың еуро және 75 000 мың еуро сомаларына екі кредиттік желі. Қарыз бойынша пайыздар ЕВРОБОР банкаралық алты айлық мөлшерлемеге 3,85% маржаны қоса есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешектің қалдығы тиісінше 8 626 мың еуроны (теңгедегі баламасы 4 251 360 мың) және 25 878 мың еуроны (теңгедегі баламасы 12 656 781 мың) құрайды.

«Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚДБ 25 (жиырма бес) жылға берген, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 48 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашты. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР банкаралық алты айлық мөлшерлеме плюс 0,85% тіркелген спрэд бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХҚДБ-дан алынған кредиттік желінің 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында жүктелген нақты шығындар сомасы күтілгеннен азырақ соманы құрағандығымен байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешектің қалдығы тиісінше 26 836 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 12 415 520 мың) және 29 072 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 12 553 276 мың) құрайды.

«Қазақстан ҰЭТ-қа кернеуі 500, 220 кВ желілермен қоса отырып, 500 кВ Алма ҚС салу»

2010 жылы «Қазақстан ҰЭТ-қа 500, 220 кВ кернеулі желімен қосылған 500 кВ Алма ҚС салу» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ 25 (жиырма бес) жылға берген, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 78 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашты. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР банкаралық алты айлық мөлшерлеме плюс 1,15% тіркелген спрэд бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2014 жылғы шілдеде ХҚДБ-дан алынған кредиттік желінің 6.644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында жүктелген нақты шығындар сомасы күтілгеннен азырақ соманы құрағандығымен байланысты жойылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша негізгі қарыз мерзімінен бұрын толық өтелді (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 48 165 мың АҚШ доллары (теңгедегі баламасы 20 792 886 мың)).

КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ШЫҒЫСТАРЫ

Экономикалық қызмет капиталды қажет етеді. Ол қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға және оны дамытуға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Капиталға деген қажеттілік мыналардан тұрады:

- Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімін ұлғайтатын біздің активтеріміздің және соған байланысты ақша ағындарының қолданыстағы тұтастығы мен өндірістік қуатын қолдауға және жаңғыртуға бағытталған күрделі қаржы шығындары;
- қолданыстағы активтердің өндірістік қуатын немесе кірістілігін арттыруға, сондай-ақ құрылыс арқылы жаңа активтерді дамытуға бағытталған өндірісті кеңейтуге арналған күрделі шығындар.

Компания «ЖЭТ филиалдарында 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялау» (11 104,340 млн. теңге және 14 066,862 млн. теңге) ірі ауқымды инвестициялық жобаға инвестицияларды қоса алғанда, тиісінше 2022 және 2021 жылдары 25 339,975 млн. теңге және 33 609,090млн. теңге сомасына өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға күрделі қаржы шығындарына ұшырады.

2022 жылы Компанияның өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары 2021 жылғы 10 634,633 млн теңгемен салыстырғанда 22 148,234 млн теңгені құрады және негізінен Компанияның негізгі операциялық активтеріне, оның ішінде «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» (19 210,655 млн теңге) және «Түркістан қ. сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» (2 045 555 млн теңге) ірі инвестициялық жобалары бойынша қаржы салымдары болып табылады.

«Түркістан қ. сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» жобасы сәтті аяқталды. Түркістан қаласының аумағында 220 кВ «Орталық» жаңа қосалқы станциясы салынды. Объект пайдалануға енгізілді. Пайдалануға беруді қабылдау актісі Басқарма төрағасының 2022 жылғы 28 қазандағы №227 бұйрығымен бекітілген.

«KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТКЕН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында белгісіздікпен байланысты тәуекелдермен, бірақ онымен шектелмей, пайыздық мөлшерлемені өзгерту, кредиттік тәуекелмен, өтімділікті жоғалту тәуекелімен және валюталық тәуекелмен беттеседі. Компания ұшырауы мүмкін тәуекелдердің толығырақ тізбесі Қазақстандық қор биржасының сайтында орналастырылған Компанияның Инвестициялық меморандумында жазылған (www.kase.kz).

Бекітілген тарифтердің шекті деңгейлерін төмендету, соның ішінде өтемдік тарифті енгізу

Тәуекелді реттеу мақсатында Компания келесі іс-шараларды жүргізеді:

- Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуші заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;
- Тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламаның (жобалардың) орындалуына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға (тарифтердің шекті деңгейлерін өзгертпей) тарифтік сметаларды түзету бойынша ұсыныстарды әзірлеу және ТМРК-ге енгізу;
- ТМРК-ге реттелетін қызметтер мен инвестициялық бағдарламаларға тарифтік сметаларды түзету бойынша ұсыныстарды дайындау және енгізу.

Қазақстан Республикасында тариф белгілеу саясатын өзгерту, тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаларды орындамау компанияның бизнесіне оның қаржылық нәтижелері мен жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларының және басқа валюталардың теңгеге қатысты айырбас бағамының ауытқуы Комананияның бизнесіне, қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Компанияның қарыздық капиталының және сыйақылар бойынша шығыстарының көбірек бөлігі АҚШ доллары мен еуромен көрсетілген жағдайда, Компанияның кірістері теңгемен көрсетіледі. Сондықтан АҚШ доллары және (немесе) еуроның теңгеге қатысты нарықтық айырбас бағамының артуы Компанияның шығысына қатысты түсімінің азаюына әкелуі және оның жұмысының қорытындыларында көрінуі мүмкін.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешек мөлшері 16 898 657 мың теңгені құрайды.

Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша депозиттік шоттарда 16,01 млн АҚШ доллары (7 406 745 мың теңге) мөлшерінде АҚШ долларымен сома орналастырылды. Бұл шамамен 2 жыл бойы борышқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырауы ең алдымен компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемелері бар ұзақ мерзімді қарыздарымен байланысты. Компания ықтимал тәуекелдерді азайту үшін хеджирлеу құралдарын пайдаланбайды, өйткені басшылық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді қайта қарауға байланысты маңызды емес деп санайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен (156 351 701 мың теңге) тартылған қарыздары мен шығарылған облигацияларында өзгермелі пайыздық мөлшерлеме және облигациялардың екінші шығарылымы бойынша тіркелген мөлшерлемесі болады. Компания пайыздық мөлшерлеменің ауытқуы нәтижесінде туындаған әділ құн өзгерістеріне ұшырайды.

Компанияның пайыздық кіріс әкелетін активтері теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген қысқа мерзімді депозиттерден тұрады. Олардың жалпы сомасы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тіркелген пайыздық мөлшерлеме бойынша орналастырылған 7 409 845 мың теңгені құрайды.

2022 жылдан бастап LIBOR мөлшерлемелерін есептеудің тоқтатылуына байланысты ХҚДБ SOFR-ді АҚШ долларындағы кредиттер бойынша жаңа базалық мөлшерлемемен (АҚШ Қазынашылығының бағалы қағаздарын кепілге қоя отырып, овернайт ақша қаражатын қарызға алудың РЕПО-құнының бақыланатын мөлшерлемелеріне негізделген АҚШ долларындағы ақша нарығындағы «эталондық» пайыздық мөлшерлеме) айқындады.

Маусымдылық

Көрсетілетін жүйелі қызметтердің көлемі айқын маусымдық сипатқа ие. Күзгі-қысқы кезеңдерде көрсетілетін қызметтер көлемі электр энергиясын тұтынудың өсуі салдарынан ұлғаяды. Жазғы және көктемгі кезеңдерде тұтынудың төмендеуі және тиісінше көрсетілетін жүйелік қызметтер көлемінің төмендеуі байқалады.

Энергия жүйесіндегі тапшылық

Қазіргі уақытта Қазақстан БЭЖ-інде тұтынудың өсуімен және Қазақстан БЭЖ-інің қажеттілігін жабу үшін өндіруші қуаттардың жетіспеушілігінен, оның ішінде олардың авариялық істен шығуы себебінен туындаған электр энергиясы мен қуаттың тапшылығы бар, бұл өз кезегінде компанияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін.

«Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына сәйкес, «KEGOC» АҚ ҚР БЭЖ Жүйелік операторының қатар жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау функциясын орындайды.

20.11.2009 жылғы ҚР мен РФ Үкіметтері арасындағы тараптардың энергия жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімге (бұдан әрі – үкіметаралық келісім) сәйкес «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ЖАҚ арасында жыл сайынғы негізде РФ БЭЖ-імен шекарадағы ҚР БЭЖ ағымының нақты мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында РФ-тан электр энергиясын сатып алуға шарт (бұдан әрі – ауытқуларды өтеу шарты) жасалады.

Қазақстан БЭЖ-індегі тапшылық жағдайында ҚР БЭЖ-індегі теңгерімсіздікті жабу және жиілікті қолдау, оның ішінде жасалған ауытқуларды өтеу шартына сәйкес РФ БЭЖ-імен қатарлас жұмыс шеңберіндегі өзара іс-қимыл есебінен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты, ҚР БЭЖ Жүйелік операторының функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан БЭЖ ауытқуларын өтеуге арналған «KEGOC» АҚ шығыстарының өсу тәуекелі бар.

Акционерлерге дивидендтер

2022 жылы шамамен 30,2 млрд теңге дивиденд төленді:

(2021 жылдың 2 жартыжылдығында – 13,2 млрд теңге, 2022 жылдың 1 жартыжылдығында – 17 млрд теңге), бұл бір жай акцияға есептегенде 116,29 теңгені құрайды.

Дивидендтер төлеу «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 4-тармағына сәйкес жүргізілді.

Қор биржасында бірінші орналастырылғаннан бастап акционерлерге төленген дивидендтердің жалпы сомасы шамамен 205 млрд теңгені құрады, соның ішінде «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ ірі акционеріне – 184,5 млрд теңге, миноритарлық акционерлерге – 20,5 млрд теңге төленді.

6-ҚОСЫМША. «KEGOC» АҚ КҮНТІЗБЕЛІК 2022 ЖЫЛҒА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН ТҮГЕНДЕУ БОЙЫНША ЕСЕПТІ ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КУӘЛАНДЫРУЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ

«SSDC» ЖШС	KZ.V.01.1992 Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі орган Аккредиттеу аттестаты № KZ.V.01.E1491, 2027ж. «30» желтоқсанға дейін Заңды мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Димұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 6-03-кеңсе
Валидациялау және/немесе верификациялау бойынша куәландыру туралы қорытынды	SSDC - F - 08 (SSDC-MAN-01, SSDC-PR-07, SSDC-PR-08, SSDC-PR-12, SSDC-WI-01) — 4 беттің 1

«KEGOC» АҚ
Компания атауы

2022 күнтізбелік жылғы парниктік газдардың шығарындыларын түгендеу жөніндегі есепті верификациялау бойынша куәландыру туралы қорытынды

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59
Компания мекенжайы

«SSDC» ЖШС валидациялау және верификациялау жөніндегі органы
ҚР СТ ISO 14064-3-2019
стандартының талаптарына сай

Парниктік газдар жөніндегі хаттамаға (GHG Protocol)- WRI/WBCSD
GRI 305 Emissions 2016 CDP Climate Change 2021 Reporting Guidance
сәйкестігіне

Парниктік газдардың шығарындыларын реттеу бөлігінде ҚР заңнамалық талаптарына сәйкестігіне верификацияланады

Куәландыру куәландырудың **жүйелі** деңгейі негізінде жасалды және маңыздылық деңгейі 2%

ПГ шығарындыларының түрлері	Тонна CO_2e
Тікелей шығарындылар (1-санат)	
Парниктік газдардың шығарындылары	**8 887**
Жанама шығарындылар (2-санат)	
Парниктік газдардың шығарындылары	**2 632 728**
Жалпы шығарындылар	
Парниктік газдардың шығарындылары	**2 641 615**

Қолы:
Мақсұт А.
Күні: 14.04.2023ж.

«SSDC» ЖШС атынан
Жетекші валидатор және/немесе верификатор

Қолы:
Мақсұт А.
«SSDC» ЖШС директоры
Күні: 14.04.2023ж.

Тіркеу нөмірі: SSDC-0127-ЗВ
Қорытынды нөмірі

Бұл қорытынды қосымша болып табылатын 2-3-беттердегі Куәландыру туралы мәлімдеменің толық сипаттамасынсыз жарамсыз болып табылады.

«SSDC» ЖШС	KZ.V.01.1992 Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі орган Аккредиттеу аттестаты № KZ.V.01.E1491, 2027ж. «30» желтоқсанға дейін Заңды мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Димұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 6-03-кеңсе	
Верификациялау және/немесе валидациялау бойынша қуәландыру туралы қорытынды	SSDC - F - 08 (SSDC-MAN-01, SSDC-PR-07, SSDC-PR-08, SSDC-PR-12, SSDC-WI-01)	4 беттің 2

2022 жылғы парниктік газдардың шығарындыларын түгендеу жөніндегі есепке қатысты верификациялау жөніндегі қорытынды

«KEGOC» АҚ үшін

Шартты талаптар:
Бұл Қуәландыру туралы қорытынды **«KEGOC» АҚ** компаниясы үшін дайындалды.

«SSDC» ЖШС 2022 жылғы парниктік газдардың шығарындыларын түгендеу жөніндегі есепті верификациялауды жүргізуге уәкілетті. ПГ жөніндегі есеп ҚР заңнамалық талаптарына және қолданыстағы халықаралық тәжірибеге, атап айтқанда төмендегі құжаттарға сәйкес **«KEGOC» АҚ** парниктік газдарының сандық анықтамасынан тұрады:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, парниктік газдардың шығарындыларын реттеу бөлігінде;
- «Валидация және верификация жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығы
- Парниктік газдар жөніндегі хаттама (GHG Protocol)
- ҚР СТ ISO 14064-1-2019 Парниктік газдар. 1-бөлім. Ұйым деңгейінде парниктік газдарды сандық бағалау және олардың шығарындылары мен сіңірулері, жою туралы есептілік бойынша талаптар мен басшылық;
- GRI 305 Emissions 2016;
- CDP Climate Change 2021 Reporting Guidance
- Басқа да нормативтік актілер, қағидалар

ПГ жөніндегі есеп (1-санат) ПГ тікелей шығарындыларынан (отынды стационарлық және мобильді отыннан), шаруашылық қажеттіліктері мен желі мысыраптарын өтеуге сатып алынған электр энергиясынан, шаруашылық қажеттілікке арналған жылу энергиясынан болатын жанама шығарындылардан (2-санат) тұрады.

Басшылықтың жауапкершілігі

«KEGOC» АҚ басшылығы ПГ жөніндегі есепті дайындауға, деректер мен ақпаратты жинауды тиісінше бақылауға жауапты. «SSDC» ЖШС жауапкершілігі **«KEGOC» АҚ** компаниясымен жасалған келісімшарттық талаптарға сәйкес ПГ шығарындыларын түгендеу туралы есепті куәландыруды қамтамасыз ету болып табылады. ПГ түгендеу жөніндегі есепті **«KEGOC» АҚ** басшылығы бекітті және оның меншігі болып қалады.

«SSDC» ЖШС верификациялау/валидациялау тәсілі

«SSDC» ЖШС верификацияны ҚР СТ ISO14064–32019 «Парниктік газдармен байланысты бекітулерді верификациялау және валидациялау жөніндегі талаптар мен нұсқаулықтар» қағидалары мен талаптарына сай ҚР парниктік газдар шығарындыларын реттеу саласындағы заңнамасы талаптарына, сонымен қатар қолданыстағы халықаралық тәжірибеге сәйкес дайындалған ПГ жөніндегі есепте берілген ақпарат пен ұсынылған деректерді «куәландырудың жүйелік деңгейімен» жүргізді.
2022 жылғы ПГ шығарындылары жөніндегі есепті верификациялау бойынша қорытындыны қалыптастыру мақсатында таңдамалы түрде келесі жұмыс түрлері жүргізілді:

- Есептілік құжаттамасына сәйкестік аудитін жүргізу және шығарындылар туралы деректер мен ақпараттың ПГ басқаруға жауапты негізгі қызметкерлердің сұхбаты;
- Шығарындылар туралы деректер мен ақпараттың ПГ басқаруға жауапты негізгі қызметкерлердің сұхбаты
- 2022 құнтізбелік жылғы парниктік газдардың тікелей шығарындыларымен байланысты тарихи деректер мен ақпаратты тексеру

«SSDC» ЖШС	KZ.V.01.1992 Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі орган Аккредиттеу аттестаты № KZ.V.01.E1491, 2027ж. «30» желтоқсанға дейін Заңды мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Димұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 6-03-кеңсе	
Верификациялау және/немесе валидациялау бойынша қуәландыру туралы қорытынды	SSDC - F - 08 (SSDC-MAN-01, SSDC-PR-07, SSDC-PR-08, SSDC-PR-12, SSDC-WI-01)	4 беттің 3

Бұл верификация ҚР СТ ISO14064–3-2019 **«KEGOC» АҚ** талаптарына сәйкес дайындалған ПГ жөніндегі есепте ұсынылған ПГ жөніндегі деректерді куәландырудың жүйелі деңгейін қамтамасыз ету үшін *Парниктік газдармен байланысты бекітулерді верификациялау және валидациялау жөніндегі талаптар мен басшылық* талаптарына сай жүргізілді.

Куәландыру деңгейі
Куәландыру туралы бұл мәлімдемеде берілген қорытынды «куәландырудың жүйелі деңгейі» негізінде құрылды.

«SSDC» ЖШС қорытындысы:
«SSDC» ЖШС тәсілдері негізінде **2022** құнтізбелік жылғы **парниктік газдардың тікелей (1-санат) және жанама (2-санат) шығарындыларының жалпы саны** ПГ жөніндегі есепте **дұрыс** көрсетілген және Парниктік газдар жөніндегі хаттаманың, ҚР СТ ISO 14064-1-2019, GRI 305 Emissions 2016; CDP Climate Change 2021 Reporting Guidance стандарттының талаптарына және ПГ шығарындыларын реттеу бөлігіндегі экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес дайындалды (төмендегі 1-кестеге қараңыз). ПГ шығарындыларын есептеген кезде ұйым коэффициенттерді әдепкі калпы бойынша қолданды.

Ұсынымдар
«KEGOC» АҚ ұсынылады:

- ПГ шығарындыларының пайдаланылатын коэффициенттері дәлдігінің деңгейін жақсарту

Қолы **Күні 14.04.2023ж.**

Мақсұт А
«SSDC» ЖШС атынан
Жетекші верификатор/валидатор

Қолы **Күні 14.04.2023ж.**

Кунсико В.И.
«SSDC» ЖШС атынан
Тәуелсіз рецензент

Тіркеу нөмірі: SSDC-0127-3B

1-кесте. **«KEGOC» АҚ** компаниясының **2022** жылғы парниктік газдарды түгендеу жөніндегі есебінде көрсетілген шығарындылардың жалпы саны

Шығарындылар көздері/отын түрлері	2022 құнтізбелік жыл, tCO2e			
	CO2	CH4	N2O	SF6
ПГ шығарындыларының жалпы саны (тонна CO2e)	**2 641 449**	**40**	**126**	**0**
Тікелей шығарындылар (1-санат)	**8 721**	**40,405**	**125,827**	**0**
Стационарлы жағу (табиғи газ)	170,913	0,08	0,090	
Стационарлы жағу (СНГ)	14,484	0,01	0,007	
Стационарлы жағу (дизель)	52,904	0,05	0,128	
Стационарлы жағу (бензин)	148,083	0,16	0,382	

Өзіндік мобильді көздер (Дизель)	5 606,050	7,38	87,926	
Өзіндік мобильді көздер (бензин)	2 708,845	32,25	37,275	
Өзіндік мобильді көздер (СНГ)	19,738	0,48	0,019	
Сыртқа кетуден болған тікелей шығарындылар				0
Жанама шығарындылар (2-санат)	**2 632 728**			
Шаруашылық қажеттілікке электр энергиясын сатып алу	26 954,089			
Желі мысырабын өтеуге электр энергиясын сатып алу	2 595 965,432			
Шаруашылық қажеттіліктеріне жылу энергиясын сатып алу	9 807,956			

«SSDC» ЖШС	KZ.V.01.1992 Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі орган Аккредиттеу аттестаты № KZ.V.01.E1491, 2027ж. «30» желтоқсанға дейін Заңды мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Димұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 6-03-кеңсе	
Верификациялау және/немесе валидациялау бойынша қуәландыру туралы қорытынды	SSDC - F - 08 (SSDC-MAN-01, SSDC-PR-07, SSDC-PR-08, SSDC-PR-12, SSDC-WI-01)	4 беттің 4

ГЛОССАРИЙ

ААОЖ	авариядан қорғау автоматикасының орталықтандырылған жүйесі
АД	«KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы
АДО	аумақтық диспетчерлік орталық
АЖЖ	авариялық жою жоспары
АК	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті
АҚ	акционерлік қоғам
АҚ	ақпараттық қауіпсіздік
АҚБЖ	ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
АҚІ	автоматты қайта іске қосу
ӘБП	әкімшілік-басқарушы персонал
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БГҚ	биогаз қондырғылары
БМЖ	біріктірілген менеджмент жүйесі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БЭЖ	Біртұтас электр энергетикалық жүйе
БЖ	бағдарламалық жасақтама
ГТЭС	газ турбиналық электр станциясы
ГЭС	гидроэлектр станциясы
ҒЗТКЖ	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
ЕҰ	еншілес ұйымдар
ЖЖ	жоғары вольтты желілер
ЖелЭС	жел электр станциясы
ЖҚАР	жиілікті және қуатты автоматты реттеу
ЖО ҰДО	Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы
ЖСҚ	жобалау-сметалық құжаттама
ЖЭК	жаңартылатын энергия көздері
ЖЭТ	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдары
ЖЭК	жөніндегі ҚЕО жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы
ЖЭС	жылу электр станциясы
ЖЭО	жылу электр орталығы
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЗТБ	заңды тұлғалар бірлестігі
«KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
КЭС	күн электр станциясы
ҚЕҚОҚК	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті
Компания	«KEGOC» АҚ
кВт·сағ	киловатт·сағат
кВ	киловольт
ҚАР	қозуды автоматты реттеу
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚҚС	қосымша құн салығы
ҚМЖ	құрылыс-монтаждау жұмыстары
ҚОӘБ	қоршаған ортаға әсерді бағалау
Қор	«Самұрық-Қазына» АҚ
ҚС	қосалқы станция
ҚҰҚ	қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр станциясы
МВА	мегавольт-ампер
МВт	мегаватт
ӨП	өндірістік персонал
ПХД	полихлордефинил
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ТЖ	төтенше жағдай
ТБЖ	тәуекелдерді басқару жүйесі
ТБКЖ	тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
ТОБЖ	талшықты-оптикалық байланыс желісі
ТСК	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыақылар жөніндегі комитеті
ТЭН	техникалық-экономикалық негіздеме
ҰЭТ	Ұлттық электр торабы
Филиалдар	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
ХҚЕС	қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ХҚИ	халықаралық қаржы институттары
ІНҚ	ішкі нормативтік құжаттар
ІАҚ	ішкі аудит қызметі
ІБЖ	ішкі бақылау жүйесі
ЭЖЖ	электр жеткізу желілері
ЭЖҰ	энергиямен жабдықтайтын ұйым
CEO	компанияның жоғары лауазымды тұлғасы
CFO	қаржы директоры
COSO ERM	ұйымның тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері
EBITDA	пайыздарды, салықтар мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайда
GRI	Есептілік бойынша жаһандық бастама
IPO	акцияларды бастапқы жария орналастыру
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым
KASE	Қазақстан қор биржасы
LTIFR	еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтумен байланысты жарақаттардың жиілік коэффициенті
NAV	активтердің таза құн
ROACE	капиталдың тиімділік көрсеткіші
SAP	деректерді өңдеудегі жүйелік қосымшалар мен өнімдер
SCADA	диспетчерлік басқару және деректерді жинау
WAMS/WACS	синхрофазорлық технологиялар негізіндегі мониторинг және басқару жүйелері

2022

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ

Қазақстан Республикасы,
Z00T2D0, Астана қ.,
Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат
Тел. +7 (7172) 69-38-24, 69-02-43
Факс +7 (7172) 21-11-08
E-mail kegoc@kegoc.kz
www.kegoc.kz 2-1

ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ

Әбдиев Руслан Қалиұлы
Тел. +7 (7172) 69-02-93
E-mail Abdiyev@kegoc.kz

Имятов Олжас Жанатұлы
Тел. +7 (7172) 69-02-98
E-mail Imyatov@kegoc.kz

КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕР

Амиров Асқар Нұрланұлы
Тел. +7 (7172) 69-08-93
E-mail Amirov.a@kegoc.kz

«KEGOC» АҚ Жылдық есебі бойынша сұрақтар үшін 2-3

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Арпабекова Жанар Бақытбекқызы
Тел. +7 (7172) 69-04-34
E-mail Arpabekova@kegoc.kz

АУДИТОР

«RSM Qazaqstan» ЖШС,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 43, «D43» бизнес орталығы, 302-кабинет
Тел. +7 (7273) 39-87-78
E-mail contact@rsm.kz

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ,

Бас кеңсе:
050040, Алматы қ., Сәтпаев көш., 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай
Тел. +7 (7272) 62-08-46, 355-47-60

Қосымша кеңселер:
010000, Алматы қ., «Алматы» ауданы, Амангелді Иманов көш., 13 («Нұр-Сәулет 2» БО), 101-кеңсе
Тел. +7 (7172) 47-67-50
E-mail: ccmail@kacd.kz, ofo@kacd.kz